

ЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

Саналы
әке және
күйеу болу



ЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

Саналы
әке және
күйеу болу

Әдістемелік
құрал

ӘОЖ 159.9
КБЖ 88.1
Е 64

Басылымға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
Философия және саясаттану факультетінің
Ғылыми кеңесі ұсынған.

Рецензенттер:

Баймолдина Лаура, PhD, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ, Жалпы және қолданбалы психология
кафедрасының доценті міндетін атқарушы

Айдарбеков Кайрат, психология ғылымының
кандидаты, психолог-кеңесші, коуч

Изакова Айжан, психология ғылымының
докторы, Еуразия гуманитарлық институтының
профессоры

**М. Жасқайрат, М. Қабакова, Ю. Лысенкова, С. Тәңірбергенов, Г. Әбуова,
Е. Исмаилов, Е. Мұстафин, Қ. Мақан.**

Е 64 Ерлерге арналған нұсқаулық. Саналы әке және күйеу болу. / М. Жасқайрат,
М. Қабакова, Ю. Лысенкова, С. Тәңірбергенов, Г. Әбуова, Е. Исмаилов, Е. Мұстафин,
Қ. Мақан — Нұр-Сұлтан, 2020 — 98 б.

ISBN 978-601-08-0229-2


Әдістемелік құралдың мақсаты ер адамдарға әке және күйеу ретіндегі рөлін сезінуге көмектесу. Авторлар әке болу, ата-ана атану тақырыбына қызығатын оқырмандарды, сондай-ақ әлеуметтік қызметкерлерді, педагогтар, психологтар мен заңгерлерді диалогқа шақырады. Әдіснамалық құрал ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жұмыстары жөніндегі Ұлттық комиссия бастамасымен Қазақстандағы БҰҰ-ның Халық қоныстану қорының (ЮНФПА) техникалық көмегімен құрастырылды.

ӘОЖ 159.9
КБЖ 88.1

© М. Жасқайрат, М. Қабакова, Ю. Лысенкова, С. Тәңірбергенов,
Г. Әбуова, Е. Исмаилов, Е. Мұстафин, Қ. Мақан

ISBN 978-601-08-0229-2





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ
ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ
КОМИССИЯ



АВТОРЛАР

Мира Жасқайрат, заң ғылымының кандидаты,
құқық доценті,

Астана халықаралық университетінің
Жоғарғы құқық мектебінің профессоры.

Майра Қабақова, психология ғылымының
кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-
де профессор м.а.

Юлия Лысенкова, қоғамдық денсаулық сақтау
магистрі, дәрігер, Қазақстандағы ЮНПФА-ның
бағдарламалық әріптесі.

Серік Тәңірбергенов, дәрігер, құқық бакалавры,
іскерлік басқару магистрі, Қазақстандағы
ЮНПФА-ның бағдарламалық сарапшысы.

Гауһар Әбуова, медицина ғылымының докторы,
профессор. ЮНПФА-ның Қазақстандағы жоба
координаторы

Ербол Исмаилов, әлеуметтік қарым-қатынас
мәселесі бойынша эксперт, стихиялық-бұқаралық
мінез-құлық саласының психологы.

Ерлан Мұстафин, психология магистрі, тұлға
дамуы және ұйымдастыру саласының expertі.

Қайсар Мақан, сертификатталған бизнес-тренер,
фасилитатор, коуч.

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР

Бексұлтан Тұтқышев, ҚР Президенті жанындағы
Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық
саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның мүшесі,
«Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталық»
АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Бақытбек Смағұл, Парламент Мәжілісі депутаты,
ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері
және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі
Ұлттық комиссияның мүшесі, Ауған соғысы
ардагерлері ұйымдарының «Қазақстан ардагерлері»
қауымдастығы төрағасы, «Әмбебап күрес»
РҚБ Федерациясының президенті, «ҚР әскери-
патриоттық спорт клубтары» федерациясының
төрағасы.

Жарияланым туралы Қазақстандағы БҰҰ-ның Халық қоныстану қорының (ЮНПФА)
мекенжайына (Нұр-Сұлтан қаласы, А.Мәмбетов көшесі, 14) хабарласу немесе
<https://kazakhstan.unfpa.org> сайтындағы форманы толтыру керек.

Мәтіннің үзінділерін коммерциялық емес сипатта пайдаланғанда дереккөзге сілтеме
жасау міндетті.

© Қазақстандағы ЮНПФА

Бұл материалдағы авторлар пікірі Қазақстандағы БҰҰ-ның Халық қоныстану қорының
(ЮНПФА) немесе оған қосылған ұйымдардың көзқарасын білдірмейді.

Пайдаланылған белгілер қандай да бір елдің, аумақтың немесе аймақтың немесе
олардың шекараларының құқықтық мәртебесіне қатысты қандай да бір пікірді білдірмейді.

Әке мен күйеуге арналған «Саналы әке
және күйеу болу» Ерлерге арналған
нұсқаулық Eurasian Center for People
Management қатысуымен құрастырылды.

Редакциялаған, дизайнын жасап, баспаға
әзірлеген:

Text and the City бюросы.

Иллюстрация:
Роман Захаров

МАЗМҰНЫ

- 7** **Алғы сөз**
- 9** **I-бөлім. Әке болудың бұрынғы пайымы**
- 10** **Әке болудың тарихи, дәстүрлі және діни аспектілері**
- 11 Дәстүрлі ер-азаматтық контекстегі әке болу тәлімінің түрлері
- 14 Қазақы бала тәрбиесіндегі әке рөлі
- 18 Исламдағы әке болу түсінігі
- 20 Христиандықтағы әке болу түсінігі
- 22** **Әке болу: психологиялық ерекшеліктер**
- 25 Ата-ана болудың жай-жапсары
- 27 Дәстүрлі отбасында зорлық-зомбылықтан қалай құтылуға болады?
- 28** **II-бөлім. Тиімді әке болу**
- 29 Әке болуға дайындық — отбасы құндылығы
- 32 Әйелі бала көтерген уақытқа дейін әке болу пайымын түсіну
- 32 Жүктілік кезіндегі стереотиптерге қайта мән беру
- 33 Бала өмірге келген соң әке болу сезімін қалыптастыру
- 36 Баланың психикалық дамуындағы әке ықпалы
- 39 Тиімді әке болудың жолы қандай?
- 45** **III-бөлім. Жауапты әке болу — отбасы мәселесінің шешімі**
- 46** **Күйеу және әке: қазіргі заманғы түсінік**
- 46 Ер-азаматтықтың жаңа моделі
- 52 Репродуктивті денсаулықты қорғау мен профилактика
- 58** **Жүктілікке дейінгі, жүктілік кезіндегі және босанғаннан кейінгі кезеңдердегі ер-азаматтың рөлі**
- 71 Бала үйге келген соң. Отбасының жаңа өмірі
- 73 Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы
- 76 Баламен сенімді қарым-қатынас орнату неліктен маңызды?
- 77 Күш қолданбау әдістері арқылы бала құқығын қорғау дағдысын қалай қалыптастырамыз?
- 78 Әлеуметтік («символикалық») әке болу
- 82** **Қосымша. Әкенің құқықтық мәртебесі**

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады».

Абай. Он тоғызыншы Қара сөз.

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл әдістемелік құрал бүгінгі әкеге арналған. Кітапшаны аға буыннан да саналырақ әке болуға ұмтылған ер-азаматтарға арнаймыз. Кітапты құрастыру үшін әке табиғатын, оның тарихи аспектілерін зерттедік, психологиялық астарына назар аудардық, атап айтқанда, ер-азаматтың

әке болуға дайындығына, отбасында әйелімен бірге үйлесімді жағдай орнатуына, сонымен қатар ата-аналық қарым-қатынастарды құқықтық тұрғыдан ретке келтіре алуына үңілдік. Біздің міндетіміз — ер-азаматтардың күйеу және әке ретіндегі рөлі әйелі мен балалары үшін ғана емес, өзі үшін де маңызды екенін түсінуіне көмектесу. Ата-ана атануға деген саналы көзқарас, күйеу және әкенің мойнына жүктелген жауапкершілік оған үлкен ресурс, құрмет сезімі мен сенім сыйлайды.

Бұл нұсқаулық «Саналы ата-ана» тренингіне негіз болды, оның мақсаты ер адамның өзін әке ретінде сезінуіне, тұлғалық жаңа болмысын ашуына, жеке дағдарысты жеңуіне, әйелімен диалог және жылы қарым-қатынас орнатуына көмектесу. Тренинг ер адамдарға отбасын жоспарлау, баланың дүниеге келуі және оны тәрбиелеу мәселелерін түсінуге септеседі. Бала тәрбиесі ер-азамат пен әйелдің бірлескен іс-әрекеті екенін ұғындырады.

Оқу құралы қалың оқырманға арналған. Біріншіден, бұл болашақ әкеге пайдалы болады деп сенеміз. Әкені ғана емес: отбасын жоспарлау, ата-ана, әке болу тақырыбына қызыққандардың барлығын, сондай-ақ отбасылық қарым-қатынастар саласындағы мамандарды, әлеуметтік қызметкерлерді, мұғалімдерді, психологтарды және заңгерлерді диалогқа шақырамыз.

Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның бастамасымен Қазақстандағы БҰҰ-ның Халық қоныстандыру қорының (ЮНФПА) техникалық қолдауымен жасалды.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда әкеге деген қарым-қатынасты сипаттайтын екі тенденция бар. Бірінші тенденция, көптеген бала әке тәрбиесін көрмей өсіп келеді немесе бала тәрбиесіне әкенің қосқан үлесі ананың үлесінен едәуір аз. Екінші тенденция, ер мен әйелдің, әке мен ананың отбасылық рөлі қайта қаралып жатыр.

Ер адамның тұңғыш перзентінің дүниеге келуі — үлкен оқиға, оның маңызын қоғам ғана емес, биологиялық қабілеті психологиялық дайындығына сәйкес келмесе, әке де бағаламайды. Сөйте тұра, әке болу ер адамның ішкі күш-қуатын ашады, оған қоса ер-азаматтың кішкентай адам алдындағы жауапкершілігін сезінтеді, баланы қорғауға деген талап-тілегі мен мүмкіндігін ұлғайтады. Әке тұлғасы өсіп келе жатқан баланың өмірлік тәжірибесінің түп негізі.

Баласын жария түрде сүйіп қана қоймай, онымен бірге өз рөліне жауапкершілікпен қарайтын, перзентіне қамқор болып, тәрбиесімен айналысатын, ұрпағының өміріне әркез қызығып отыратын әкенің балалары қоғамға тез бейімделеді. Мұндай баланың мінез-құлқы мен психикалық денсаулығына қатысты мәселелер аз кездеседі.

Мәдени жүйенің маңызды элементі десек те, әке болу қоғам көмегіне мұқтаж. Ол көмек ұйымдастырушылық (ата-ананы қолдау орталықтары), экономикалық (әкеге төленетін төлемдер мен берілетін артықшылықтар) және ақпараттық (уеб-сайттар, семинарлар және әкелерге арналған интернет-конференциялар) тұрғыдан керек.

Әке болу табиғатын, оның функцияларын, ер адамның әке болуға дайындығына әсер ететін факторларды түсіну аса маңызды. Ата-ана болуды зерттеудегі қалыптасқан тенденцияларды да атап өтелік:

Ана болудың және ананың психологиялық дайындығын зерттейтін жұмыстар көп;

Әке болуды түсіндіретін жүйелі тәсіл жоқ, яғни әке болу табиғатының ата-ана, отбасымен байланысы зерттелмеген;

Саналы әке болуды қалыптастыратын іс-шаралар жасалмаған;

Ер-азаматты әке болуға психологиялық тұрғыдан дайындайтын технологиялар жоқ.

Әке болуды зерттеу жобасы қаншалықты маңызды екені баршаға белгілі. Біз осы жұмыста әке болу құбылысын қарастырғымыз келеді. Әке болу туралы: балаға, ата-ана ретінде өзіне, әке-шеше рөліне, сондай-ақ жалпы ата-ана болуға деген көзқарасты қамтитын мызғымас жүйеге деген түсінікті қалыптастырсақ дейміз. Әке болу — әкенің жеке басының дамуына және оның ер-азаматтық тұлғасына қалай әсер ететінін түсіну өте маңызды.

Осы нұсқаулыққа негізделген тренингтер зорлық-зомбылықтан бас тарту принципі негізінде ер-азаматтар мен әйелдердің қарым-қатынас орнатуына көмектеседі; бала күту — әке мен ананың ортақ міндеті деген ұғымды қалыпқа келтіреді; жыныстық өмір, оны қалай толыққанды және қауіпсіз ету мәселесі, репродуктивті денсаулық туралы әңгімеге жетелейді. Біз осы материалдар арқылы ер адамдар мынаны түсінгенін қалаймыз: олар да өз бойындағы негативті жайттарды зорлық-зомбылыққа жүгінбестен білдіре алады; олардың да өз эмоциясын көрсетуіне болады; олар да әлсіз бола алады; қажет жағдайда көмек сұрауға да мүмкіндігі бар.

Оқу құралы кіріспеден, үш бөлімнен және жеті бөлімшеден тұрады.

1

ӘКЕ БОЛУДЫҢ БҰРЫНҒЫ ПАЙЫМЫ



Әке болудың тарихи, дәстүрлі, діни аспектілері

Отбасы және отбасылық қарым-қатынасты зерттеу үшін ата-ананы, үлкендерді құрметтеу, қонақжайлық, мерекелер мен жоралғы-рәсімдер сияқты дәстүрлі мәдениеттің нақты элементтерін қарастырған жөн.

Барлық әлеуметтік институттар әмбебап, өйткені олар көптеген халыққа тән. Бірақ дәстүр белгілі бір этникалық топ арасындағы әке болу институтының ерекшелігін көрсетеді. Дәстүрлі қоғамдардың көпшілігінде нағыз еркек деп мойындалу үшін кәмелеттік жасқа толу ғана жеткіліксіз — оның отбасы мен балалары болуы керек, ал ер-азамат олардың қорғанышы, асыраушысына айнала білгені жөн. Бойдақ жігіт, әдетте мұндай құндылықтар жүйесінде толық адам болып есептелмейді және сәйкес мәртебеге ие емес (кейбір қоғамдардағы дінбасылар бұл топқа жатпайды).

Өндірістік режимге, гендерлік тәртіп пен отбасы құрылымына байланысты әртүрлі қоғам әке болу міндетін де түрліше саралаған. Баласының ешқайсысын бөліп-жармайтын анадан айырмашылығы, ер-азамат болудың сипаты негізінде әке баланы былай бөледі: а) заңды және заңсыз (бұл ұғым қалай анықталса да) балалар және б) ұлдар мен қыздар. Көптеген қоғамда ер-азаматтың баласына қатысты міндеттері де әртүрлі. Әдетте, ер-азамат болудың белгіленген нормалары бойынша ұл баланы артық көрді. Не десек те әке болуға деген құштарлық пен тәжірибе еш жерде және ешқашан бірдей болған емес.

Көптеген қоғам тұңғыш балаға ерекше көңіл бөлді, олар әке әулетін жалғастырып қана қоймай, әкесінің атын, мәртебесін және меншігін иеленуге тиіс еді. Алайда фольклорлық деректерге сүйенсек, тұңғыш ұл мен әке арасында дау-жанжалдар да жиі болған. Кейбір фольклорлық әңгімелерде кенже баланың ақыл-парасаты мен айла-тәсіліне көп көңіл бөлген. Халық кенже балаға көбірек жақтасқан болар, себебі ол әңгімелерде кенжелер ақылы мен айласының арқасында өмірден өз жолын тауып жатады.

Әкенің дәстүрлі рөлі баланы қорғау және оған материалдық қолдау көрсету болғанымен, әке баласына қамқорлық көрсетіп, тәрбие беруге тікелей міндеттелмеген. Әке болу тәжірибесі әртүрлі болғанына қарамастан, бұл міндет ер-азаматқа емес, әйел адамға жүктелген. Мысалы, кейбір Кавказ халықтарында әке мен бала қарым-қатынасына, әсіресе сүйіспеншілік пен мейірімге толы байланыстарға шектеу қоятын қатаң ережелер болған.

Демек әке мен бала арасындағы байланыс шектеулі және жұтаң еді. Кейбір мәдениеттер мен әлеуметтік таптарда балаларды басқа адамның отбасында тәрбиелеу дәстүрге айналған (мысалы, Кавказдағы аталық дәстүрі). Олар ер адамның табиғаты балаға қамқорлық көрсете алмайды деп сенді (бұл қазіргі психологиялық зерттеулерге қайшы келеді). Түрлі мәдениетте әке болу архетипі — бала тәрбиесіне қатыспаған әке бейнесі. Мифологиялық санада әке, ең алдымен, биліктің, ата-бабаның, ең жоғары рухани мәртебенің, асыраушының, ең қатаң тәртіптің, перзенті ұқсауға талпынатын үлгінің, кей-кездері соғыс пен еңбек өнеріндегі тікелей тәлімгердің сипатын көрсеткен. Қоғам ер адамның әке ретіндегі жетістігін осы өлшемдер арқылы бағалаған. Әдетте отбасында әкенің тәрбиеге қатыспауы оның отбасылық міндетінің жоқтығы деп емес, әке билігін сақтау үшін әке мен бала арасында арақашықтық шектеуін қолдау деп түсінілген.

ДӘСТҮРЛІ ЕР-АЗАМАТТЫҚ КОНТЕКСТЕГІ ӘКЕ БОЛУ ТӘЛІМІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Ер-азаматтардың нормативті белгілер жиынтығында әке болу рөлі туралы ештеңе айтылмаған, өйткені ол жиынтықта әке тәрбиесіне қатысы жоқ рөлдерге баса назар аударылады. Ер-азамат тұлғасы әйел адамға қарсы қойылды, олар дәстүрлі ер-азамат атану моделі аясында әрекет етті де, әке міндеті ана болудың рөліне қарама-қарсы қойылып, салыстырылды.

Бала өміріне анасы көп араласса, әке өзін баладан алшақ ұстады; анасы баласынан сезімі мен жылуын аямаса, ер адам ұдайы ұстамды болды; ана ең алдымен баланың физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырумен айналысса, әкесі баланың интеллектуалдық немесе физикалық әлеуетін дамытуға міндетті еді. Әке болудың басты сипаттамаларының бірі дәстүрлі ер-азаматтық модельге сәйкес келеді, яғни әке рөлі ана рөліне қарама-қарсы болуға тиіс еді.

Дәстүрлі әкенің негізгі қызметі — отбасын қамтамасыз ету және қорғау, өз билігін дәлелдеу, балаларды тәртіпке, ережеге үйрету және қажет болған жағдайда оларды жазалап тұру.

Ер адамның дәстүрлі моделі ең алдымен оның жұмысымен және отбасының асыраушысы ретіндегі жетістіктерімен байланысты: ер адам қажымай жұмыс істеуі, мансапқа жетуі және ақша табуы керек. Ең бастысы, ер адам отбасын асырауға міндетті. Олар саналы немесе интуитивті түрде осы модельді ұстанады. Басқа рөлді игеру мүмкіндігін ер адамдардың өздері шектейді.



ДӘСТҮРЛІ

1 Әке болудың тағы бір маңызды дәстүрлі аспектісі — отбасына иелік ету қызметі. Дәстүрлі әке өз отбасына ие болады, тәлімгер, басшы ретінде қамқорлық жасайды. Мұндай отағасы эмоционалды тұрғыдан ұстамды, қатал және қатаң, ол балалардың физикалық күтіміне, оларды мейірімге бөлеуге алаңдамайды, отбасына иелік ету құқығын орнатуға тырысады. Дәстүрлі отбасыларда мектеп жасына дейінгі балаларға, әдетте анасы қарайды. Бала жеті жасқа толғанда, гендерлік рөлдің маңызы артады: анасы қызын ана және әйел болу рөліне дайындайды, ал әкесі ұлының дамуына назар аударып, нақты бір кәсіп саласындағы тәжірибесін үйретеді.

Дәстүрлі әке отбасы үшін кәсібі мен мансап жолында құрбандыққа бармайды, өйткені құрбандыққа бару — ер-азамат емес, әйел табиғатына тән мінез. Дәстүрлі әке үлгісі біздің қоғамда сақталып отыр, ол аз десеңіз, осы модельді көп адам қолдап-қуаттайды.

2 Әке болу тәлімінің қисынды жалғасы — «бала тәрбиесіне қатыспаған» әке моделі.

«Бала тәрбиесіне қатыспаған» әке іс жүзінде баланың/балалардың өміріне араласпайды немесе ажырасқандықтан балаларымен қарым-қатынасын үзген. Басқаша айтқанда, «бала тәрбиесіне қатыспаған» әке — балаларымен психологиялық немесе физикалық байланысы жоқ адам.

«Бала тәрбиесіне қатыспаған» әке феномені кеңестік кезеңде кең таралды. Мемлекет ер азаматты/күйеуді/әкені отбасындағы саясатты жүргізетін адам деп санады, оларға «жұмысшы» және «Отан қорғаушы» деген әлеуметтік рөлді беріп, ер-азамат ретіндегі жеке мүмкіндіктерін іске асыруын шектеді. Әке болу құқығы бұзылды, сонымен қатар ер азамат монополиялық асыраушы рөлін де (классикалық маскулиндік модельмен сипатталады) орындай алмады, ал отбасының эмоционалды өміріне, негізінен, әйелдер жауап берді. Зерттеушілердің пікірінше, бұл маскулиндік дағдарысты тудырып, ер адамдарды әке болудан алыстатты.

Кеңес кезіндегі «бала тәрбиесіне қатыспаған» әке болу дәстүрі әлі де бар. Бұл мінез-құлық, әсіресе экономиканың ескі секторында жұмыс істейтін және біліктілігі төмен жұмыспен айналысатын ер адамдарға тән. Олар өздерінің кәсіби шеберлігін балаларына мұраға қалдырудың мүмкіндігі мен мағынасы жоқ екенін түсінеді. Олар ұл-қыздарының ісіне көп қызыға бермейді. Мұндай ер азаматтар маскулиндік сипаттарының ең жаман белгілерін көрсетеді: авторитаризм, агрессия, зорлық-зомбылық, ішкілікке салыну. Балаларымен қарым-қатынас орнатудың негізгі стратегиясы ретінде жақсы үлгі көрсетудің орнына, тыйым салу мен жазалауды қолданады.

Бұл туралы зерттеуші И.С. Кон былай деген: **«Патриархалды отбасында әкенің болмауы, әкенің балаларына қамқорлық көрсеткісі келмеуі – оның отбасынан тыс міндеттерінің көптігінің кесірі. Бұл әке болу міндетінен бас тартуының кесірі деп қана емес, сонымен бірге әке болу билігін сақтау үшін өзі мен перзенттері арасында әлеуметтік арақашықтықты орнату құралы деп те түсіну керек».**

Әке іс-әрекетінің осы екі түрін мына сипаттар біріктіреді: балалармен тұрақсыз байланыс орнату, балалардың күнделікті күтімінен алшақтау, балалармен қарым-қатынаста үстемдік көрсету, эмоционалды тұрғыдан ұстамды және салқынқанды болу. Әкелердің бұл іс-әрекетінің барлық осы ерекшеліктері аналардың дәстүрлі іс-әрекетінен мүлдем өзгеше.

Осылайша, дәстүрлі мәдениеттегі әке мынадай қызмет атқарды: отбасылық мәселелерді шешу – отбасы мен әулеттің басшысы қызметі; баба жолымен ұрпақ жалғастыру – репродуктивті қызмет; отбасы мүшелерінің өмірі мен жұмысына қатысты жеке, топтық немесе басқа да жағдайларды бағалау – бағалаушы қызметі; объектілердің, заттардың, отбасылық құндылықтардың мәдени дәстүрлерін киелендіруші және сақтаушы қызметі; шешім қабылдауда жұбайымен қарым-қатынасты реттеу – реттеуші қызметі; жүріс-тұрыс нормалары мен ережелерін орнату – трансляциялаушы қызметі; әдет-ғұрыптарды және салт-дәстүрлерді балаларға таныстыру, ішкі этникалық интеграция орнату, этникалық топ ішіндегі бірлікті сақтау – әлеуметтендіру және әлеуметтік интеграциялаушы қызметі.

Бір кездері әке болудың бұл моделі коммуналдық экономиканың күрделі жүйесі ретінде рудың аумақтық тұтастығы үшін маңызды болған. Қоршаған ортаны қорғаудағы және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған отбасылық дәстүрді сақтаудағы әке жетістігін сақтайтын орта – отбасы еді.

Бүгінгі таңда отбасы ұғымы өзгерді. Жалғызбасты әйелдер мен ер азаматтар көп, ажырасу көрсеткіші, толық емес отбасы саны өсті. Әртүрлі неке нысандары (аралас отбасылар) бар. Некеден тыс қарым-қатынас отбасылық ішкі қарым-қатынастарды бұзады. Қазіргі қоғамда адамдардың гендерлік идентификациясы өзгеріп жатыр. Әке және ана болудың, ер азамат пен әйелдің рөлі өзгеріп келеді. Мұның бәрі жалпы ата-ана болудың қазіргі заманғы түсінігіне әсер етеді және бала тәрбиесіндегі әке рөлінен байқалады.

Қазіргі мәдениетте әке болудың моделі көп. Аралас модель дәстүрлі әке болу моделімен бірігіп, әке болудың дәстүрлі моделі бүгінгі жағдайға бейімделді, сонымен қатар әке болудың қазіргі заманғы моделі де қалыптасты. Аралас үлгі дәстүрлі қызмет түріне (мал шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, ауылшаруашылығы) негізделді – шаруашылығы бар отбасыларда әке болудың аралас үлгісі сақталып отыр. Бұл үлгіде әкесі балаларды тәрбиелеуге бұрынғымен салыстырғанда белсендірек қатысады. Қазіргі заманғы әке болу үлгісі отбасының жаңа түрімен – эгалитарлық қалалық отбасымен байланысты. Бұл отбасындағы ерлі-зайыптылардың білімі мен мамандығы бар, олар дәстүрлі құндылықтар мен материалдық мүдделермен ғана емес, сонымен қатар жалпы рухани ұстанымы тұрғысынан да бірігеді. Қазіргі отбасында бала тәрбиесіне атананың екеуі де қатысады.

¹ Игорь Семёнович Кон — Ресей және Кеңес социологы, психолог, антрополог, философ, сексолог. Ресейлік заманауи социология мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Ағартушы, ғылымды насихаттаушы.

ҚАЗАҚЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӘКЕ РӨЛІ



Өкінішке қарай, қазақтардағы әке тәрбиесінің психологиялық аспектілері қазақ ғылымында жеткілікті зерттелмеген. Дегенмен, тарихи оқиғалардың, мәдени және діни дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың суреттемесінде қазақ азаматы күйеу, отағасы, әке, аңшы, табыскер, асыраушы, өз руының жарқын өкілі, жауынгер және өз жерінің қорғаушысы ретінде сипатталады.

Қазақ азаматының бейнесі: батыл, шешімтал, батыр, физикалық тұрғыда мықты, шыдамды, төзімді, ақылды, әділ, еркін, тәуелсіз, әлеуметтенген, сендіре білетін, жерді сақтау үшін стратегиялық және тактикалық міндеттерді орындай және келіссөздер жүргізе алатын мәмілегер. Екіншіден, қазақ ерінің күйеу және әке ретіндегі сипаттары: қамқор, шаруақор, жауапкершілікті сезінуге және отбасына иелік етуге қабілетті, неке мен отбасын бағалайды, әйелі мен балаларына мейірбан.

Қазақтар негізгі құндылық ретінде отбасы мен балаға құрметпен қараған, оны қазақ отбасының психологиялық ерекшеліктерін зерттеген М.П. Қабақова дәлелдеген. Зерттеуші өмірлік және отбасылық құндылықтар құрылымында ер азамат пен әйелдің отбасыға және балаға бағытталған бағдарын, сондай-ақ ер азаматтың халықтық дәстүрлер мен ырым-тиымдарды бұлжымай ұстайтынын анықтаған.

Перзенттерінің өздері де куәгері болатын бұл дәстүрлердің ішінде шілдехана, үйлену той, сүндет той, ораза ұстау және айт мерекесі де бар. Осы дәстүрлердің барлығында да ру құрылымына, туыстары мен достарына, әсіресе туыс және жақын аға буынға деген құрметін сақтап және әдепті мінез көрсете отырып, қазақтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан үлкен отбасындағы ер адамның жауапты әке ретіндегі тәлім беру моделі қалыптасты.

Тарихи тұрғыдан көз жүгіртсек, қазақ отбасында әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі зор болған. Отбасылардың түгелге жуығында әке ұлын үй шаруашылығымен және мал күтімімен таныстырды, киіз үй тігіп, бұзуға үйретті, атқа салт міну, садақ ату, аң және балық аулау, әр түрлі жағдайда өмір сүру дағдыларын меңгеруді үйретті. Әке белгілі бір қолөнер шебері болса, мысалы, темір ұстасы, тері илеуші немесе музыкалық аспаптар жасаса, ұлын қасынан тастамай, бірге жұмыс істей жүріп, ұлына да кәсібінің қыр-сырын түсіндіріп беретін болған.

Әке азан шақырып, баласының атын қою рәсіміне қатысқан. Ал бала тәйтәй басқанда, әкесі емес, сол адам секілді болсын деген ырыммен өзге бір құрметті және табыскер адам баланың тұсауын кескен. Қазақтар әлгі адамның мінез-құлқы мен жетістігі балаға жұғысты болады деп сенген. Одан өзге баланы сүндетке отырғызатын болған (3,5 немесе 7 жаста). Сүндетке отырғызудың бірнеше мағынасы бар: діни жоралғы, оған қоса баланың ересек өмірге қадам басуы. Баланы атқа/ашамайға мінгізу (5–7 жаста) дәстүрі болашақ ер азаматтың өсіп-жетілуі мен еркіндігін мойындаудың белгісі еді. Әкесі құда түсу және ұлының үйлену рәсімдерінде, сондай-ақ қызының ұзатылуында да маңызды рөл атқарды. Ұлдар қара шаңырақтан бөлек кетіп, жеке отау құрғанда оларға қандай енші (жер, мал және әкесінің өзге де мүлкі) бөліп беретінін де әкесі шешетін. Әдетте, үлкен және ортаншы ұлдар отау құрып бөлек кетеді, ал кенже ұл қара шаңырақта — ата-ананың үйінде қалды. Кенже ұл ата-анасына қарап, қамқорлық жасап, қазақтың үлкен әулетінің қарашаңырағы ретінде әкесінің (өз жұртының), анасының (нағашы жұртының), жарының (қайын жұртының) барлық туыстарымен достық әрі жылы қарым-қатынасын сақтап отырады.

Балаларды тәрбиелеудің тағы бір бағыты — оларды достықты бағалай білуге, көршілерге, бейтаныс адамдарға, тіпті дұшпанға да құрмет көрсетіп, әдепті болуға үйрету. Әкесі ұл-қыздардың гендерлік әлеуметтенуінде, ерлер мен әйелдерге тән қасиеттерді дамытуында, оларға әлеуметтік қарым-қатынас орнату дағдыларын үйретуде маңызды рөл атқарды.

Қыз тәрбиесі туралы айтсақ, әке образы қыз баланың болашақ күйеуін таңдауда алтын арқауға айналды. Ол образ жарына сүйеу болуды, қауіпсіздік пен қорғаныш болуды, сенімді, күшті, батыл және белсенді болуды бейнелеген. Бүлдіршін кезінен әкеден алған махаббат, сүйіспеншілік пен қамқорлық, сондай-ақ анасымен жылы байланыс қызға болашақтағы қарым-қатынас моделін жасап берді.

Қазақ отбасында бала тәрбиелеудің мәдени ерекшелігі — жанама тәрбиелеу. Тәрбиенің негізгі ойы балаларға халық даналығы (мақал-мәтелдер) арқылы жеткізілді, көптеген нәзік тақырыптар тікелей емес, жанама мысалдар арқылы талқыланды. Бұл балаларды ғана емес, ересектерді де тәрбиелеудің негізгі құралы еді: сөз сүйектен өтеді, солай бола тұра сөз жанды емдейді.

Айта кету керек, қазақтарда панасыз жетім туралы түсінік болмаған. Кез-келген қазақ отбасы, тіпті тақыр кедей болса да, ата-анасыз қалған туыстарының балаларына, тіпті туыстық байланысы жоқ жетім баланы да қамқорлығына алып, тәрбие бере алады. Одан бөлек, жесір әйел қайтыс болған күйеуінің ағаларының біріне әмеңгерлік салтпен қайта тұрмысқа шығып, бала ешқашан жетім атанбаған.

² Майра Победақызы Қабақова — психология ғылымының кандидаты. Ғылыми зерттеу аумағы — әлеуметтік психология, отбасы мен неке психологиясы, гендерлік, этникалық, әскери психология, басқару мен қарым-қатынас орнату психологиясы, дін психологиясы, білім психологиясы. (Қазақ отбасындағы психологиялық ерекшеліктер: монография — 2018).

Әке болу тақырыбына қайта оралсақ, бұрындары да, белгілі дәрежеде де қазір де балалардың әлеуметтік өмірдегі басты бағыттаушысы — әке. Балалардың қандай да бір іс-әрекеттеріне сәйкес баға беретін кезде, ең әуелі олардың ата-анасы туралы, көбінесе әкесінің кім екенін сұраған: «Кімнің баласы боласың?» деп жөн сұрасу бұрыннан қалған сөз.

Отбасының басшысы — отағасы және күйеу — ер адам жауапкершілік алып, көшбасшы, отағасы және ру басшысы рөлін атқарды, жеті атасын жатқа білді және шежірені — отбасылық тектің ұмытылып кетпеуін қадағалады. Шежіре білу әр қазақ үшін міндет. Бұл жеті атаға толмағандардың некелесуіне тиым салды, сол арқылы бала дамуындағы ауытқулардың алдын алуға мүмкіндік берді.

Отбасын, руын ойдағыдай басқару үшін ер адам төзімді, әділетті, дала заңын білетіндіктен дана әрі парасатты болды. Отбасында ер адам сүйеуші, қорғаушы, саясаткер және стратег ретінде қызмет етті. Ер адамға деген құрмет, мысалы, отбасылық дастарқан басында да айқын көрініс тапты (төрде отырды).

Мәдени ерекшеліктерге байланысты шығар, қазақ азаматы әйелге деген сезімін сирек көрсететін. Бірақ ер азамат әйелі үшін күресіп, әйелді және оның ар-намысын қорғады, сүйікті әйелін, мейірімді анасын, жақсы келінін мақтан етті.

Қазақтардың отбасына, баланың дүниеге келуіне және тәрбиесіне деген көзқарасы әрқашан ерекше болған. Бұл олардың өмірінің негізгі мәні еді — ұрпақ қалдыру, рулық дәстүрді еске алатын және құрметтейтін, өз жерін қорғайтын перзент тәрбиелеу олар үшін ең ұлы міндет болып есептелді. Сондықтан ұл баланы отбасындағы болашақ рөліне кішкене кезінен даярлады.

Бала кезінен «13 жаста — отау иесі» екенін құлағына құйды. Көшпелі өмір салты, қатал климаттық жағдайлар, ерте әлеуметтену және жас кезден жұмысқа кірісу, өзге рулармен қарым-қатынастағы әлеуметтік-саяси мәселелердің шешімін табу үшін бала бүгінгі күнге қарағанда тезірек жетілуі керек еді. «Қыз — қонақ» деген қағидамен қызға оң жақтан орын беріп, ерекше көңіл бөлді, олар шаңырақтан ұзатылып басқа отбасының мүшесіне айналды, күйеуінің әулетін жалғастыратын перзенттерді өмірге әкелді, соның арқасында отбасылар мен рулар араласып-құраласып, туыстық қарым-қатынас жанданды. Туыстық жіпті жалғау — қазақ әйелінің міндеті болды.

Дәстүр бойынша ата-аналар қыздарын қарапайым, ақылды, өз бағасын білетін, нәзік, қамқор және еңбекқор етіп өсірді. Ұл балаларын күшті, төзімді, белсенді, түрлі қиындықтарды жеңуге дайын, ұдайы ізденіп жүретін, үйренуден жалықпайтын, әр нәрсені танып-білетін, қиындықтардан қашпайтын жігіт етіп тәрбиеледі.

Оған қоса ата-аналар достары мен таныстарының есейіп келе жатқан балаларына да зейін сала қарап, қалыңдық немесе күйеу бала болуға лайықтыларына көз қырын сала жүрді. Нәресте дүниеге келмей тұрып-ақ бел құда болып, немесе сәби бесікте жатқанда сөз байласып бесік құда атанысып жүрді.

Қыз бала дүниеге келе салысымен оның жасауын, ал ұлы үшін қалыңдыққа беретін қалың малды жеке жинастыра бастайтын. Үлкен немесе ортаншы ұлы отау көтеріп, жеке шыққанда әкесі өз мүлкінің біраз бөлігін оған енші қылып бөліп беретін. Мұндай енші бөліп беру жас отбасының одан арғы тіршілік етуіне көмектесіп, экономикалық жағдайын түзеп алуға негіз болды.

Ата-аналар «күйеуі — әйелі» атты горизонтальды қарым-қатынас; «әке — ана», «әкесі — ұлы», «әкесі — қызы», «анасы — ұлы», «анасы — қызы», яғни «ата-әже — ата-ана — балалар» атты вертикалды қарым-қатынас; «қайын атасы — келіні», «енесі — келіні», «қайын атасы — күйеу баласы», «қайын енесі — күйеу баласы» атты диагональды қарым-қатынас; әкесінің (өз жұрты), анасының (нағашы жұрт), күйеуі/әйелінің (қайын жұрт) туыстарымен жақсы қарым-қатынас орнатып үлгі болды. Мұндай мінез-құлық модельдерін игеру балаларды неке мен отбасылық өмірге саналы түрде дайындайды; бейтаныс отбасына түскенде ол жақтағы адамдармен емін-еркін араласып кетуіне жол ашады әрі отбасындағы жаңа рөлдерді айқындап, неке мен отбасылық қарым-қатынастардың тұрақтылығы мен үйлесімділігін қамтамасыз етті.

Дәстүрлі қазақ отбасының мәдени ерекшеліктері:

Жаппай ажырасу құбылысы байқалмаған (өте сирек жағдайларды қоспағанда);

Әулеттік жалғастық үзіліп қалмауы үшін некені бұзбаған.
Отбасы — адам өміріндегі маңызды құндылық;

Жетімдер әлеуметтік құбылыс ретінде көп кездескен емес, себебі мейлі туыс болсын әлде болмасын, әрбір бала өз әулетінің жалғасы болып саналды, ол халық санын өсіретін ұрпақ деп есептелді, сондықтан «балалы үй базар» деген ұғым қалыптасты;

Қарттар ешқашан жалғыз қалған емес;

Әйелге құрметпен қарады: оны анасы, әйелі, қарындасы, қызы деп санады.

Біздіңше, жастар, әсіресе ер адамдар неке мен отбасылық өмірге мақсатты түрде дайындалуы керек; психологиялық мәдениеттің жалпы деңгейін көтеруі, сонымен қатар кейбір қазақ салттарының шынайы мағынасын түсіндіруі, қоғамдағы күйеу, әке, отағасының оң имиджін қалыптастыруы қажет; некеге саналы қарап, ата-анамен жақсы байланыс орнатуға, бала тәрбиесін және жас ұрпақты әлеуметтендіруге тиіс.

ИСЛАМДАҒЫ ӘКЕ БОЛУ ТҮСІНІГІ



Құран аяттарында ата-ананың жоғары мәртебесі туралы айтылады және адамзат әке-шешесін құрметтеуін, оларға жақсылық жасауын ешқашан ұмытпауға кеңес береді. Құранның «Түнгі сапар» (әл-Исра) сүресінің 23-аятының үзіндісі мынадай: «Раббың бір Өзіне ғана құлшылық етуді, ата-анаға барынша жақсылық жасауды үкім етті...».

Отбасы құрылымында ата-ананың әрқайсысының жеке орны бар. Отбасындағы жағдайды ескере отырып, олар жеке-жеке, бірақ бір-бірін толықтырушы рөлін атқарады. Кейбір жағдайда ана әкеге қарағанда бала тәрбиесіне көбірек араласады, ал кейбір мысалдарда керісінше. Сондықтан отбасылық қарым-қатынасты реттеу үшін олар бірігіп жұмыс істейді. Толық отбасы құрылымында, яғни әке, ана мен балалардан тұратын отбасында, әке, әдетте асыраушы рөлін иеленеді. Әке отбасындағы беделді адам ретінде перзенттерінің психологиялық тәрбиесінде де маңызды рөл атқарады. Әкесі мен балаларының, яғни қыздар немесе ұлдарының арасындағы қарым-қатынас ерекше мәнге ие.

Мұсылмандар күнәдан арылу жолында және адамгершілік тұрғысынан Алланың алдында тең екенін біледі, бірақ ерлер мен әйелдердің кейбір айырмашылығын мойындайды. Әйел мен ер адамның бір-бірін толықтырушы ғаламдық тепе-теңдікті сақтайтын бұлжымас элемент. Отбасы туралы айтсақ, әке балаға ана бола алмайды, ана балаға әкенің рөлін толық алмастыра алмайды.

Исламда абсолютті күш Аллаға ғана тән. Бірақ, әлеуметтік тәртіп үшін Алла Тағала кейбір адамдарға басқаларға билік ету құқығын берді және жалпыадамзаттық игілік үшін оған мойынсұнуды міндеттеді деген тұжырым бар. Хазіретті Пайғамбарымыз: «Бәрің де қойшысыңдар, әрқайсысың өз

отарыңа жауап бересіңдер. Билеуші — қойшы, ол өз отарына жауапты. Күйеу — отбасыдағы қойшы, ал әйел күйеуінің үйіне және балаларына қойшы әрі солар үшін жауапты» дейді. Сонымен бірге, ислам түсінігі бойынша кімге билік етсең, соларға да жауаптысың.

Исламда әке — бедел пен тәртіптің бейнесі. «Ер азаматтың беделі» туралы сөз көбінесе ер адамның әйелден артық екені туралы қате сенімге ұрындырады, сондықтан Исламда Алла жыныстық айырмашылық сияқты белгілерден жоғары екенін және бейтарап тұрғанын түсіндіреді. Исламда отбасындағы ер азамат пен әйелдің қызметтерінде айырмашылық бар. Бұл жағдайда әкенің беделін/күшін мойындау ананың әлсіз/құл екенін мойындау деген сөз емес. Бұл ұғым әкені құрметтеу мен мойындауды білдіреді. Мұсылмандар Алла Тағала әйелдердің көпшілігіне мейірімді болуды, ал еркектерге әділ болуды нәсіп еткен деп сенеді және соған сәйкес олардың арасындағы міндеттері айқындалады. Әйел адам жұмыс істемеуі керек деген ұғым жоқ, үй жұмысы маңызды емес және екінші кезектегі мәселе деп түсінбеген абзал.

Ислам дәстүрінде адамдарға, әсіресе балаларға мейірімді болу арқылы ғана Алланың мейіріміне бөленесің. Балаларды сүйіспеншілік пен іңкәрлікке бөлемеу, оларды анасына үнемі қалдырып кету зиянды ғана емес, безбүйректік те болып есептеледі. Өз перзентіңе рақымсыз болуға болмайды, анасының баласына деген мейірімін мазаққа айналдыру да қате. Сонымен қатар, мұсылман әке ақша табады, өйткені бұл оның отбасындағы негізгі қызметі. Ана — баланың алғашқы ұстазы, ол балаға күнделікті өмір сабағын үйретеді, ең алғашқылардың бірі болып тілдеседі, анасының арқасында бала адам болудың не екенін ұғынады.

Исламдағы әке рөлі жайында толығырақ ақпарат беру үшін әке туралы 13 хадистің бірнешеуін мысалға келтірейік:

«Ең ауыр күнә — Аллаға серік қосу және ата-ананы құрметтемеу».

«Қыз бала дүниеге келген кезде Алла Тағала сол жерге періштелерді жібереді және олар: «Бұл үйдің тұрғындарына Алланың рахымы жаусын!» деп сәлем береді. Содан кейін періштелер жаңа туған қызды қанаттарымен жауып, басын шайқайды да, былай дейді: «Ол өте әлсіз және әлсіз денеден шыққан. Егер оны әкесі тәрбиелесе, Қиямет күніне дейін ол Алланың назарында болады».

«Ұлыңызға мейірлене қарасаңыз, сізге сауап жазылады, ал қызыңызға мейірлене қарасаңыз, сізге Алланың сыйы жауады. Қыздарыңызға мейірлене қараңыз, өйткені Алла Тағала оларға мейірімді және қамқор».

«Шынында да, сенушілер арасындағы ең имандысы — өз отбасына ең мейірімдісі және ең адалы».

«Кім екі қыз тәрбиелесе; әдептілікпен және шыдамдылықпен тәрбиелесе, тозақ отынан құтылады».

«Қыздар — мейірімді және берекелі жаратылыс. Бір қызы бар адамды Алла Тағала тозақ отынан қорғайды. Екі қызы бар адам жұмаққа кіреді. Үш қызы немесе қарындасы бар, оған қызы ретінде қарап, тамақтандырып, қамқор болған жан өзгелерге қайырымдылық жасау жауапкершілігінен босайды».

«Ата-анасына әдепсіз сөз айту — ең ауыр күнәлардың бірі».

«Әкесінің перзентін тәрбиелеуі күнделікті қомақты садақа беруден де маңызды әрі құнды».

ХРИСТИАНДЫҚТАҒЫ ӘКЕ БОЛУ ТҮСІНІГІ



Христиан діні басқа діндер сияқты ата-ана рөлін өте маңызды деп санайды. Мәселен, бұл дінде отбасы кіші шіркеу ретінде қарастырылады, отбасы туралы Құдай сөзін тәпсірлеген апостол Павел «Иса шіркеуге қалай қызмет етсе, ер азаматтар да отбасы үшін солай қызмет етуі керек» деп үндеген. Христиандықта Иса Мәсіх шіркеу мен сенім үшін, адамзат үшін құрбан бола отырып, адам баласына деген әкелік махаббатын көрсеткен. Христиан дініндегі әрбір әке белгілі бір мағынада Құдайды бейнелейді: шіркеу басшысы патриарх немесе Рим папасы (Рим шіркеуінде) деп аталуы кездейсоқ емес, бұл біздің «әке» сөзі іспетті. Патриарх — әулеттің бабасы, «патриархат» сөзі содан шыққан.

Айтпақшы, отбасындағы әке қызметі міндетті түрде өз қанынан тараған ұрпағы бар әке сөзіне ғана қатысты емес. Өгей әке, ата, аға, аға-дос, аға тәрбиеші де әке бола алады.

Христиан парадигмасында ер адамдарда адалдық, шыдамдылық, мейірім мен тектілік, батылдық, кешірім, парасат пен риясыздық, өзгелерге көмектесуге дайын болу, шыдамдылық, ұстамдылық, еңбекқорлық, ептілік секілді сипаттар аса құнды болып есептеледі, сонымен бірге жоғары рухани мүдде де өте маңызды. Әкенің негізгі сипаты — аз сөйлеу, оның қызметі көп сөзді қажет етпейді. Мұндай әкенің баласы христиан дінін зерттей бастағанда «Құдай Әке» ұғымына кездеседі, сол кезде Құдай оған жақын және түсінікті болады. Ол Құдайды әкесі сияқты жақсы көретінін, өз мәселелері Құдайға да таныс екенін сезінеді.

Христиан отбасы иерархияға бағынады, балалар ата-анасының, атап айтқанда әкесінің еркіне бас ұрады. Жақсы әке ұлын немесе қызын өмірдің қиындығы мен қайғысына дайындауы керек. Әкесі қатал болса да, жазаланса да, ренжісе де бала өзін әкесінің жақсы көретінін біледі. Баланың өмірінде әкенің рөлі орасан зор. Әкенің перзентіне ықпал ету ерекшелігін, негізінен, екі ауыспалы ықпалға дейін төмендетуге болады: әкенің тәрбиеге қатысу үлесі және әкенің авторитарлық, жетекші және бағыттаушы-бақылаушы дәрежесі. Христиан діні көктегі Әке мен Ұлының, яғни Құдай-әке мен Иса Мәсіхтің арасындағы қарым-қатынас арқылы қарапайым отбасындағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынас қандай болу керегін үлгі қылып көрсетеді.

Отбасындағы әкенің қызметі былай өлшенеді: өз өмірі арқылы баласына әлемді таныстыру, баланы қоғаммен таныстыру, қандай тұлға болу керегін және неге ұмтылу керек екенін үйрету. Сонымен қатар, христиандықтағы әке отбасы мүшелерінің рухани баюына әсер етуі керек және отбасы үшін Құдай алдында да әке жауапты. Күйеу және әке, қаласа да, қаламаса да әйелі мен балаларының өміріне жауапты. Әкесі отбасы үшін дұға етуге құқылы, ол құдайшыл болса, Құдай оның тілегін орындайды. Сондықтан, христиан ер адам отағасы ретінде балаларының материалдық жағдайына ғана емес, таңдаған өмір жолына да жауапты екенін сезінеді.

Жаңа және Ескі Өсиеттерде Құдай рухани тәрбие мен тәлім беру міндетін әке мойнына жүктейді. «Тәрбиеші» (орыс тілінде «воспитатель») сөзі «білім беру» (орыс тілінде «воспитывать») деген сөзден шыққан, яғни біреудің материалдық және моральдық қажеттігіне қамқор болу, белгілі бір жасқа дейін оларды тамақтандыру, киіндіру, өмірге қажетті нәрсенің бәрін үйрету керек. Христиандықта әке — баланың ұстазы, ал анасы баланы әлпештеуші. Яғни анасы баласын емізіп, арқалап, көтеріп, өсіріп, мәпелейді. Бала қоршаған ортамен етене таныса бастағанда айналада әйел жеңе алмайтын қауіп-қатер бар екенін түсінеді, міне сол кезден бастап әкесі баласына қорғаушы болады.

Басқалар үшін шешімі ұнамсыз болып көрінсе де, әкесі ар-ұжданының айтқанын істеуге міндетті. Ол өз отбасын сыртқы қатерлерден қорғайды, сонымен қатар отбасының тұрмыстық-салттық ережелерін белгілейді. Әкесі балаға тұтас әлемді таныстырады, оның адамгершілік сезімін қалыптастырады, қалай жұмыс істеуді үйретеді, адам іс-әрекетінің әр түрлі құралын: доп ойнау мен велосипед тебуден, компьютер мен көлікке дейін меңгеруге көмектеседі. Әкесі балаға оқу мен мамандық, дос пен хобби таңдауда көмектесуі керек. Ал әке бала тәрбиесінің бұл міндетін әйеліне, әсіресе мемлекетке мүлдем жүктей алмайды.

Әке болу: психологиялық ерекшеліктер

Әке тәрбиесі психологиясы — ата-ана тәрбиесі психологиясының ең қызықты, сонымен қатар ең аз зерттелген саласының бірі. Қазіргі күні әкенің қандай болу керек екеніне деген көзқарас түбегейлі өзгерген. Әкенің бала өміріне қосқан үлесіне, тіпті экономикалық қолдау көрсеткеніне де емес, ең алдымен перзентін эмоционалды және психологиялық қолдауына қатысты мәселені айтқанда бала өміріне қосқан үлесі туралы әңгіме тарихта мардымсыз. Тағдырдың тәлкегі шығар: бойына бала біткен күннен жасөспірімді тәрбиелеуге дейінгі кезеңдердегі ана тәрбиесі туралы мысалды көптеген ақпарат көзінен таба аламыз. Бірақ жақсы әке болу туралы ақпарат өте аз. Біздің қоғамда әкенің рөліне ешкімді дайындамайды, тіпті балабақшада, мектепте де аналарға ғана ерекше көңіл бөліп, әкенің рөлі қаншалықты маңызды екенін айтпайды. Жақсы әке болғыңыз келсе де, оның жолы қандай екенін сізге ешкім айтпайды. Ол туралы кітаптар жоқтың қасы, тақырыптық сайттар да аз. Ал біздің міндетіміз — жақсы әке болғысы келетін ер азаматтарға көмектесу.

Баланың дамуы үшін жағдай жасауына және ер азаматтың тұлғалық болмысын көрсетуіне орай әке болуды екі позициядан қарауға болады. Әкенің іс-әрекеті, ананың іс-әрекеті сияқты. Ол да баланың дамуына; оның ішінде психосексуалдық, интеллектуалдық жағдайларына әсер етуге; оқуға деген ынтасын оятуға; сөйлеп үйретуге; моральдық нормаларды сіңіруіне; эмоционалды-тұлғалық саланы дамытуына; өзін-өзі бағалауына; жеке тұлғалық ерекшеліктерді дамытуына жағдай жасауы керек. Сонымен қатар, әке болу биологиялық қана емес, көп жағдайда әлеуметтік құбылыс. Бүгінгі әлемдегі әке мен ана бейнесі — автоматты түрде әрекет ететін инстинкт емес, тұлға дамуының нәтижесі.

Кез келген жыныс өкілі үшін ата-ана болу ауқымды ішкі жұмысты қажет етеді. Қазіргі ер адамның көпшілігі әке болғанын оңайлықпен мойындай қоймайды, осы тараудың басында көрсетіп өткен себептердің кесірінен олардың өзін әке деп мойындауы күрделене түседі. Ер адамдар көп жұмыс істейді, үйге кеш оралады, олар бала тәрбиесіне қарағанда өзге де маңызды істермен шұғылданады. Мұндай әкелер өз балаларын іс жүзінде көрмейді және олардың әке болу сезімі кеш қалыптасады.

Әке болудың қазіргі көрінісі қарама-қайшы: бір жағынан, дәстүрлі әкенің рөлі мен ықпалы әлсіреген (әкесі жоғын жасыратын, толық емес отбасылардың саны артып келеді); екінші жағынан, ер мен әйелдің өмірлік рөлі, әлеуметтік-мәдени стереотипі өзгерген. Қазіргі қоғамда әке болу құндылығының әлсіреуінің бірнеше себебі бар:

толық емес отбасылардың көбеюінен кішкентай ұл балалар өзіне үлгі тұтатын еркек жыныстыны көрмей өседі, ал қыз бала арқа сүйейтін әрі жақсы көретін әке махаббатына бөленбегендіктен, ер адамға арқа сүйеудің не екенін білмейді;

тәрбие және білім беру жүйесінде әйелдер басым, сондықтан балалар іс жүзінде ер адамның тәлімін көрмейді.

Егер бала толық емес отбасында өссе (толық емес отбасыларда баланы көп жағдайда жалғыздікті ана тәрбиелейді), отбасыдан, үйінен тыс жерде (балабақшада, мектепте және басқа да білім беру мекемелерінде) де баланы, негізінен, әйелдер тәрбиелейді.

Өкінішке қарай, әкесі физикалық түрде отбасында болғанымен, үйде өзінің міндетін толық орындай бермейтін дисфункционалды отбасылар да бар. Бала осы моделді бойына сіңіріп, есейгенде өз отбасында сол дәстүрді жалғастырады. Баланың өскен ортасы оның жеке тұлға ретінде өзін дамытуы үшін өте маңызды. Психологтар мынадай заңдылықты байқады: бала әке-шешесінің махаббатына бөленіп өссе, оларды құрметтейді, өмірге бейім, оптимист болады және үйлесімді өмір сүреді. Әке-шешемен байланыс орнамаса ол баланың өзін-өзі тануына кері әсер етіп, өзі отбасын құрғанда осы жағдайдың кесірі тиеді.

Батыс зерттеушілері әке тәрбиесінің төрт типін айтады: екі жақсы және екі жаман. Әке тәрбиесінің бірінші жақсы типі — жауапты әке. Бұл типке, әдетте, әлеуметтік жағдайы тең әйелге үйленген, орта білімді ер адамдар кіреді. Әке тәрбиесінің екінші жақсы типі — асыраушы, табыскер әке. Әке тәрбиесінің тағы бір түрі, жаман әке типі — алимент төлемейтін әке. Бұл типтегі әкелер өз балаларын тәрбиелеуге немесе күтім жасауға қатыспайды. Төртінші тип те жаман әке түрі болып есептеледі, бірақ мүлде әке санатына жатқызбауға да болады, ол әке болуға мүлдем қызықпайтын тип. Оған балалы болғысы келмейтін ер адамдар кіреді. Алда-жалда балалы болып жатса, еркінен тыс әке атанады.

Тағы да бір классификацияны мысалға алайық. Онда әке болу типі әке міндеттерін орындауға дайын болуымен; ер адамның құндылықтар жүйесіндегі отбасының орнымен; отбасылық міндеттерін ерлі-зайыптылар арасында тең бөлуімен; әкенің отбасында атқаратын функцияларын білуімен; балаларына уақытын бөлуімен; аяғы ауыр кезінде және бала дүниеге келгеннен кейін әйеліне деген қарым-қатынасы арқылы анықталады. Бұл жүйеде 4 негізгі тип бар.

- 1 Дәстүрлі.** Бұл типке отбасын белгілі бір құндылық деп есептейтін ер адамдар жатады. Бірақ олар әкенің негізгі функциясы — ақша табу деп санайды. Мұндай ер азаматтар балаға тәрбие беру — оның тәртібін қадағалау деп есептейді. Бұл әкелер баламен күніне үш сағаттан аз уақыт өткізеді және әйелінің аяғы ауыр болып, баланы өмірге әкелгенде болмашы ғана қолдау көрсетеді.
- 2 Бала тәрбиесіне қатыспайтын әке.** Бұл типтегі ер адамдар отбасыны маңызды деп санамайды. Ер адам шаруашылық қызмет атқармайды. Күніне бір сағаттан аз уақытты балаларымен өткізеді және оларды ойнату үшін ғана уақыт бөледі. Әйелінің аяғы ауыр болып, баланы өмірге әкелгенде ешқандай көмек көрсетпейді.
- 3 Жауапты әке.** Отбасы — олар үшін басты құндылықтарының бірі, отбасындағы шаруашылық қызметтерді теңдей бөліп атқарады, отбасына иелік етуге қатысты либералды көзқарас ұстанады. Ол балаға қамқорлық көрсету және күтім жасау функциясынан басқа барлық қызметтерді толығымен орындайды. Күніне 4 сағатын немесе одан көп уақытын баламен өткізеді, сонымен қатар әйелінің аяғы ауырлағанда және баланы босағанда әйелін барынша қолдайды, сөйт тұра жұмысын тастап балаларға қамқорлық жасауға дайын емес.
- 4 Әке болудың жаңа типі.** Мұндай ер адамдар отбасын ең маңызды орынға қояды. Олар үй шаруашылығының міндетін бөлісуде және отбасына иелік етуде эгалитарлы көзқарасты қолдайды. Күніне 5 сағатын баламен немесе одан да көп уақытын өткізеді, барлық функцияларды белсенді орындайды, оның ішінде балаға қамқорлық пен күтім көрсету де бар. Әйелінің аяғы ауырлағанда және баланы босағанда әйелін барынша қолдайды. Осы типтегі ер адамдар қажет болған жағдайда жұмыстан кетуге және бала тәрбиелеуге дайын.

Ұл балалардағы ер-азаматтық дұрыс рөл бала кезден қалыптасады, ал ер азамат болудың қатаң нормативтік үлгісі адамның мінез-құлқына, күллі өміріне әсер етеді. Зерттеуші С.Берннің айтуынша, ер азаматтардың мінез-құлқы қоршаған ортадан сіңетін ер-азамат болу тұжырымдамасына негізделген. Ер азамат болудың идеологиясы қоғамдық санада нағыз адам қандай болу керек және ол не істеу керек деген пікірлер, көзқарастар, үміттер арқылы бекиді.

Әдеттегідей, нағыз адам туралы идеялар былай қалыптасады:

- 1 Әйелдерден өзгеше болуы керек;
- 2 Жетістікке жетуі және басқа ер адамдардан озық тұруы керек;
- 3 Мықты, еркін болуы және әлсіздігін көрсетпеуі керек;
- 4 Басқаларға иелік етуі керек.

Дәстүрлі ер адамның негізін нағыз ер болу идеологиясы — ер адамдар сезінетін және істейтін қызметтер туралы әлеуметтік нормалар жиынтығы құрайды. Біріншіден, бұл ер адам мәртебеге және құрметке ие болуы керек деген сөз. Екіншіден, мықтылық нормасы (ақыл -ой — ер адам білікті болуы керек, эмоционалды — олар өздерінің эмоционалды қиындықтарын әлде біреудің көмегінсіз -ақ шеше алады, физикалық — ер адам физикалық тұрғыдан мықты болуы қажет). Үшіншіден, бұл әйел болмысына қарсы тәртіп — ер адам әйелге қарама-қарсы болуы керек. Көріп отырғаныңыздай, бұл өте қатаң нормалар және олардың арасында әке болу туралы сөз жоқ.

Қазіргі күні ер адамға жаңа типтегі әке болу деген талап қойып отыр. Қазіргі заманғы әке үлгісі қоғамдағы демократиялық және гуманистік өзгерістерді керек етеді, ерлер мен әйелдердің экономикалық теңдігі отбасындағы құқықтар мен міндеттерді бөлудегі теңдік нәтижесінде пайда болды. Қазіргі отбасындағы әке-шеше — тең серіктес. Бүгінгі заманда жақсы әке болу — баланы материалдық игіліктермен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар балаларды тәрбиелеуге белсенді араласу, баланың өміріндегі сәтті, сәтсіз жағдайларға, баланың тәжірибесіне қызығу, сонымен бірге онымен тығыз байланыс орнату. Жаңа, қазіргі заманғы әкелер нағыз ер сипатын көрсететін әкелерден әлдеқайда жұмсақ және олар перзенттерін жақсы түсінеді. Ал нағыз ер адам сипатын үлгі етуге тырысқан бұрынғы әкелер қатал әрі қатаң болғанымен, балалары мен әйелінің тұлғалық дамуына күнделікті қатысып отырмайтын еді.

Қалай болғанда да, ер адамның әке болуы белгілі бір тұлғалық дағдарыс әкеледі, ол адамның өмірінің барлық саласын өзгертудің және отбасы қарым-қатынасын нығайтудың қуатты қозғаушысы бола алады. Егер ер адам дағдарысты сәтті шешсе, ол тең және әділ ата-аналық сезімді іштей қалыптастырып, әке болу қызметін саналы түрде қабылдайды. Айтпақшы, транзакциялық талдау деп аталатын психологиялық әдісте адамның жеке басын үш кезеңге бөледі: ата-ана, ересек адам және бала болу кезеңі. Бұл кезеңнің әрқайсысы жеке тұлғаны қалыптастырып, мінез-құлық заңдылықтарын бекітіп, ой, сезім, тілек жиынтығын құрайды.

³ Шон Меган Берн — америкалық психолог, қолданбалы әлеуметтік психология маманы, әлеуметтік проблемаларды шешудің әлеуметтік-психологиялық мәселелерімен, қоршаған ортаның жеке мәселелерімен, топаралық қақтығыс, қоршаған орта психологиясы, зерттеу әдіснамасы және топтық динамика мәселелерімен айналысады.

АТА-АНА БОЛУДЫҢ ЖАЙ-ЖАПСАРЫ

Ата-ана ресурстарын қалай пайдалану керегін білу және кемшіліктердің алдын алу үшін ата-ана болудың жай-жапсарын мұқият қарастырайық. Алғаш өмірге келген уақыттан бастап сәби айналасындағы ықпалды тұлғалардың бейнесін жадында сақтап қалады екен. Бұл образдар ең алдымен ата-ана, ата-әже, ертегі кейіпкерлері, нақты бір адамның өмірлік тәжірибесіне орай көсемдер немесе кумирлер деп айтуға болады. Сыртқы әсерлерден құралатын бұл компонентерді ата-ана болудың жай-жапсары немесе жай ғана ата-ана деп атайды.

Ата-ана болудың жай-жапсары деп балаға ата-ана ықпалын айтады, ол ықпал бала психикасында сақталып қалады. Бұл ықпалдың негізгі функциялары — дәстүрді, ұрпақ тәжірибесін сақтау. Сонымен қатар этикалық нормалардың қорғаушысы болу.

Ойлауға уақыт табылмағанда немесе ол уақыт қажет болмағанда ата-ана автоматты шешімдер жасап, әрекеттерге көшеді. Ата-ана болудың барлық жағдайларға арналған шешімдері бар. Ата-ана сенімді болса бала да тыныш. Бұл жағдай ата-аналық инстинкт оянғанын айғақтайды. Бойыңызда ата-ана сезімі оянғанын қалай ұғуға болады? «Әрқашан», «ешқашан», «ешуақытта» деген категориялық пайымдар арқылы, «керек», «міндетті», «қажет» немесе «сенің орнында былай істер едім», «мұны былай жасаған жақсы» деген барынша қамқор ақыл-кеңестер арқылы. Мақал-мәтелдерді де көп қолдану ата-ана болу жай-жапсарын айғақтайды. Ата-ана қандай да бір шешімдерді айтқанда көп ойланп жатпастан, заманалар бойына ата-бабаларымыздың өмір салты арқылы жинақталған дайын мақал-мәтелдерді қолданады. Бірақ ол бабаларымыздың өмірі басқа болғанын ұмытпайық. Алайда ата-ана ол үшін көп алаңдамайды.

Әке-шеше марапаттай да, жазалай да алады. Өкінішке қарай, жазалайтын ата-ана көп. Жазалайтын ата-ана қуана-қуана және кез-келген уақытта жазалау мүмкіндіктерін пайдалануға дайын, ал марапаттауға келгенде құлықсыз, сылбыр. Қарапайым тілмен айтқанда, олар баласының басынан сипамағанымен, таяқтауға келгенде бәріне әзір. Мақтайтын ата-ана баланы марапаттайды, еркелетеді, бетінен қақпайды. Тыйымдар мен рұқсат беру — ата-ана болудың ең ықпалды жай-жапсары. Дәстүрлі тәрбиеде тыйым көп, бірақ рұқсат аз. Ата-ана балаға «мен сияқты жаса!» деп кейде тікелей, «менің істегенімдей емес, бұйырғанымдай жаса!» деп кейде жанама бұйырып отырады.

Ата-ана болудың жай-жапсары басқа жағдайларға үстемдік етуге бейім. Ата-ана «ұрпақ даналығын» алып жүреді, сондықтан бәрін білемін деп есептейді. Ата-ана болудың жай-жапсары адам психикасын толық жаулайды деп ойласақ, онда мынадай шарттарға тап боламыз: қатал, үнемі ширығып жүретін, өзіне және басқаларға қатал. Бұл жағдайда олар дәстүрлер мен моральдық нормаларды мұқият сақтай отырып, қатаң белгіленген ережелермен өмір сүрген және солай өмір сүре береді. Бұл жағдайда ата-ана бәрін басқаруға тырысады. Абсолютті ата-ана жаңа нәрсені күдікпен, сенімсіздікпен және тіпті дұшпандықпен қабылдайды. Мұндай адам дәстүрлі қоғамда жақсы бейімделеді және өзгерістер дәуірінде мүлдем дәрменсіз.

Бұл типтегі адамдар бейімделу механизмін құру үшін өзіне арнайы орын дайындап алып, бұрынғы тұрақты қоғамда қалуға тырысады. Бұрынғы дәстүрді сақтау қаншалықты қиын болса да, олар барлық шығынды өз мойнына алса да, тұтас әлемді өз иллюзиясына бейімдеуге бар күшін салады.

Транзакциялық анализ туралы білім қазіргі ата-аналарға қалай көмектесе алады? Ата-ана болу жай-жапсарын білсеңіз, бұрынғының сізге таныс дауысын ести аласыз. Ол дауыстардың параметрлері әрқашан пайдалы бола бермейді. Ол дауыстарды есту, оған анализ жасау, сындарлы, заманауи, креативті пікірлердің пайдасына бұрынғының дауысынан бас тарту арқылы ата-ана көп нәрсені түсінеді. Сонымен қатар, ата-ана болудың дәстүрлі жай-жапсарын толық сақтау да керек. Ата-ана ол шарттарды толық бұғаттап тастаса, ол адам моральдық қағидалар мен қағидаттардан, ата-ана инстинктінен айырылады. Мұндай адам аумалы-төкпелі заман орнағанда сол заманға сай этика мен моральді де жиі өзгерте беретін болады.

Балаларды тәрбиелеудегі әкенің рөлі қалай түсіндірілгенін ұғу үшін басқа психологтарға жүгінейік. Эрих Фроммның көзқарасы бойынша, ана махаббатымен салыстырғанда, әке махаббаты перзентінің сол махаббатқа лайық болуын талап етеді. Әкенің махаббаты туа бітті емес, бала өмірінің алғашқы жылдарында қалыптасады. Әке махаббатына ие болу үшін бала қабілетті болып, жетістіктер мен сәттіліктерге жетіп, белгілі бір әлеуметтік талаптарға сай болып, әке үмітін ақтауға тиіс. Жеткен жетістіктері мен жақсы мінез-құлқы үшін әкесі оған сый ретінде махаббатына бөлейді. Әкесі үшін бала әулетті жалғастыратын мүмкіндік, өйткені дәстүрлі ережелерге сәйкес ер адам мұрагерін ұрпақ жалғастырушысы, дәстүрлер мен ата-баба жадын сақтаушысы ретінде өсіруі керек. Осылайша әке әлеуметтік бақылау функциясын орындайды және талаптардың, тәртіп пен тиымдардың иесі болып есептеледі. Психолог Альфред Адлер ата-ана тәрбиесіндегі әкенің рөлі — әлеуметтік біліктілікті дамытатын әрекетті ынталандыру деп есептейді. Ана балаға адам махаббатының нәзік сезімін сіңірсе, әке балаға адамзат қоғамына жол ашады. Әке балалары үшін қоршаған орта, жұмыс, технология туралы білімнің қайнар көзі, ол бала бойында әлеуметтік пайдалы мақсаттар мен мұраттарды қалыптастыруға, олардың кәсіптік бағдар беруіне ықпал етеді.



⁴ Эрих Фромм – неміс социологы, философ, әлеуметтік психолог, психоаналитик, Франкфурт мектебінің өкілі, неофрейдизм және фрейдомарксизмнің негізін қалаушылардың бірі.

⁵ Альфред Адлер – австриялық психолог, психиатр және ойшыл, индивидуалды психология жүйесін жасаған.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

ДӘСТҮРЛІ ОТБАСЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Зорлық-зомбылықтың негізгі себебі — билік, ықпал, көшбасшылық үшін психологиялық күрес немесе өзін-өзі кем сезінуден туған сезімді жоюға жанталасу, немесе өзінің мәртебесін дәлелдегісі келу. Белгілі бір артықшылықтарға ие болу үшін, сондай-ақ басқа адамға бақылау орнату үшін адам басқа адамға зорлық-зомбылық көрсетеді.

ФИЗИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН

Зорлық-зомбылық физикалық тұрғыдан ғана жасалмайды. Психологиялық, эмоционалды, сексуалдық, экономикалық тұрғыдан да зорлық-зомбылық көрсетуге болады және оның барлық түрлері озбырлық көрсеткен адамыңа үлкен зиян тигізеді. Зорлық-зомбылық көрсететін адамның білім деңгейі мен жалпы мәдениетіне көп нәрсе байланысты дегенімізбен де, әрқашан олай бола бермейді. Зорлық-зомбылық көрушінің өзі де, оның әлеуметтік тәжірибесі мен психикалық және психологиялық денсаулығындағы травматикалық факторлар да үлкен рөл атқарады.

Ата-ананың сүйіспеншілігіне бөленіп өскен, психологиялық тұрғыдан сау адам өзгеге зорлық-зомбылық көрсетпейді. Психологиялық тұрғыдан дұрыс жетілген адам, мейлі ол ер азамат болсын, мейлі әйел болсын, сенім, сыйластық, отбасының өзге мүшесін құрметтеу арқылы қарым-қатынас орнатады. Мұндай қарым-қатынас орнатқанда қорлау, кемсіту, балағаттау, моральдық тұрғыдан қорқытып-үркіту мен үрейлендіруге жол бермейді.

Мұндай қарым-қатынасты орнату үшін сіз, ең алдымен, екінші тарапты тыңдап, проблемалар мен қақтығыстарды сындарлы түрде салмақтай білуіңіз керек. Яғни отбасы мүшесінің ашуы әбден бұрқсарқ қайнағанша мән бермей жүруге болмайды. Отбасы мүшесінің сөзін тыңдап отырғанда оның еркіндігі мен дербестігін құрметтеуіңіз керек. Әркім де жеке-дара, құрметке лайық тұлға екенін түсініп, тең серіктестік байланыс орнату ғана дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыру деп аталатынын есте сақтаңыз.


Эмоционалды озбырлық көрсетпеген әңгіме дегеніміз — өзгені мұқият тыңдау. Сонда ғана өзгенің айыбын айтып ашуланған адамның эмоциясы мен реакциясы өзгереді.

Дұрыс қарым-қатынас орнату басқа адамның және оның мінез-құлқын түсінуге және келісім орнатуға көмектеседі. Отбасындағы зорлық-зомбылықты жою үшін жастарды жауапты неке мен ата-ана болуға дайындау, дұрыс қарым-қатынас орнатуға көмектесу және жанжалдарды шешудің жолдарын үйрету, отбасылық зорлық-зомбылыққа ұласпас үшін жеке психологиялық жарақаттарды емдеуді үйрету керек.

ҒАНА ЖАСАЛМАЙДЫ

2

ТИІМДІ ӘКЕ БОЛУ



ӘКЕ БОЛУҒА ДАЙЫНДЫҚ – ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Отбасылық құндылық — қоғамдық мәні бар, адамға тән маңызды қасиет. Отбасында адамгершілік, моральдық, тәлім-тәрбие, өмірлік мақсат пен қоршаған ортамен қарым-қатынас қағидалары қалыптастады. Бүгінде экономика, саясат, әлеуметтік және рухани саламен бірге отбасы және неке институты да жаңарып келеді. Ендеше қазақстандықтардың дүниетанымындағы отбасылық құндылықтың орнын анықтап көрелік.

ЮНПФА қолдауымен 2019 жылы өткізілген «Ұрпақтар және гендер» зерттеуі бойынша жас және жыныс айырмашылығын есептемегендегі қазақстандықтардың басым көпшілігі үшін (90% жоғары) «неке — ажырамас, өмірлік бас құрау» деген түсінікті білдірген. Алайда, бұған қарамастан 60%-ға жуық ер мен әйел некенің ескі институт екеніне келісетінін, ал 70%-нан көбі ерлі-зайыпты болатын ниеті жоқ, некесі қиылмаған жұптың бірге тұруы қалыпты деп айтқан. Халықтың үштен біріне жуығы гомосексуалды жұпты құптайды. Бұл Қазақстан халқының дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, әлемде болып жатқан неке және отбасы өнегесі тенденцияларына оң көзқарасын айқындайды (соның өзінде ұстанымы өзгеріссіз қалады). Жалпы қазақстандықтардың неке-жұбайлық қарым-қатынасы едәуір тұрақты әрі қанағаттанарлық. Қазақстанда 97%-дан астам отбасында жұбайлар жарасымы көңіл тоярлықтай болса, оның ішінде 77,6% шаңыраққа толық риза. Қазақстан Республикасындағы 95%-дан көп отбасында жұбайлар/жұптардың ажырасу ойы болмаған. Құндылық ұғымы негізінде халықтың болашақ бағдары айқындалады. Елде дәстүрлі құндылықтар басым тұрғанда, келешек неке-отбасылық қарым-қатынас түбегейлі өзгеріске ұшырамайды. Сауалнама нәтижесіне сәйкес Қазақстан қоғамы үшін бала және отбасы құндылығы жоғары орында. Ерлердің 86,3%-ы мен әйелдердің 90,6%-ның ойынша әйел адамның дамуына дүниеге келген балалар себеп болады. Сондай-ақ ерлердің 86,2%-ы мен әйелдердің 84,3%-ы ер адамның да өзін-өзі жетілдіруі үшін ұрпақ өсуі керек екенін алға тартады. Алайда 14 жасқа толмаған баланы бұрынғыдай анасы күтіп-бағады. Балалар аурып қалғанда олармен үйде қалу; оларды тәртіпке сай киіндіру; ұйықтату; үй тапсырмасын жасауға көмектесу көбіне әйелдің мойнында. **Әкенің 3%-ы ғана 14 жасқа толмаған бала күтімімен айналысады.**

Орталық Азиядағы Фридрих Эберт атындағы «Орталық Азия Жастары» Қор жасаған зерттеу жобасы аясындағы 14–29 жас аралығындағы жастар сауалнамасының нәтижесін ұсындық. Дәстүрдің қаймағы бұзылмағанымен, неке қарым-қатынасы сияқты отбасылық институтқа деген көзқарас та жаңарғаны анықталды. Сауалнамаға жауап берушілердің басым бөлігі, оның ішінде ер мен әйел бірдей көрсеткіште — 82,5%-ы болашақта некелесіп, отбасылы болатынын айтады. Ауыл респонденттерінің неке және отбасынан үміті қалалықтарға қарағанда 10%-ға артық. 1000 респонденттің 825-і азаматтық некеге қарағанда некеде тұрудың артықшылығы «бір-біріне деген жұбайлық жауапкершілікте» екенін айтқан. Бұған қоса, Қазақстан Республикасындағы неке-жұптық қарым-қатынас анализі «Ұрпақтар және гендер» зерттеуі мәліметі бойынша қазақстандықтар үшін, жас пен жыныс ерекшелігін есептемегенде, бірге өмір сүру — дәстүрлі заңдастырылған неке ұғымы.

Некелесу мен ажырасу көрсеткішін 1990 жылдан бастап қарасақ, 1997–2000 жылдары некелесу деңгейі төмендеп кеткен. Бұдан кейінгі жылдарда көрсеткіш көтеріліп, 2014 жылдан бастап қайта түскенін байқаймыз. Ажырасу туралы шешімді көп жағдайда әйел қабылдайды екен. Некенің бұзылуына жұбайлар арасындағы түсініспестік, қаржылық қиындық, мінездің жараспауы, ішкілікке салыну, құмар ойынға салыну, есірткіге тәуелділік, отбасын тастау, ерінің қол көтеруі себеп болады. Ер азамат көбінесе әйелімен өзара түсінісе алмағанын, мінезінің жараспағанын немесе жаңа отбасы құрғанын айтады.

Ерлердің 86,3%-ы мен әйелдердің 90,6%-ның ойынша, әйел адамның дамуына дүниеге келген балалар себеп болады.

Сондай-ақ ерлердің 86,2%-ы мен әйелдердің 84,3%-ы ер адамның да өзін-өзі жетілдіруі үшін ұрпақ керек екенін алға тартады.

«Ұрпақтар және гендер» зерттеуі көрсеткендей, ажырасу мен жұп/жұбайлардың айырылысып кетуіне қаржы мәселесіндегі келіспеушіліктер себеп болған. Әрі мұндай жағдай әрбір бесінші отбасында кездескен. Келесі көп кездесетін себеп — балаларды тәрбиелеуде ортақ келісімге келе алмау (18,6%). Уақыт өткізудегі қайшылықтар (15,5%), достық қарымқатынастан туған келіспеу (14,7%) де ажырасудың көп кездесетін себептерінің бірі. Сондай-ақ 14% отбасында үйден жұмыс істеу кесірінен кикілжің туған. Қазақстандық әрбір он отбасыда екі жақтың ата-анасымен қарым-қатынасы ұрыс-керіске себепші болған. Жұбайлардың өмірге бала әкелу туралы бәсі бәсеңдеу болса да тізімге ілініп тұр (8,5%). Заңды некесіз құрылған отбасында некесі заңды қиылған отбасыға қарағанда түсініспестік жиі туындайды.

Отбасылық құндылық дағдарысының алдын алу үшін түрлі елдердің тәжірибесіне сүйенуге болады. Мәселен Испаниядағыдай міндетті отбасылық өмір психологиясы курсы өткізу немесе Өзбекстан сияқты болашақ жас жұбайларға арналған инновациялық мектептер ашып немесе кейбір дамыған елдердегі неке шарттарын енгізу. Отбасы ұлттық құндылықтарды қорғай отырып заманға сай бейімделу керек. Сондықтан да қоғамда жаңа эгалитарлық отбасы үлгісі туралы жиі айтылып жүр. Онда ер азамат пен әйелдің отбасындағы жаңа рөлі талданып жатқандықтан, мұндай қадамға дәстүрлі дайындықпен келетін әйелдер секілді ерлердің де саналы түрде шешім қабылдауға тиіс екені айтылады. Әке болуға әзірлік жасөспірімдердің тұлғасында болашақ ата-аналық қарым-қатынас жүйесінің қалыптасуымен анықталады. Мұндай жауапкершілікке жоғары деңгейде дайын болу дегеніміз — ер адамның болашақ балаға деген оң көзқарасы, өзін келешек әке ретінде танып, ата-аналық міндеттің маңызын терең түсіне алуы. Жасөспірімнің әке болуға жоғары деңгейдегі әзірлігінің белгілері: ер азамат баланың сөйлеуіне, өзін қауіпсіз сезінуіне ықпал етіп, оның анасымен жұбайлық қарым-қатынас құруға әрекет етеді.

Әке болуға психологиялық тұрғыдан дайын азамат тәрбие бере алатынына сенімді әрі ата-аналық рөлін атқаруда оң нәтиже көрсетеді. Жақсы ата-ана өзінің мүлт кеткен тұстарын мойындай алады. Баланың керегі мен қажетін қанағаттандыра алады. Болашақта жақсы әке болатынын көрсететін ерлерге тән қасиеттер: ақкөңіл, қамқор, өзіне сын көзбен қарайды, мейірімді, кісімен қызметтес болуға бейім және өз қатесін біледі.

Әке болуға құлқы жоқ адам өзін болашақ бұл бейнеде елесетете алмайды, ұрпақ сүюге де аса құштар емес. Бұл типтегі жас әкелер тым қатал болып келеді, баланың агрессиясы мен сексуалды танымын басып тастағыш әрі балажан емес. Мұндай жасөспірімдер көбінесе өзінің отағасылық қызметіне көңілі толмайды, осы жолда өз жанын пиде етіп жүргендей сезініп, балаға шектен тыс қамқор, әр басқан қадамын

қадағалайтын әке рөліне енеді. Әке болуға әзір емес адам эмоцияға сараң, балажан емес, өктем сөйлегіш, суық, тәуелсіз немесе керісінше тым эмоционалды, өзіне сенімсіз, жігерсіз, жалтақ, тәуелді болады.

Толық отбасында тәрбиеленген жасөспірімдер болашақ әке рөлі мен бала тәрбиесі тақырыбына дұрыс қарайды. Толық емес отбасында өскен жеткіншектерге әке рөлі томаға-тұйықтықпен өлшенеді немесе қарама-қарсы мағынада жүреді. Әкесіз өскен жасөспірімдердің болашақта балаға шектен тыс көңіл бөліп, ересек пен бала арасындағы шекарадан шығып кетуі жиі кездеседі.

Ер адам есейген сайын әке болуға психологиялық тұрғыдан дайын болады.

Ер адам есейген сайын әке болуға психологиялық тұрғыдан дайын болады. Бұл жағдайда бала тәрбиесі мен қарым-қатынас демократизациясы жолға қойылады, әке болудың негативті тұстары да артықшылығы да көрінеді. Ересек адамдар өзінің бала өмірінде алатын орнына сенімді, олардың баланың анасымен отау құру мен маңызды жауапкершілікке қадамы сенімсіздік пен қорқыныштан басталады. Ер адам есейгенде әке болуға ықыласы артады. Жылдан жылға белсенді, қуатты, батыл әрі ашық жарқын нағыз әке бола бастайды.

Белсенділік, шығармашылық, сенімділік, табандылық сияқты тұлғалық қасиеттер әке болуға психологиялық дайындықтың жоғары екенін көрсетеді. Ал мәртебелі міндетке дайындығы орташа адамдар сенімді қарым-қатынасқа ұмтылып, таным, мәселені шешудің конструктивті жолын іздейтіндерден болып келеді. Дайындықтың төмен болуы сенімсіздік, шашыраңқылық, немқұрайлылық, сенбеушілік сынды мінез-құлықпен бағаланады.

Жасөспірімдерді арнайы психологиялық бағдарламамен әке болуға даярлауға болатыны туралы жақсы жаңалық бар. Оның көмегімен психологиялық компоненттерді қалыптасыруға болатын сыртқы жағдайлар жасалады. Әке болуға психологиялық тұрғыдан дайындаумен қатар тұлғалық ерекшелікті ашу және позитивті «Мен-концепциясын» қалыптастыру жұмысы жүргізіледі.

Психолог мамандар ата-ана болудың бірнеше кезеңін атап өтеді: Баланы өмірге әкелу туралы шешім қабылдау, жүктілік, ата-ана атану кезеңі, кемел ата-аналық шақ және ата мен әже атанған кез. Ер адамдардың осы кезеңдерді өткеруде өзіндік қыр-сыры болады екен.

ӘЙЕЛІ БАЛА КӨТЕРГЕН УАҚЫТҚА ДЕЙІНГІ ӘКЕ БОЛУ ПАЙЫМЫН ТҮСІНУ

1 Бұл әке атанғаннан бастап әйелінің аяғы ауыр екенін естігенге дейінгі аралықты қамтитын теориялық этап. Бала ата-анасының арасындағы қарым-қатынас арқылы әкенің бейнесін бойына сіңіреді. Әкесі мен анасының ықпалы баланың жас шамасына қарай өлшенеді. Әке де ана сияқты баланы қоршаған ортамен, өз дене бітімін және ойын арқылы оның атқаратын қызметтерін тануға көмектесетін фигура. Ата-анасының қарым-қатынасы бастауыш сыныпқа барғанда және жасөспірім кезінде бала үшін өз ортасындағы мінез-құлық моделі болады.

Дегенмен әке болу түсінігін қалыптастыруға тек отбасылық жағдайлар әсер етпейді. Ер адам әкесіз өссе, бірақ бойында ер азаматқа тән мінез-құлық моделі болса жақсы ата-ана бола алады. Орта есеппен 18–23 жасқа қарай ер адамдарда әке болудың негізгі түсініктері қалыптаса бастайды. Әдетте жастар баланы жоспарлауды жөн көргендіктен мұны келешектің еншісіне қалдырады. Олар балаларға оң көзқарас танытқанымен өбектемейді. Олардың ойынша бала өмірге келісімен ер адамның мойнына күрделі жауапкершілік артылады. Қоғамдық таптаурындар негізінде қалыптасқан жастардың көзқарасымен әке бой түзейтін тұлға, физикалық және рухани тұрғыдан тәрбиелейді, әлеуметтік қолдау көрсетіп, бала бойына сенімділікті сіңіріп, қорғайды.

ЖҮКТІЛІК КЕЗІНДЕГІ СТЕРЕОТИПТЕРГЕ ҚАЙТА МӘН БЕРУ

2 Жұбайы жүкті болғанда оның стереотиптерінің тас-талқаны шығады. Бұл этап өмірге келетін нәрестені алғаш көргенге дейін жалғасады. Көбіне ер адам әйелінің бойына бала біткенін білген кезде ештеңе сезінбейді. Әйелдің өзі де солай. Мұндай хабарды естігенде әркім әр түрлі реакция танытады. Бұл ер адамның әйелге қатысты ниетіне, материалдық, бала үшін жауапкершілік алуға әлеуметтік-психологиялық дайындығына қатысты.

Тіпті баланы дүниеге әкелу туралы шешім саналы түрде қабылданып, жүктілік жоспар бойынша жүзеге асқан күнде де бұл жаңалық ері мен әйелі үшін алаңдаушылық туғызады. Әйелінің жүктілігі ер адам үшін қалауын шектеп, жоспарын қайта құруға, тұрмыс тірлігіне қолғабыс беретін сәті. Осындайда өз назарын өзгеге аударып, бұл бірден қуаныш сыйламаса да ықылас білдіруі ер адамның жақсы әке бола алатынын айтады. Ғалымдардың айтуынша жүктілік орта мерзімге жеткенде, шамамен төртінші айда яғни әйелдің құрсағы үлкейіп, баланың бар екені көріне бастаған кезі әке болу сезімінің қалыптасуының жаңа кезеңі, сондай-ақ мәселелер туындайтын шақ.

Әйелінің құрсақ көтеруі ер адамның мойнына үлкен жауапкершілік жүктейді. Басқа сезімдерді бастан кешіп, жұбайына психологиялық тұрғыда қолдау көрсетіп, қиындығымен бөлісіп, баласын көтеріп жүрген әйелді сыртқы әлемнен қорғауды міндетіне алады. Туындаған түрлі жағдай алдында болашақ әкенің өзін лайықты ұстауы оның тұлғалығына, отбасын басқарудағы кемелдігіне, мәселені саналы түрде шеше алуына тікелей байланысты. Әлбетте оның ата-анасының өзара қатынасы да осы жерде сыр бермек.

Алғашқы этапта құрсақтағы сәбимен тілдесіп, баламен байланысқа түсу арқылы теория түрлене бастайды. Бұл процесске жұбайының тарапынан шетқақпай көруі немесе болашақ әкенің тұрақты жұмысы

мен материалдық ресурсының жоқтығы, әлеуметтік мәселелер әсер етеді. Әсіресе ер адамдар қаржылай қиындық кезінде сыртқы ортада жетістікке жетуге кедергі келтіретін экономикалық және психологиялық міндеттерінен бас тартып жатады. Ер адамдар отбасының материалдық жағдайын жауаптылық сезінгеннен көп жұмыс істей бастайды. Отбасын қамтамасыз ету үшін жүрген ерінің мұндай ісі әйелінің өзін жалғыз сезінуіне әкелуі мүмкін. Ал кей еркектер алаңдаушылық білдіру орнына жағдайды байқамаған түр танытуы мүмкін. Олар «жүктілік» ауру емес деп айтқанды ұнатады, жүрек айну, шаршау, әлсіздікке, жылауға бейім әйеліне ашуланады.

Баланың дүниеге келуіне ер адамдардың дайындығы да өте маңызды. Себебі баланы өмірге алып келудегі қорқыныштар үрей туғызып, әсері әйелге тиюі мүмкін. Жүктілік кезеңінде әйел адамға ерінің назары, шыдамы, риясыз көңілі, оның күрделі жағдайына дұрыс баға беруі қажеттілігінен адамға жоғары талап жүктеледі. Бұл кезең болашақ балаға деген қарым-қатынастың және әкенің отбасындағы орнының қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

БАЛА ӨМІРГЕ КЕЛГЕН СОҒ ӘКЕ БОЛУ СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

3 Үшінші этап тәжірибе жүзінде жүзеге асады. Бастапқыда дүниеге келген сәбимен байланыс орнату әкеге оңай емес. Соңғы екі ғасырда өкінішке қарай әкелердің рөлі материалдық қолдаумен шектеліп қалды. Алайда әкенің бала өміріне эмоционалды қызығушылық танытуы өте маңызды. Әсіресе 3 жасқа дейінгі кезеңде де бұл аса қажет процесс.

Баласымен бірге уақыт өткізетін, олардың әрбір қалауы мен көз жасына назар аударатын, қажеттілігін қанағаттандыратын әке балалары алдында үлкен беделге ие болады. Сәбилік шақта баланың әкесіз қалуы отбасылық жүйені бұзады.

Маргарет Родхолм зерттеуінде кесір тілігімен босанған балаларды 15 минут ішінде әкелері қолына алып, басын сипап, аяқ-қолын ұстап әңгімелеккен. Жаңа туған баламен бірден байланысқа түсетін анада болатын сезімі әкеге де тән. Мұндай әкелер белсендірек, бала қажеттілігіне барынша түсіністік танытады, балалармен қарым-қатынаста жағымды эмоцияда болады.

Бала туу процесіне қатысқан әкелер баланы бірден жақын тартып, толқып, кеудесін мақтаныш кернеген. Балалары көз алдында өскен. Зерттеу барысында мұндай әкелер балаларын туғаннан соң бірнеше күннен кейін көрген әкелерге қарағанда артығырақ қамқор болатыны, балаларына қатты бауыр басатындығы білінген. Сондай-ақ ер адамның туу процесіне қатысуы әйеліне деген жақындығын арттырып, арасындағы ортақ сезімді нығайтады. Әкесі алғашқы күннен бастап қолына алған бала ақылды, физикалық тұрғыда жақсы жетілген, елгезек болады. Баланы бірдей өсірген ерлі зайыптылардың бала тәрбиесіндегі туындаған мәселелерде мақсаты мен шешімі ортақ.

⁶ Маргарет Родхолм — швед психологы, Гетеборга университеті Қолданбалы психология кафедрасының зерттеушісі

Алайда психологтар балаға қамқор әкенің анадан айырмашылығы бар екенін айтады. Аналар көбіне шомылдырады, киіндіреді, жұбатады, тамақтандырады. Әкелер аналарына қарағанда балалармен басқаша ойнайды. Олар көбіне баланы физикалық дамытатын, энергия жұмсайтын ойындарға құмар. Баланы лақтырады, аяғынан, қолынан ұстап, секіріп, жүгіріп, айналдырып, арқасына мінгізіп ойнайды. Ал аналар баламен абайлап қарым-қатынас жасайды, жылы сөйлеп, сипап, мәпелеп ұстайды. Бір қызығы нәресте әкесін көрген кезде қасын көтеріп «әкем қасымда екен, ендеше ойнаймыз» дегендей ұмтылады. Эксперимент барысында ойын ойнау үшін балалар қасына серік қылып әкесін таңдаған. Бұл аналар әрқашан баланың басқа қажеттілігін қамтамасыз етіп, ал балалармен жиі әкелері ойнайтындығы себептен.

Кішкентай кезінде баласымен мықты эмоционалды байланыс орнатқан әкелер кейін баласының қалауы мен қызығушылығының өзгеріп, дамып отыратындығына сақ келеді. Ең кереметі мұндай әкелер балаларына зор ықпал жасайды. Ондай әкенің балалары тіл алғыш, әкесімен санасып оған еліктейді, жылы тартады, екеуара тығыз байланыс қалыптасады.

Посткеңестік кеңістікте ер адамдар отбасын артықшылық ретінде таңдайды, алайда әкенің архаистік асыраушы бейнесі қоғам санасынан ұмытылған жоқ. Ал балалардың күтімі мен тәрбиесі аналарының жұмысы ретінде сіңіп қалған. Бүгінде әйелдермен қатар әкелер де емізулі баланың күтімін жасап, отбасында бұрынғылар білмей кеткен ұжымдастық тууда. Осылайша отбасындағы әкенің рөлі салыстырмалы түрде тез жаңарып жатыр. Әке болудың жаңа моделі жасалып, әкелік міндет пен аналық махаббатты біріктіретін қос эмоционалды жақындық түйісіп отыр.

Ата-ана қаншалықты кемел тұлға болса балада соған сай әке болу қасиеті қалыптасады. Сондықтан орта жасқа келгенде бала сүйген әкелер толық әкелік борышын өтей алады. Пісіп жетілмеген ата-аналардың ең кең тараған қиындығы сол, олар баламен байланыстан рахат қуаныш ала алмайды. Олар көбіне баланың тамағын тоқ, киімін көк қылсам дегенге жұмыс жасап кетеді. Көбіне ақыл тоқтатқан әкелер баланы оқытуды, балаларға үлгі болуды, рухани тұрғыда ізбасары етіп қалдыруды көздейді. Мұндай әкелер мектеп жасына дейінгі балалармен және бүлдіршіндермен қарым-қатынаста үлкен рөл атқарады.

Әкемен қарым-қатынастың жоқтығы баланың дамуына қалай әсер етеді?

Психологтар баланы тәрбиелемейтін немесе дұрыс әрекет етпейтін әкенің жағдайын зерттеген. Ондай отбасында ана беделі бірінші тұрып заңдылықтың теріске шығып кетуі байқалады. Анасының абыройы басым болып, әкесінің мәртебеден айрылуы баладағы ата-ана моделінің дұрыс идентификациясын бұзады. Осылайша бүлінген модельдің келесі ұрпаққа берілу қаупі туындайды.

Қалыпты жағдайда әкесі баласының жыныстық идентификациясына айтарлықтай ықпал етеді. Баласы үшін жастайынан үлгі, еліктейтін модель, әрі жыныстық сәйкестіктің қалыптасуына септеседі. И.С.Кон анықтағандай селқос, баласынан алыс әкелер олардың ерге тән қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ете алмайды. Әкесімен аз араласқан балалар мен жасөспірімдерде қолайлы идентификация моделі болмағандықтан бойында әкелік сезім қалыптаспайды. Бұл олқылық орны жеткіншектің кейін өз баласын тәрбиелерде ойсырай көрінуі мүмкін.

Әке қыз баланың ажары мен қабілетіне, қылығына сүйсіну арқылы өзін жоғары бағалауға үйретеді.

Әке қыз баланың жасөспірім шағында жыныстық идентификациясына әсер етеді. Қыз баланың жыныстық идентификациясы дегеніміз өз жынысын қабылдай алуы. Қыз баласы әкесі арқылы 13-15 жасында өзінің болашақ әйел-ана ретіндегі өмірдегі орнын білуі керек.

Әке қыз баланың ажары мен қабілетіне, қылығына сүйсінуі арқылы өзін жоғары бағалауға үйретеді. Әкесіз өскен қыз балаларда әйел мен ер адам ара қатынасының шынайы моделі болмаса оның ер азаматтарға деген қарым-қатынасы шындыққа сай келмеуі мүмкін.

Эмоционалды даму саласында әкелік махаббаттың жоқтығынан немесе әлсіздігінен баланың өзін агрессивті ұстауы байқалған. Баланың айналасындағыларға шектен тыс дұшпандық көрсетуінің себебі анасына тым тәуелділігіне, өмірінің алғашқы сәттеріндегі оның басым рөлінің әсеріне қарсылығында жатыр. Мұндай агрессия көрсету ер азаматқа тән «менін» іздеуін білдіреді.

Сонымен бірге анасына қатты бауыр басқан балалар қатарластарымен қарым-қатынаста қиындыққа тап болуы мүмкін. Психолог А.И. Захаров балалары невроз ауруымен ауыратын, жасық, ұялшақ, томаға тұйық, әңгімеге жоқ, қауіп-қатерге тап келгіш, сақ, керітартпа, көбіне өзегелердің емес өзінің шешіміне тоқтайтын әкелерге мінездеме берген. Қызба, албырт мінезді, күтпеген әрекеттерге баратын әкелердің балалары энурез, тұтығу түріндегі неврозға шалдығады. Әкенің өз әрекетінің дұрыстығына күмәнмен қарайтын секемшілдігі немесе педантизм баласын невроз қылады. Әкенің тым қаталдығы баланың қорқынышын тудыруы мүмкін. Алайда тәртіп, талап қойылмайтын, жүгенсіз кеткен баладан да теріс эффектті байқауға болады.

⁷ Игорь Семенович Кон — Ресей және Кеңес социологы, психолог, антрополог, философ, сексолог. Ресейлік заманауи социология мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Ағартушы, ғылымды насихаттаушы, тарих және философия ғылымдарының кандидаты (1950), философия ғылымының докторы (1960), профессор (1963), Ресей Білім беру академиясының академигі (1989). (Мужчина в меняющемся мире. — М.: Время, 2009 — 649 с. Мальчик — отец мужчины. — М.: Время, 2009 — 704 с.)

⁸ Захаров Александр Иванович — медицина ғылымының кандидаты, психология ғылымының докторы, А.И. Герцен атындағы Ресей Мемлекеттік педагогикалық университеті Психологиялық көмек кафедрасының профессоры (Санкт-Петербург), Балтық педагогикалық академиясының мүшесі.



БАЛАНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ӘКЕ ЫҚПАЛЫ

Отбасындағы әке рөлі мен беретін тәрбиесі балаға пайдалылығымен, онымен бірге бір іске жұмылып, материалдық тұрғыда қамтамасыз ету, білімі мен тәрбиесін ұйымдастырумен өлшенеді.

Психологтардың байқауынша әкесіз өскен балалардың гуманитарлық икемділігі басым. Әкелік және аналық тәрбие стилдерін салыстырғанда әкенің үстемдігі баланың когнитивті мінезіне оң ықпал етеді, ал анасының үстемдігі керісінше теріс нәтиже береді. Анасымен салыстырғанда әкесінің интеллектуалды сипаты қыздың да ұлдың да когнитивті дамуына әсері бар. Әкенің мамандығының күрделілігі бала дарынына оң әсер ететіні анықталған.

Баланың өзін бағалауына жылы қарым-қатынас, қамқорлық, талапшылдық, отбасылық қарым-қатынастағы демократизм әсер етеді. Баланың өзін сүйікті, сыйлы, сезінуіне ықпал ететін ата-ананың бойындағы қасиеттер баласына беріліп, оның өз бағасын біліп өсуіне жол ашады. Осылайша ата-ананың қамқорлығы мен махаббатпен қойылған талабы баланың өзі туралы жағымды пікірде болуына көмектеседі, ал немқұрайлы қарауы кері эффект беру мүмкін.

Ата-ананың бәрі балаларын жақсы көргенімен көбі сезімін сыртқа білдірмейді. Салқындық пен қаталдық шынайы, жылы, жүректен шыққан сезімді ығыстырып шығарып жатады.

Әкенің балаға махаббаты мен мейірімін білдіруі біздің мәдениетке тән емес. Баласының қолынан жетекеп бара жатқан әкені сирек көреміз,

көбіне олар жәй қасына еріп жүргендей болады. Құшақтап, тізесіне отырғызу, мақтау, көшеде, балабақшада не істеп не қойғанын сұрау, таң қалу, шаршыны жинағанына, билегеніне, сурет салғанына сүйсіну әкелердің бәрі бірдей жасай бермейтін әрекеттер.

Біздің заманымызда ата-ананың балаға деген махаббаты ойыншық сатып алып берумен немесе басқа материалдық жағдайын жасаумен сипат алған. Алайда ойыншықтан гөрі балаға әкенің назары, түсінуі, достығы, ортақ қызығушылықтарының болуы қымбатырақ. Әке асыраушы емес, балаға әлемді танытатаын, өзіне сенімді болып өсуіне жәрдемдесетін адам. Заманауи тәрбиенің жағымсыз тұсы — мақтаудан даттаудың көптігі. Көптеген әкелер тәрбиені ескерту жасау, тиым салу, жазалау деп біліп өздерінің ата-аналық функциясын бұзады. Нәтижесінде бала 4–5 жас шамасына келгенде әкесін өзінен тек «жаман», «дұрыс емес» әрекеттерді күтетін, аса жоғары бағаламайтын, кей қылықтарын ғана емес жалпы өзін қабылдамайтын адам ретінде танитын болады. Кейін бұл қасиеттер басқаларға да таралуы мүмкін. Бала өз өзіне сенімсіз болып өседі, айналасындағылардан жағымсыз баға күтеді. Әсіресе авторитарлы стильдегі тәрбие баланың «Мен — концепциясы» үшін сәтсіз болмақ. Авторитар әкелер өз үстемдігін орнатады, олар үшін ақ немесе қара деген ғана түсінік бар .

Балаға қойылатын кез-келген талап оның дамып келе жатқан тұлғасын түзеу, оған көмектесу, көзін ашу дегенді білдірмейді. Бұлай жасайтын әкелер уақыт өте өз баласының болмысынан көркемдік көрмеуі мүмкін. Салдарынан бала өмірінің алғашқы жылынан бастап авторитар ата-анасының өзін қабылдамайтынына, қолдамайтынына сенімі артып, соңында ата-анасының махаббатын сезіне алмай, оларға керек емеспін деп түйеді. Ондай балалар үнемі қарбалас жүретін, аяқ асты шешім қабылдамайтын болады. Кез келген жаңа немесе таныс емес жағдайлардан жазаға ұшырайтындығы елестейді. Әрі бұл үрей сезімін туғызады. Авторитар әкенің дегені мен талабы бірінші орынға ал өз қалауы екінші орынға түсіп қалады. Олар өздерінің қателеспейтіндігіне өте сенімді болғандықтан баладан өзіне толық бағынуды талап етеді.

ЖАС ӘКЕ БҰЛ ҚАТЕЛЕРГЕ ҚАЛАЙ ЖОЛ БЕРМЕУІ КЕРЕК?

- 1** Бірінші күннен бастап әке бала күтіміне араласуына болады: **жөргегін ауыстыру, шомылдыру, серуенге шығару, бөтелкеден тамақтандыру.** Әрі мұның бәрін үндемей жасауға болмайды. Баланың тілінің шықпағаны сізді түсінбегені емес. Еркелетіп, күліп, оған қарап сөйлеп, оның ұмтылысына жауап бере отырып барлық әрекетті орындау керек.
- 2 Ойындардың да маңызы зор.** Балаларға ерекше, энергия беретін, жұмбақ ойындар ұнайды. Аналардың ондай ойындарға тиым салып, әкесінің «дұрыс» ойнай алмайтындығын айтуының қажеті жоқ. Себебі әкенің баламен ойнауы аналарға қарағанда әлдеқайда өзгереді.
- 3** Саябақ, балалар алаңы сияқты белсенді қозғалуға болатын қоғамдық ортада **баламен серуендеу.** Жүгіру, әткеншек тебу, құстар мен жапырақтарға бірге қарау. Әрі мұндай серуендер үзілмеуі керек.
- 4** Кішкентай балаларымен тығыз қарым-қатынастағы, олардың қалаулары мен сұрақтарына жауап беретін, қажетін алып беретін әкелер бала әлеміндегі маңызды фигура. **Баламен белсенді қарым-қатынас** оның психикалық дамуына пайдалы. Біріншіден ата-ана балаға үлгі болатын мінез-құлық үлгісін көрсетеді. Тиімді ата-ана баласы үшін барлық сұрағына жауап беретін, өмірде жол сілтеп, оны тануға көмектесетін кеңесшісі бола алады.
- 5 Балаға қамқорлық оны қадағалау екенін білдіреді.** Өткен буынның авторитарлы моделінен алыстаған ата-аналар баланың жіті қадағалау оның шығармашылық белсенділігі мен тәуелсіздігіне кедергі келтіреді деп санайды. Алайда мұндай пайым баланың ойына келгенін жасауға себепші болады. Тағы бір ата-аналар кішкентай баланың үлкендер сияқты саналы түрде өмір сүру керегін айтады. Олар баланың жүріс-тұрысын шектен тыс қадағалап, өзіне ерік бермейді. Ата-ана шектен шығып кетпей, бала қауіпсіздігінде, тәуелсіздігінде, шығармашылығындағы қажеттіліктерді есепке ала отырып жас шамасына қарай бұйрық беруі керек.
- 6** Балаларға **ақылға сиятын талаптар қойылып, жұмсақ сөйлеу керек.** Баладан не күтілетінін анық айтып, жүйелі болу. Ұнамсыз мінез-құлқын жоюға аптықпай, жағымды қасиетін дамытуға күш салу.
- 7 Балаларға зорлық көрсетуге болмайды.** Ауызға келгенді айтып тиісу зорлық болып саналады. Жаман сөз бала ойында соған ұқсас қасиеттер қалыптастырып, психикасын зақымдап, теріс ниет, қырсықтық, қыңырлық, өзін төмен бағалау, үнемі үрейде жүру сезімдерін ұялатады.
- 8 Сөкпеу және абайлап тыю.** Қателігін көзге шұқып көрсетпей, тиым салғанда жұқалап жеткізу керек. Баланың тұлғалық болмысына тиіспей әрекетінің дұрыс еместігін ғана айту. Сондықтан «сен — жамансың, себебі мынаны бұлдірдің» емес «сенің бұл әрекетіңе ашуланып тұрмын» деп айту керек.
- 9** Тәрбиелеу тұрғысынан баланы **сөгудің орнына көтермелеген дұрысырақ.** Балаға тиым салынған кезде ол нені жасамау керектігін түсінеді бірақ нені жасауды және қалай жасауды білмейді. Сондықтан қылығын тежеп немесе айыптағаннан кейін артынан дұрысы қайсы екенін көрсету керек. Баланы жетістігі үшін мақтау керек. Қолынан келмей жатса көмектесіп қолдап, өзінен бірнәрсе шығатынына сендіру. Бірақ сәтсіз әрекетін мақтауға болмайды. Бұл жетістік критерийлерін бұрмалап, өзін бағалау жүйесін бұзуы мүмкін. Балаға берілген баға оның жетістігіне сай болуы керек.

БАЛАНЫ ЖЕТІСТІГІ ҮШІН МАҚТАУ КЕРЕК

ТИІМДІ ӘКЕ БОЛУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Тиімді ата-ана атану үшін тәрбиелік кеңістік құру керек. Яғни әр бала өз бетінше дами алатын, өзін танып, әлеуметтік тапсырмалар мен мәселелерді шешуде «жетістік» дәмін тата алатындай болуы керек. Әкесі мен анасының тәрбиедегі көзқарасы бір, өзара бәтуаға келе алуы шарт.

Уақыт өте келе әкенің рөлі қалай өзгергенін қарайық. Әке уақытының көп бөлігін отбасымен өткізген кезеңде ол дәстүрлі дисциплина құрды. «Жазалау мен кешіру» құқығын иемденді әрі отбасын авторитарлы әдіспен басқарды. Әкенің қатал да мәртебелі болуын тәжірибелік қажеттілік талап етті. Нәтижесінде балалар ата-анаға тәуелді болып, олардың мінез-құлық әрекетін таптаурын етіп алған. Ал қазір керісінше көбіне аналар басшы, тәртіп сақшысы. Ал әке отбасымен бірге кешкі серуен мен демалыс күндерді өткізетін ортақ сүйікті адам. Көп әкелер беделін жоғалтып алудан қорқып ұл-қыздарын ескерту мен жазалаудан аулақ болады. Кейбір әкелер тәртіп орнатушы рөлінде өзін жайсыз сезініп бұған өзін лайық көрмейді. Отбасы психологы әрі психотерапевт В. Сатир әке мен бала арасындағы қашықтықтың қысқаруы, анасына қарағанда әкеге деген махаббат, сыйластықтың өміршеңдігі отбасы қарым-қатынасының демократизациясы жемісі екенін алға тартады. Баласының анасына қарағанда әкесіне жақындығын психологтар тәрбиелік функция спецификасына байланысты деп түсіндіреді. Әкенің талапшылдығы мен қадағалауы балаға қамқорлық секілді көрініп бұдан сыйластық туады. Ал ананың тарапынан мұндай мінез-құлықтар балаға деген тым қамқорлық пен сенімсіздікті суреттеп баланың ашуын тудырады. Дұрысында әкесі ұстаз рөлін атқарып, отбасының әрбір мүшесінің құқығы сақталатындай әрі олар өз міндеттерін еш кедергісіз атқара алатындай тәртіп орнатуға тиіс еді. Қарым-қатынастың мұндай өркениетті әдісін енгізу кішкентайларға тым қиын тимек. Олар өздерінен не талап етілетінін білмейтіні былай тұрсын, тілдері шықпаған. Өз бетімен тапсырманы орындай алмайтындықтан бір шаңырақ астына жиналады. Аналары да оқытушы рөліне енеді. Балалар өздерін тәртіпке бағындыратын әкесінің жанында сенімдірек сезінеді.



Әке болу баланың жасы мен жынысына қарай әр түрлі ықпал етеді. Көп отбасында әкелер ұлдарына қаталдық танытқанымен қыздарына жұмсақ. Әрі қыздары әкесін тыңдайды, анасына қарағанда әкесіне жақын болады. Ал аналар ұлдарына жұмсақ болып, сүйіспеншілік пен төзім танытады. Б.Спок «Әкенің балаларына қатты болуына өзінің балалық шағында себеп бар. Оларды кішкентайында ер мінезді етіп өсірген. Баладан түк шықпаса сынға ілген, содан да олар өздеріне сын көзбен қарайды. Біз өскенде өз балаларымызды өзіміздей болғаны үшін қаттырақ сынға аламыз. Ал аналар қыз күніндегісін еске түсіріп, өз қыздарын не күтіп тұрғанын жақсы түсінеді», — дейді.

Әке болудағы тәрбиелік қызметтің қалыптасуы мен жүзеге асуының ерекшеліктерін кешенді сызба түрінде көрсетуге болады. Әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық аспектілер ер адам әкенің рөлін қалай атқаратындығынан әрі тәрбие жүйесіне ықпал ететін әрекеттерден құралған.

ӘКЕНІҢ ТӘРБИЕЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ШАРТТАРЫ

Тиімді әке болу дегеніміз не? Баланың тұлғалық дамуына оң және теріс әсер ететін жағдайларға тоқталсақ. В.Дружиннің болжауынша баланың өмірінде әкенің де ананың да болуы, ата-ана баланың келешек отбасылық өмірге дайындығын жоспарлауы керек. Бұл бала есейгенде ересек адамға тән және ата-аналық функцияларды орындай алуына септігін тигізеді. Тиімді тәрбиелеуде ата-ананың бейәлеуметтік мінез-құлқы, балаға немқұрайлылығы, отбасылық өмірге бейімделуге қажетті (ойыншықтар, кітаптар, достар) яғни болашақ ата-ана функциясының жетілуіне қалыпты ортаның болмауы сияқты «қауіпті факторлар» болмайды. Тиімді әке болу сондай-ақ бала өсіріп отырған қоғам мен отбасының психологиялық «климатына» тікелей байланысты. Қоғамда ер адамның баланың дүниеге келуіне, оны тәрбиелеуге бейімделуіне септігін тигізетін қағидалар қалыптасуы керек. Олардың бала тәрбиелеудегі белсенділігін қолдайтын заңнамалық актілер, сондай-ақ ер адамды әке болуға дайындайтын қоғамдық бағдарламалар болуы керек.

Болашақ әкенің қалай өсіп келе жатқаны әке болу моделінің қалыптасуына өте қатты әсер етеді. Отбасылық тәрбиеде кеткен шикіліктерге бала-бақшадағы және мектептегі кеткен қателіктер қосылып баланың ата-ана болу туралы түсінігін бұзады. Отбасындағы олқылықтар ата-ананың тұлғалық, жалпымәдени дамуынан, педагогикалық және психологиялық біліксіздігінен, толық емес отбасынан, теріс микроклиматтан, отбасылық өмірдің берекесіздігінен туындауы мүмкін.

Тәрбие, білім беретін мекемелердегі жаңсақтық тәрбиешілердің бұл аспекті тұрғысынан отбасымен байланыс орната алмауынан, ал отбасын ұйымдастыру, отбасылық қарым-қатынас туралы білім беру тәрбие жұмыстарының әдісі мен формасынан алынып тасталған болуы мүмкін немесе мүлдем болмаған.

Болашақ әкеге оның психофизиологиялық және тұлғалық ерекшеліктері — генотип, психоматикалық денсаулығы, психофизикалық дамуы, психикалық жағдайы, адамдарға, дүниеге, өзіне деген көзқарасы, ортасымен байланысты белсенділік деңгейі әсер ететінін де ұмытпау керек.

Байқағанымыздай баламен тиімді байланыс құру, тиімді әке болу туа бітті қасиет емес. Тиімді әке болып қалыптасу сыртқы және ішкі процестердің нәтижесінен екен. Бастысы бұл қарым-қатынаста саналы әке болу, жүктелген міндеттің маңыздылығын түсіну, тәрбие моделін таңдауда артықшылығына мән беру.

А.Н. Леонтьев әке болуды құрайтын тәрбиелеу фазаларын жіктеген:

1 Дайындық фазасы. Бұл этапта ер адам жүктелгелі тұрған тәрбие міндетін түсінеді және оны орындауға дайындалады. Болашақ әке осы бағыттағы белгілі бір позицияға сүйенеді. Адам өз ата-бабасынан мәдени тәжірибе мұра етеді. Әке мен бала арасындағы байланыс, тәрбиелік ұстанымдар ата-ана арқылы ұрпаққа беріледі. Әр әке бала дамуындағы орны мен рөлін түсіну арқылы өз тұлғасын ашады. Әкенің өз міндетінің мәнін іздеуі өзіндік тәрбиелік позициясын қалыптастырады.

2 Жүзеге асыру фазасы. Тәрбиелік міндетте әкенің жетістікке жетуі саналылықтан басталады. Тәрбиені жаңа ұрпақтың қоғамдық-тарихи тәжірибені сіңіріп, өмірдің барлық көріністеріне дайын болуына жағдай жасау (материалдық, рухани, ұйымдастыру) деп қарастыруға болады.

Әкесі мен шешесі балаға әлеуметтік нормалар, құндылықтар, дәстүр мұра етеді. Е.А. Нестерова айтпақшы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас екі жақтың да тұлғалық және эмоционалдық саулығының дамуына әсер етеді.

Тиімді ата-ана болу критерийі:

1. қосалқы жүйе бөлігі «бала қарым-қатынасы»:

өзімен қарым-қатынас;
ата-анамен қарым-қатынас;
қоршаған ортамен байланыс;

2. қосалқы жүйе «ата-ана қарым-қатынасы»:

ата-ана ретінде өзімен қарым-қатынас;
баламен қарым-қатынас;
отбасылық тәрбие стилі.

Тиімді әке ата-ана ретінде өзін келесідей тәртіпте дамытуы керек:

Өзін-өзі дамыту, жетілдіру, өз қабілетін іске асыру, тұлғалық потенциалды (өмірлік күш-қуат қорын) іске асыру, өзін өмір мен жағдайдың қожайыны, жасампаз сезіну, жаңа қабілеттерін ашып, өз мүмкіндіктерін пайдалану.

Әке болудың тағы бір тармағы — бала дамуында, онымен қарым-қатынаста жоғары нәтижелерге жету. Сондай-ақ әкенің ішкі дайындығы мен дұрыс тәрбиелік мақсатының болуы.

Ата-ана үшін қоғамдық мәні бар әлеуметтік борыш бар. Ол дегеніміз ата-ана тәрбиесінің қоғамға қосар үлесі, әлеумет алдында арқалар жауапкершілігі.

Ал тиімсіз ата-ана билеп-төстеу, өз үстемдігін орнату арқылы балаларын тексеріп қажет болса сөгіп, жазалап, жүріс-тұрыс қағидасымен өсіреді. Бұлай тәрбиелеудегі түпкі мақсат та белгісіз, нәтижесі бұлыңғыр.

¹¹ Алексей Николаевич Леонтьев — Кеңес психологы, философ, педагог және ғылым ұйымдастырушысы. Жалпы психология мәселелерімен (психиканың эволюциялық дамуы; жад, зейін, тұлға және т.б.) және психологиялық зерттеу әдіснамасымен айналысқан. Педагогика ғылымының доктор (1940), РСФСР ПҒА толық мүшесі (1950), Мәскеу мемлекеттік университеті Психология факультетінің тұңғыш деканы (Потребности, мотивы и эмоции. — М., 1973).

¹² Нестерова Евгения Александровна — психология ғылымының кандидаты, «Формирование эффективного родительства через развитие личностной зрелости родителей младших школьников» диссертациясының авторы.

ҚАЛЫПТАСУ – ӘКЕ БОЛУДЫҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ-ҚАЖЕТТІЛІК ТАРМАҒЫ

Әке болудың мотивациялық-қажеттілік тармағы		Мотивация сипаттамасы
Әке болу мотивациясы	Өзін-өзі дамыту, жетілдіру, өз қабілетін іске асыру мотивациясы	Тұлғалық потенциалды (өмірлік күш-қуат қорын) іске асыру, өзін өмір мен жағдайдың қожайыны, жасампаз сезіну, жаңа қабілеттерін ашып, өз мүмкіндіктерін пайдалану.
	Бала дамуында, онымен қарым-қатынаста жоғары нәтижелерге жету мотивациясы	Мотивация түрлерінің бірі жетістікке жету мен сәтсіздіктен қашу. Жетістік мотивациясы бастапқы әлеуметтік ұғымға қосалқы мән үстейді:
	Әлеуметтік борыш мотивациясы	«өз мүмкіндігінің деңгейін көтеруге ұмтылу»
Әке болудың тиімсіз мотивациясы	Үстемдік орнату мотивациясы	Айналасындағы адамдар алдында өзін артық санау (күшті, нәтижелі, ақылды). Билеп-төстеуге ұмтылу, құру. Ең мықты болуға талпыну, өзін сыйлау, өз-өзіне көңілі толу, тек өз күші мен қабілетіне ғана сенімді.

Әкенің негізі қызметі — баланы әлеуметтік дамуына қажеттіліктермен қамтамасыз ету әрі әлеуметтенуіне жағдай жасау. Мұндайда әкенің тәрбиелік міндетінің нәтижесін баланың дұрыс әлеуметтік дамуымен көре аламыз. Әкенің тиімді тәрбиесінің арқасында бұл нәтижеге жету жеңілдейді немесе мүмкін болады. Бұл тұлғаның дамуы мен күйін бұзбайды. Ал керісінше тәрбиелеуде мақсатқа жете алмау, тұлғаның дамуын қиындату тиімсіз әрекеттің жемісі.

Отбасының тәрбиелік мүмкіндіктері ата-ананың баламен қарым-қатынас стиліне байланысты. Баланың ата-анамен ұнамды эмоционалды байланысы тәрбиені жеңілдетсе, теріс процесс керісінше қиындатады. Тәрбиелеу стилі баланың адамгершілігіне әсер етеді. Балаға деген сенімге, сыйластыққа құрылған қарым-қатынас олардың өзін құнды сезінуін, тәуелсіздігін, бойындағы ізгілігін қалыптастырады. Бұйрық стиліндегі тәрбие баланың тұйық, ызақор, қатал, адамгершілігі төмен, жігерсіз, соқыр тәуелді, мазасыз болуына әкеледі.

ТИІМДІ ӘКЕ БОЛУ БЕЛГІЛЕРІ

	Критерийлер атауы	Белгілер
Тәрбие нәтижесі	Тұлғаның субъектілік қасиеті	
	Сана-сезім субъекті	«Мен» жағымды образы және өзін дұрыс бағалау
	Қарым-қатынас субъекті	Ата-анасымен қарым-қатынаста төменгі эмоционалды дистанция және разылық; қолайлы отбасы жағдайы;
	Қызмет субъекті	Әлеуметтік, танымдық рефлексия дамуы, қарым-қатынаста оң белсенділік таныту, әлеуметтік дұрыс-мінез құлық, қызметтің ұжымдық формаларына әзірлік, дауды өз бетінше бейбіт жолмен шеше алу, әлеуметтік қағидаларды қабылдау және сақтау. Жақсы оқу, Ойын, ғылыми әрекеттердің (рефлексия, кодтау, болжау) негізгі тәсілдері қалыптасу. Ойын және білім салаларындағы жетістік.
Әке болудың мотивациялық-қажеттілік негізі	Әке болудың мотивациялық-қажеттілік тармағы	Өзін дамытуға, ата-ана саласында білімін жетілдіру, ата-аналық міндетті сезіну, баланы дамытуда жоғары нәтижеге жетуге ұмтылу.
	Баламен қарым-қатынас	Баланы эмоциямен қабылдау, өзара эмоционалды байланыс және жағымды сезім, қарым-қатынасқа ұмтылу, балаға, оның мүмкіндігі мен күшіне сену, қарым-қатынасқа қанағаттану.
	Отбасылық тәрбие стилі	Демократиялық стиль тиімдірек болады.

Тиімді тактикалар: ынтымақтастық отбасылық тәрбие стилі, қарым-қатынас құруда баланың жасы мен жағдайына мән беру, қолдау көрсету, ата-аналық рөлді эмоционалды қабылдау, бала жағдайын түсіну, оның оқиғасының себебін түсіну, баланың мінез-құлқы мен жағдайына ықпал ете білу, онымен қарым-қатынаста эмпатия таныту, қойған талаптарда жүйелілікті ұстану.

Тиімді әке болу барлық фактор жұмылдырылғанда және белгілі психологиялық және педагогикалық шарттарды сақтағанда қалыптасуы мүмкін. Процесстің тиімділігі әкенің тәрбиелік міндетіндегі мотивациялық-қажеттілік пен оны орындау, бақылау, бағалау компоненттерінің бір болуына байланысты анықталады.

3

ЖАУАПТЫ ӘКЕ БОЛУ — ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ШЕШІМІ



Күйеу және әке: қазіргі заманғы түсінік

ЕР-АЗАМАТТЫҚТЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

Ерлердің іс-әрекеті туралы дәстүрлі идеяларды ұстанған ер адам тез өзгеретін бүгінгі қоғамға дұрыс бейімделе алмайды. Әлеуметтік-тұлғалық асқақ талаптар («ер адам әрқашан және барлық жерде бірінші кезекте болуы керек») және қақтығыстарды күш қолдана отырып шешуге ұмтылу («нағыз ер-азамат күш қолдануы керек») ер адамның ерекшелігі мен мүмкіндігіне сәйкес келе бермейтін жанжал мен агрессивтілікті тудырады. Бұл, әсіресе, дағдарыс жағдайларында ушығып, агрессия ұлғая түседі. Өзіне артылған үмітті ақтай алмағанын сезгенде ол «орындалмаған ер-азаматтықтың синдромына» кезігеді де, депрессиялық көңіл-күйі, әлеуметтік апатиясы, өзіне-өзі қол жұмсауға деген сезімі ұлғайып, «үйреншікті әлсіздік» стратегиясына көшеді (қиындықтармен белсенді күресуден бас тарту және өзгелерді қанаудың бір құралы ретінде әлсіздігін пайдалану).

Ер-азамат бастан өткеретін жағымсыз жағдайлардың жиынтығы олардан күткен мінез-құлық моделімен жалғаса жүреді, ол гендерлік-рөлдік конфликт деп аталады. Гендерлік зерттеулерде ер адамның дәстүрлі бейнесіне анализ жасау арқылы қоғамдағы ер-азаматтың рөліне басқа көзқараспен қарауға ұмтылыс байқалады. Гендерлік көзқарас аясында маскулиндік ұғымы табиғи емес, әлеуметтік дағды ретінде қарастырылады. Бұл тәсілдің басты жетістігі — ер-азаматтың тәндік, психикалық және мінез-құлықтық кешенді сипаттамаларын біріктірген біртұтас, «қатаң», әмбебап маскулиндік идеяны жоққа шығарады. Орыс тіліндегі маскулиндік сөзі ер-азамат сөзінің баламасы емес екенін атап өткен жөн. Оларда маскулиндік ұғымы ер адамдарға ғана емес, әйелдерге де тән.

Бүгінгі заманғы «нағыз ер адам» — «мықты ер-азамат» қана емес, сонымен бірге ғалым, инженер, суретші, ақын-лирик, оған қоса мейірімді әке. Әкенің мұндай түрлі қызметі оның түрлі психологиялық ерекшелігін көрсетеді».

Соңғы уақыттағы гендерлік қарым-қатынастардың өзгеруі маскулиндік жаңа терминді қалыптастырып, ер-азамат ұғымын модернизациялады. Жаңа модель дәстүрлі модельдегідей қарапайым емес, әр түрлі және өзіндік ерекшелігі бар. Жаңа модельдің айрықша ерекшелігі — ер адамның кәсіби және отбасылық өміріндегі қабілетін бір деңгейде іске асыруға үндейді. И.С.Кон: «Бүгінгі заманғы «нағыз ер адам» — «мықты ер-азамат» қана емес, сонымен бірге ғалым, инженер, суретші, ақын-лирик, оған қоса мейірімді әке. Әкенің мұндай түрлі қызметі оның түрлі психологиялық ерекшелігін көрсетеді» деп атап көрсетті».

Жаңа модельдегі өзгерістер ер-азаматтардың отбасындағы мінез-құлқына да қатысты: ер адамның үстемдігі мен иелік етуі емес, тепе-тең қарым-қатынас басты рөлге ие. Бұл, әсіресе ата-ана — бала қарым-қатынасында айқын байқалады. Перзенттерімен қарым-қатынаста дәстүрлі әке эмоционалды арақашықтықты ұстанып, балалардың күнделікті ісіне басын ауыртпаса, олардың мінез-құлқына баға беруде өктем, қатал, қатаң болса, жаңа маскулиндік модель аясындағы ер адам, керісінше, балаларға қамқорлық жасайды, сенімді және достық қарым-қатынас орнатады. Бұл қарым-қатынастар олардың проблемалары мен мүдделерін түсінуге жол ашады, объективті, бірақ балалардың іс-әрекеттерін бағалауда мейірімді болу үшін мұндай әке перзенттерімен байланысын үзбейді.

Жаңа модель қазіргі заманғы ер адамға тұлғалық даралығын сақтауға және маңызды әлеуметтік рөлдерде өз мүмкіндігін іске асыруға мүмкіндік береді. Кәсіби салада өзін-өзі мойындатуға немесе отбасылық қарым-қатынасты үйлестіруге қарағанда әке болу рөлін жүзеге асыру анағұрлым оңайырақ міндет, демек, бала–ата-ана байланысында ер адамның мінез-құлқы айтарлықтай өзгерді.

Ер-азаматтықтың жаңа моделіне сәйкес келетін әке болу тәлімінің түрлері, көбінесе Батыс мәдениетінде кең таралған, сондықтан қазіргі заманғы әкелердің жаңа мінез-құлық сипаттамаларын шетелдік зерттеушілерден жиі кездестіруге болады.

Ғалымдар әке болу тәлімінің жаңа типін анықтады:

Жауапты әке типі балаға қамқорлық жасау және оны тәрбиелеу процесіне белсенді қатысады, бірақ оның балалар дамуына қосқан үлесі анасы қосатын үлестен көп емес;

Жаңа әке типі дамып келе жатқан ер адам моделі; ол отбасы үшін жауапкершілік алып қана қоймайды, жұбайымен бірге үй міндеттерін қатар атқарады, балалардың күтіміне, олардың дамуы мен тәрбиесіне де бірдей жауапты болады.

Бұл екі типтің ортақ белгілері бар: балалармен қарым-қатынаста ер адам басым рөл атқармайды, олар ашық және эмоционалды, жайлы, мінез-құлқы ана мінезіне ұқсас. Жауапты және жаңа әке типтері дәстүрлі және бала тәрбиесіне қатыспаған әке типтерінен түбегейлі ерекшеленеді. Олар ер адамдар мен әйелдердің психологиясы, мінез-құлқы мүлдем басқа деген стереотипке сенбейді. Жаңа әке типі ұлдарды ер адамдар, ал қыздарды әйелдер тәрбиелуі керек деп есептемейді, олар қыз бен ұлды тәрбиелеу кезінде дәстүрлі көзқарасқа емес, баланың жеке тұлғасына назар аудару керек дейді.

Әке болу тәлімінің жаңа типтерін жан-жақты қарастырайық.

Жауапты және қамқор әке — жаңа типтегі ер адамның басты сипаты. Мұндай әке: балаларымен эмоционалды жақын, бала күтіміне қатысады, перзенттерімен жылы қарым-қатынас орнатады және олармен бірге ойнайды, балаларға қамқорлық жасайды, олардың физикалық және тұлғалық дамуында өзін жауапты сезінеді.

Көптеген ер адам, көбінесе табысты және әлеуметтік белсенді ер-азаматтар, отбасылық өмірге деген көзқарасын өзгерте бастайды да, бала тәрбиесіне белсене қатысады. Олар баланың тууына дайындық кезеңінде де анамен бірдей жауапкершілік арқалайды. Болашақ әке жүктіліктің «ақпараттық кеңістігінде» жүзу маңызды әрі қызық деп есептейді. Олар әйелімен бірге босануға дайындалады, баласының дүниеге келу процесіне қатысады, мамандардың пікірінше, олар сәбиге күндіз-түні күтім жасау арқылы перзентімен эмоционалды байланысын нығайтады. Мұндай әке перзентінің тәрбиесі мен дамуына, мейлі ол ұл болсын, қыз болсын, белсенді қатысады.

Жауапты әке тәлімі ана тәліміне өте ұқсас, бірақ оның бала дамуы мен тәрбиесіне қосқан үлесі ананың үлесінен азырақ. Мұндай әкелер әлі күнге дейін өздерінің кәсіби жұмысын ысырып тастап, баласы ауырғанда, науқас парағын толтырып, перзентінің қасында үйде отыруға, сол арқылы ананың орнына балаға қарап, кәсіби мансабын тоқтата тұруға дайын емес. Алайда, жұмысынан айрылған жағдайда жауапты әкелер үй міндетін қайта бөлісу туралы шешім қабылдауы мүмкін: олар ақша табу функциясын әйеліне уақытша өткізіп, балаларға

қамқорлық жасап, үй жұмысына араласуға қарсы емес. Әйелімен ажыраса қалса, мұндай әке балаларымен қарым-қатынасын үзбейді, психологиялық байланысты да сақтайды.

Жаңа әке типі алдыңғы модельдермен салыстырғанда ең аз таралған және Батыс мәдениетіне тән тип. Жаңа типтегі әке балалармен эмоционалды жақын; баланы тікелей күтімге алады, тығыз қарым-қатынас орнатып, бірге ойнайды; перзентіне үнемі қамқор болып жүреді; олардың физикалық және тұлғалық дамуы үшін жауапты.

Белсенді әке және әке болуға қызыққан әке — жаңа типтегі әке болып есептеледі. Әке болуға қызығу дегеніміз — әке болу моделінің басқа типтерімен салыстырғанда мынадай: перзентіне арнайтын уақыты бар; қамқорлық көрсетеді, баланың күнделікті ісіне қатысып отырады; бірге ойнайды және оқуға көбірек көңіл бөледі; баланың қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты нұсқауларды міндетті түрде орындайды; баланың күнделікті, апталық ісін жоспарлайды; күні бойы баласын ойлап жүреді.

Жаңа типтегі әке бұл функцияларды атқару үшін ата-ананың міндеті тең екеніне сенеді, балаларымен үнемі байланыста, олардың ісінен және мәселелерінен хабардар, балалармен көп уақыт өткізеді, ойнайды және оқуына көмектеседі. Әсіресе бұл типтегі әкенің үш жасқа дейінгі бала тәрбиесіне қосқан үлесі ерекше. Дәстүрлі әке үш жасқа дейінгі бала тәрбиесіне аз-маз ғана үлес қосса, жаңа типтегі әке бұл жастағы бала тәрбиесіне анасымен тең дәрежеде үлес қосады.

Бұл әкелер өздерінің кәсіби жүктемесін азайту және балаларына көп уақыт бөлу үшін мансаптық амбициясы мен ниетін төмендетуге дайын. Оның үстіне, жаңа типтегі әке үй жұмысы табыс табудың баламасы бола алатынын мойындайды, сондықтан отбасының белгілі бір кезеңінде ол өзінің кәсіби қызметін ерікті түрде тастауға және үйдің әкесі деп аталуға дайын, өйткені «...әкесі немесе шешесі істеп жүр ме, жоқ па, алайда бала жылу, қамқорлық және жақындықты екеуінен бірдей күтеді».

Ажыраса қалса жаңа типтегі әке әйеліне де, балаларға да қамқорлық жасайды. Осы типтегі ер адамдар бала өміріне қызығу — дәстүрлі маскулиндікпен сәйкеспейді деген көзқарасты өзгерте алды.

Әкенің бала дамуына қосқан жеке үлесін зерттеуде қызық нәтижелерге қол жеткіздік. Біріншіден, бала өмірге келгенше болашақ әке аяғы ауыр әйеліне психологиялық қолдау көрсетуі арқылы шарананың дамуына әсер етеді. Екіншіден, әке баламен ойнау арқылы сәбиді белсенді дамытады. Әкемен ойнау баланың интеллектуалдық дамуының маңызды шарты, ол сол арқылы айналадағы кеңістікті игереді, осылайша моторикасы дамиды. Үшіншіден, әке балаға әртүрлі мәселелер мен жағдайларды қалай шешуге болатынын үйретеді. Әкемен белсенді қарым-қатынас орнату баланың тәжірибесін кеңейтеді. Төртіншіден, балалар моральдық нормаларды меңгеруі үшін әке маңызды рөл атқарады. Баланың моральдық нормаларды меңгеруіне әсер ететін негізгі факторлар: ата-ананың махаббатынан айырылу қорқынышы, ата-анасы секілді мәртебелі болуға ұмтылу, ата-ана баласына көңілі толмаса баланың өзін кінәлі сезінуі және осы әрекеттердің салдарын балаға жақсылап түсіндіру. Сонымен қатар, әкесімен сенімді қарым-қатынас ұлдың ғана емес, қыздың да гендерлік бірегейлігін қалыптастыруға әсер етеді.

Бала тәрбиесіне белсенді қатысатын әкенің балалары танымдық компетенттіліктің жоғарылығымен, эмпатиямен және стереотиптік көзқарастарының аз болуымен ерекшеленеді. Қамқор әке балаларының эмоционалды саулығын сақтау мүмкіндігіне көбірек ие болады, мұндай бала сенімді болады және өскенде құрдастарымен жақсы қарым-қатынас орнатады.

Екінші жағынан алып қарағанда, бала тәрбиесіне белсенді қатысатын әке тәлімі баланың психологиялық дамуына, оның өзін-өзі тануына және тұлғалық өсуіне ықпал етеді. Дұрысырақ өмір сүру, яғни салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс әрекеттерді орындау, жоғары әлеуметтік мәртебеге және әлеуметтік қадір-қасиетке ұмтылу және жақсы қаржы табу керегін ұғындырады.

Баламен эмоционалды байланыстың және психологиялық жақындықтың маңызын мойындау эмоционалды ашық мінез-құлыққа ықпал етеді. Әдетте ер адамдар нәзік сезімдерден ұялады, бірақ ересектерге — әйелі мен ата-анасына нәзік сезімін білдіруіне қарағанда, кішкене балаға мейірімін көрсету оңайырақ. Бала тәрбиесіне белсенді араласқан әке өзін-өзі бағалай бастайды, өзіне деген сенімділікті, құрметті арттырады, бұл өмірге қанағаттану деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, әке болу тәлімі принциптерін игеру — әйелінің аяғы ауырлағанда және бала дүниеге келгеннен кейін ер адамдарда пайда болатын психологиялық қиындықтар мен қорқыныштарды жеңудің жолы.

Әйелдің өмір сыйлау қабілетіне байланысты ер адамдарда алаңдау сезімі пайда болатыны түсінікті. Бұл ер адамның өзін маңызсыз және кемелсіз сезінуіне жол ашады. Тағы бір жиі кездесетін мазасыздық: бала әйел өміріндегі ер адамның орнын иеленіп алады, әйел сол арқылы эмоционалды тұрғыдан толыққанды бола түседі де, өзіне керекті сезімнің бәрін баладан табады деген қорқыныш. Бұл сезім ана–бала симбиозында ер адамды «мен керек емес екенмін» деген мазасыз ойға жетелейді.

Жаңа әке типі ер адамдар үшін эмансипацияның бір жолына, әлеуметтік рөлден бас тартудың бір әдісіне айналуда. Сонымен қатар, бұл әлеуметтік стереотиптердің сыртқы кедергілерін жеңе отырып, ішкі әлеміңізді өзгертуге мүмкіндік береді.

Бұл жаңа модельдің қабылдануы балаларға әсер ету мәселесін тиімді еңсеруге, ер адамдардың тұлғалық құрылымындағы дағдарыстық сипатты жеңуге және ер адамның өз тұлғасын тануына ықпал етеді.

Алайда, жаңа әке типі аз. Сонымен қатар, некесіз туған балалар және ажырасу санының көбеюіне байланысты ер адамның отбасымен бірге тұрмауы әке қамқорлығын кемітіп отыр. Ер адам үшін неке және әке болу — бар болғаны «пакеттік келісім», әсіресе әке болу рөлі және оған қажетті дағдылар ана болу рөліне қарағанда мәдени тұғырдан толық сипатталмағандықтан, мұнда көп нәрсе жеке келісімге байланысты. Америка Құрама Штаттарында ажырасқаннан кейін, он баланың тоғызы анасымен қалады, содан кейін олардың әкемен байланысы шектеледі, кейде ол қарым-қатынас мүлдем үзіледі; 1995 жылғы дерек бойынша, ажырасқаннан кейін америкалық әкелердің үштен бірі балаларымен қарым-қатынасты тоқтатқан. Себебі, ер адамдардың көбі балаларына деген сезімін суытады, кейде бұрынғы әйелі мұндай байланысқа қарсы болады. Соның салдарынан макроәлеуметтік деңгейде бала тәрбиесіне қатыспаған әке азаймай, керісінше ұлғайып келеді.

Бұдан балалар мен әйелдер ғана емес, әкелер де зардап шегеді. Баласын жақсы көретін ер адам жауапкершіліктің жаңа сипатына ие болады да эмоционалды тұрғыдан шеттетіледі. Ажырасқанда мұның бәрі оған кері әсерін тигізеді.



Әке болудың жаңа стилі ер адамның жанын нәзік ете түседі. Өзге процестер де әртүрлі. Гендерлік теңдіктің өзі ата-ана рөлі мен практикасы арасындағы нәзік алшақтықты жоққа шығармайды. 1974 жылы Швецияда ерлі-зайыптылардың рөлі заңды түрде теңестірілген, 100% өтемақы алатынына қарамастан, әкенің аз ғана бөлігі ата-ана демалысын алу құқығын пайдаланады, ал әйелдер ер адамдарға қарағанда үй және бала күтіміне 5 есе көп уақыт жұмсайды. ...Дәстүрлі әйел критерийі арқылы әке болу тәжірибесін бағалауға болмайды. Уинзор Мак-кей әке болу туралы мысқылдап: «Ер адам — онша жақсы емес ана», — дейді. Әке болу туралы көптеген салыстырмалы зерттеулер жетекшісі, америкалық психолог Майкл Лам былай дейді: «Психологтардың үміттенгеніне қарамастан, әке мен ана балаға бірдей әсер етеді, олардың арасындағы айырмашылық ұқсастықтарға қарағанда аз, балаларға әсер ету тетіктері мен құралдары ұқсас. Ата-ананың жынысы/гендері маңызды емес, тәлім беру стилі маңызды. Бала дамуына ата-ананың перзентімен қарым-қатынас сипатына қарағанда әкенің тұлғалық сипаты, мысалы, ерлік, интеллект, эмоционалды жылулық және жауаптылық көбірек әсер етеді. Ата-анасымен тұрақты, қолдау табатын, тығыз және эмоционалды байланыста болған балалар мұндай байланыста болмағандарға қарағанда психологиялық тұрғыдан толыққандырақ болады.

БАЛА ЖӘНЕ АТА-АНА ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ ҮШІН АНА МЕН ӘКЕ ТЕҢДІГІ ИДЕОЛОГИЯСЫН БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ТАРАТУ КЕРЕК.

Сол сияқты, баласымен бірге уақытты құр өткізіп қана қоймай, оны қалай өткізу керек және балалар үшін қалай өткізген маңызды деп есептейтін адамдардың осы өзара қарым-қатынасты қалай қабылдап, бағалайтыны да аса қажет дүние. Әке мен баланың жеке қарым-қатынасы күллі отбасының қарым-қатынасындағы жалпы жағдайға қарағанда елеусіздеу секілді көрінеді. Әке отбасында бір емес, бірнеше рөл атқарады, ал әкенің жетістігі сол әртүрлі қарым-қатынастың барлығында дұрыс байланыс орната алуына байланысты.

Әке ықпалының табиғаты жеке және мәдени құндылықтарға, мысалы, ата-ананың ұл мен қызға бірдей немесе әртүрлі гендерлік белгілерді қалыптастыруға тырысатынына байланысты. Басқаша айтқанда, барлық әке ұмтылатын бірегей «әке рөлі» жоқ. Табысты әке — белгілі бір әлеуметтік жағдайға байланысты өз ісін жақсы орындайтын адам».

Балалардың да, олардың ата-аналарының да жан-жақты дамуы үшін ана мен әке теңдігі идеологиясын белсенді түрде тарату қажет. Әкелерді саналы және белсенді етуге, жаңа типтегі сүйікті, қамқор әке бейнесін қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік саясат ер адамдарға ата-ана тәрбиесінің жаңа бағытын игеруге көмектеседі.

¹³ Уинзор Мак-Кей — америкалық карикатурист, аниматор, белгілі суретші және комикстер авторы. Маккей мультипликацияның пионерлерінің бірі, өзі салған суреттері арқылы соңына ергендерден бірнеше жыл уақыт алға озды. Уолт Дисней және фильм жасаушы өзге авторлар танымал қылған және индустрияның стандартына айналған технологияны тұңғыш болып қолданды.

Репродуктивті денсаулықты қорғау мен профилактика



Репродуктивті денсаулық кең мағынада репродуктивті аурулардың болмауы немесе бедеуліктің алдын алу ғана емес, физикалық, психикалық және әлеуметтік салауаттылық деген сөз. Бұл тұжырымдама қанағаттанарлық және қауіпсіз жыныстық өмірді, балалы болу мен отбасын жоспарлау мәселелерін өз бетінше шешу мүмкіндігін білдіреді. Ер адамдар мен әйелдер тууды бақылаудың қауіпсіз, тиімді, бағасы тұрғысынан қол жетімді және қолайлы әдістері туралы ақпаратқа қол жеткізуге құқылы. Репродуктивті құқықтарды қорғау «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» **Қазақстан Республикасы Кодексінің 17-тарауында бекітіліп, 96-бапта азаматтардың құқығы былай көрсетіледі:**

Азаматтардың:

- 1 Ұрпақты болуды еркін таңдауға;
- 2 Ұрпақты болу денсаулығын сақтау және отбасын жоспарлау жөнінде көрсетілетін қызметтерді алуына;
- 3 Өздерінің ұрпақты болу денсаулығының жай-күйі туралы дәйекті және толық ақпарат алуға;
- 4 Бедеуліктен емделуге, оның ішінде Қазақстан Республикасында рұқсат етілген, ұрпақты болудың қазіргі заманғы қосалқы әдістері мен технологияларын қолдана отырып емделуге;
- 5 Жыныс жасушаларының, ұрпақты болу ағзаларының тінінің донорлығына;
- 6 Контрацепция әдістерін пайдалануға және еркін таңдауға;
- 7 Хирургиялық стерилизациялануға;
- 8 Жүктілікті жасанды түрде үзуге;
- 9 Өзінің ұрпақты болу құқықтарын қорғауға;
- 10 Балаларының санына және олардың некеде немесе некесіз тууының уақытына, туу аралығындағы ана мен баланың денсаулығын сақтау үшін қажетті аралық жиілікке қатысты шешімді ерікті түрде қабылдауға;
- 11 Жыныс жасушаларын, ұрпақты болу ағзаларының тінін, эмбриондарды сақтауға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша, контрацепцияны қолданатын репродуктивті жастағы әйелдердің үлес салмағы соңғы жылдары 38-39% аралығында өзгерді. Бұл көрсеткіш, әсіресе контрацепцияны қолдану деңгейі 88%-ті құрайтын кейбір дамыған елдермен салыстырғанда, өте төмен деңгейде дер едік. Қазақстанда мұндай әйелдердің үлес салмағы ауылдық жерлерге қарағанда қалаларда жоғары (44,0 және 31,0%).

Репродуктивті денсаулық көрсеткіштерінің анализі қауіпсіз ана болу саласында Қазақстан үлкен жетістікке қол жеткізгенін көрсетті: ана өлімі төмендеді. Солай бола тұра басқа көрсеткіштер маз емес, атап айтқанда репродуктивті денсаулық саласындағы контрацепцияның заманауи әдісін қолдану саласындағы білім деңгейі төмен. Қазақстан үшін маңызды проблемалардың бірі — жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау. **15–19 жас аралығындағы жасөспірімдердің босану жиілігі, әсіресе ауылдық жерлерде, көп болып тұр.**

Жыл сайын орта есеппен 15 пен 18 жас аралығындағы 1000 қыздың 5–6-уы аборт жасайды. **Қалалық құрдастарына қарағанда ауылдағы жасөспірім қыздардың қалаусыз жүктілік пен жасөспірім шақта бала босануы 12%-ке көп.**

ЮНФПА-ның техникалық қолдауымен жүргізілген зерттеулерге сәйкес, 18-ге толмаған жастардың 21%-інің алғашқы жыныстық тәжірибесі бар және 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдердің үштен бірі жыныстық қарым-қатынас жасап жүрген болып саналады. 15-19 жас аралығындағы жыныстық қарым-қатынас жасап жүрген қыздардың 16,7%-і, яғни бестен бір бөлігі жүкті болған. Сұхбаттасқан қыздардың 62%-і баласын өмірге әкелсе, 22%-і жасанды аборт жасатып, 16%-і түсік тастаған. Сонымен қатар, кейбір жасөспірімдер жыныстық өмірінде сақтанбағанына алаңдамайды. Респонденттердің 91% АИТВ және ЖҚТБ, сондай-ақ жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) туралы жеткілікті білмейді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қазақ дерматология және жұқпалы аурулар ғылыми орталығының мәліметі бойынша, 2019 жылы Қазақстанда АИТВ-ның жыныстық жолмен берілуі 62,7%-ті, ал қан арқылы жұқтыруы 32%-і құраған.

Репродуктивті денсаулық мәселелері туралы хабардар болмау аборт санының, жыныстық жолмен берілетін аурулардың және репродуктивті денсаулық проблемаларының, әсіресе бедеуліктің көбеюіне әкеледі.

Репродуктивті денсаулықтың жай-күйі репродуктивті құқықтардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етумен тығыз байланысты, оның ішінде білім алу және ақпаратқа қол жеткізу құқығы да бар. Бұл репродуктивті және еркін репродуктивті таңдауды, қалаусыз/жоспарланбаған жүктіліктің, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар мен АИТВ-ның алдын алуға мүмкіндік береді. Дұрыс ақпарат жыныстық қарым-қатынасқа қатысты сауалға жауап береді, репродуктивті денсаулықты сақтау мәселелері бойынша жасөспірімдер мен жастардың дұрыс іс-әрекет жасауына ықпал етеді, олардың репродуктивті құқықтарын қамтамасыз етеді.

Репродуктивті құқық — ер адам мен әйелдің репродуктивті денсаулығына қатысты құқық. Оның ішінде балалардың дүниеге келуі, туу уақыты мен бала туу арасындағы интервал туралы, сондай-ақ осы мәселелер бойынша ақпарат алу құқығы, оған қоса еркін және тәуелсіз шешім қабылдау құқығы.

Репродуктивті жастағы әйелдердің жартысы ғана контрацепцияны қолданады.

Жасөспірімдердің репродуктивті құқығы:

Ақылы және ақысыз репродуктивті таңдау жасауға, АИТВ-ның және басқа да жұқпалы қоздырғыштардың жыныстық жолмен берілуіне жол бермеуге мүмкіндік беретін білім алуға және ақпаратқа қол жеткізу құқығы;

Сапалы репродуктивті денсаулыққа қол жеткізу құқығы;

АИТВ-дан, жыныстық жолмен берілетін басқа да инфекциялардан (ЖЖБИ) сақтайтын дәрілер арқылы қорғану және контрацепция құралдарын алу құқығы

Қазақстандағы «Ұрпақтар және гендер» зерттеуінде (2019) бала туу болжамын респонденттер жауабына қарап бағалауға болады, олар 3 жыл ішінде бала көтергісі келетінін айтқан. 18–19 жастағы репонденттердің шамамен 24,4%-і үш жыл ішінде бала көтергісі келсе, 30–39 жас аралығындағы респонденттердің 21,3%-і жақын арадағы үш жыл ішінде сәбилі болуды қалайды екен.

Туу коэффициенті әйелдің отбасылық жағдайына, білімі мен жұмыс деңгейіне және тұрғылықты жеріне байланысты өзгереді. Серігінің мәртебесі туралы айтсақ, зерттеу кезінде заңды некеде тұрған әйелдердің туу көрсеткішінің ең жоғары деңгейі — 2,28, ал серігі жоқ әйелдерде — 1,03 бала, некесі тіркелмеген әйелдерде — 1,37 бала бар екені анықталды. Төмен және орта білімді әйелдердің бала саны шамалас: білімі төмен әйел 1,89 бала, ал білімі орташа әйел 1,8 бала дүниеге әкелген. Ал жоғары білімі бар әйел өмірге әкелген баланың орташа көрсеткіші әлдеқайда аз — 1,46 бала. Сондай-ақ, зерттеу кезінде жұмыс істейтін әйелдер арасындағы бала саны аз (1,5), бұл олардың босану уақытын кейінге ысыра тұруды қалайтынына байланысты болуы мүмкін. Қала мен ауыл арасында айтарлықтай айырмашылық бар: қалалық әйелдердің туу коэффициенті бір әйелге 1,43 баладан келсе, ауыл әйелдерінде 2,18 баладан келеді.

2,18

ауылдық жерде бір әйелге 2,18 баладан келеді

1,43

қалада бір әйелге 1,43 баладан келеді

Ұрпақсыз некенің 40–50%-інің себебі — ер адамның репродуктивті жүйесінде ақаудың болуы

Әртүрлі мәліметтер бойынша, ұрпақсыз некенің жиілігі 10–15%-тен 18–20%-ке дейінгі аралықта. Мұндай некенің 40–50%-інде балалы болмаудың себебі — ер адамдардың репродуктивті жүйесінің ауруы, оған қоса үштен бірінен көп жағдайда ер адамдардың белсіздігі екенін ұмытпаған абзал. Репродуктивті денсаулығындағы проблемаларды атап өткен респонденттердің санаулысы ғана дәрігердің көмегіне жүгінгені де бізді алаңдатады.

Мұның себебі, әйелдерде медициналық-профилактикалық көмек жеткілікті дамыса, ал ер адамдардың репродуктивті денсаулығына қатысты іс-шаралардың балама жүйесі жоқ.

Соңғы уақытта көптеген себеппен ер адамның денсаулығы алаңдата бастады. Ол себептер: халықтың қартаюуы, өмір сүру сапасын жақсартуға ұмтылу, аурулардың алдын-алу және ерте диагностикалау проблемалары. Ер адамның репродуктивті денсаулығы бесіктен басталатыны және олардағы белсіздіктің 70%-і балалық шақта дамитаыны белгілі. Дүниежүзілік статистика көрсеткендей, әр сегізінші отбасында ұрпақсыздық проблемасы бар, ал әрбір алтыншы ерлі-зайыпты бедеу және белсіз, белсіздіктің өсу себептерінің бірі — балалар мен жасөспірімдерде жыныс мүшелерінің ақаулары мен аурулардың көбеюі. Бұл жайт қоршаған ортаға, әлеуметтік факторлардың ықпалына, экономикалық қайта құруға, урбанизацияға байланысты болып тұр.

Сексуалдық функцияның төмендеуі немесе жоқтығы ер адамның өмір сапасына әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар өмір ұзақтығына да ықпалын тигізеді. Қазақстан Республикасында ер адамдардың орташа өмір ұзақтығы әйелдерге қарағанда 10% төмен. Сексуалдық денсаулық өмір сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Толыққанды сексуалды өмірге қабілеттің жоғалуы – психофизикалық ауыр жарақат және жасырын мүгедектіктің ең қауіпті түрі. Эректильді дисфункция (ЭД) семіздікпен, атеросклерозбен, артериялық гипертензиямен (АГ), қант диабетімен (ҚД) байланысты.

Көптеген жыл бойы Қазақстандағы ер адамның денсаулығын сақтау проблемасы жекеленген медициналық мамандықтардың құзырында еді, бұл мамандардың тәжірибе алмасуға мүмкіндіктері болмады. Бұл проблеманың барлық аспектісін қамтитын және ер адамның өмір сүру ұзақтығы мен өмір сапасын жақсартуға бағытталған шараларды реттейтін мемлекеттік бағдарлама болған жоқ. Бірақ көп ұзамай «Ерлер және репродуктивті денсаулық» бағдарламасы пәнаралық негізде урологтардың, эндокринологтардың, психологтардың, кардиологтардың, сексопатологтардың және басқа да мамандарігерлерінің қатысуымен жасалды, бұл ер адамның денсаулығын сақтау және қорғау бойынша үлкен жобаға серпін берді.

Мамандардың болжамы бойынша, алдағы 10 жылда 18–27 жас аралығындағы ер адамдардың үштен бір бөлігі (3,8 млн адамға) азаяды. Еңбекке қабілетті жастағы ер адамдар арасындағы жоғары өлім көрсеткішімен қатар, репродуктивті жүйесінің ауруы бар ер адам саны да өсіп келеді. Бүгінгі таңда урологиялық ауруы бар адамдардың 78%-і ұлдар, жас жігіттер мен ер адамдар.

Ер адамдардың репродуктивтілігі бірнеше факторға тәуелді:

Генетикалық немесе тұқым қуалау (оның ішінде Клайнфельтер синдромы да кіреді);

Адамның өмір сүру салтына тәуелді немесе алдын алуға болатын факторлар (темекі шегу, алкоголь, есірткі, улы заттар тұтыну, тамақтану нормаларын сақтамау, стресс, зәр шығару-жыныстық жүйенің әртүрлі аурулары және, ең алдымен, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар).

Ерлердің репродуктивті жүйесінің жұқпалы және қабыну аурулары жыныс бездерінің эндокриндік функциясының бұзылуына әкеледі, ер адамның репродуктивті әлеуетін едәуір төмендетеді, әйелдің репродуктивті бұзылысын туғызады, бала туу ықтималдығын төмендетеді және жүктіліктің асқынуы мен түсік тастау қаупін арттырады. Физикалық белсенділіктің төмен деңгейі, қозғалмайтын кеңсе жұмысы, дұрыс тамақтанбау семіздік пен метаболизм синдромына әкеледі, сонымен қатар ер адамдардың репродуктивті функциясына кері әсер етеді.

Висцеральды майдың проценттік мөлшерінің көбеюі, оның бұлшықет массасынан басым болуы тестостерон деңгейінің төмендеуіне әкеледі, бұл жыныстық құштарлықты төмендетіп, сыртқы тұрпатты феминизациялайды және қуықасты безі ауруының ерте дамуына әкеледі. Бұрыс өмір салты кесірінен пайда болатын эндокриндік бұзылыстар тамыр жүйесінде ауытқулардың пайда болуына, атап айтқанда, эректильді дисфункцияға жетелейді, ал ол ерте жастан инсульт пен инфарктқа ұрындырады. Бұл ер адамның өлім себебі ретінде ең көп аталатын аурулар, ал бұл көрсеткіш елдегі демографиялық жағдайға кері әсер етеді. Өкінішке қарай, ресми статистикада ер адамдар арасындағы белсіздіктің жиілігі туралы нақты ақпарат жоқ, өйткені ер адамдар бұл проблемамен мамандарға жүгінгісі келмейді, диагностика жетілмеген, андролог-дәрігерлер де жеткіліксіз.

56,3%

ер адамда эректильді дисфункция белгілері бар

30,4%

ер адамның фертильді бұзылыс белгісі бар

42,4%

ер адам жыныстық жолмен берілетін жұқпалы аурулардың тасымалдаушысы

Б.У. Жарбосынов атындағы Урология ғылыми орталығының мәліметі бойынша, 14 облыста және Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында ер адамдарды скринингтік зерттеу барысында олардың 56,3%-інде эректильді дисфункция белгілері анықталды; фертильділіктің бұзылу белгілері ер адамдардың 30,4%-інде; жыныстық жолмен берілетін инфекциялар 42,4%-інде бар. Қазақстан Республикасының техногендік аймақтарында жұмыс істейтін 26 мыңнан аса ер адамды тексеру кезінде мұнай өндірісі саласында жұмыс істейтіндердің 63,5%-інде және түсті металлургия кәсіпорындарында жұмыс істейтін ер адамдардың 53,2%-інде репродуктивті функцияның бұзылғаны анықталды. Ер адамдарға арнайы уроандрологиялық көмек көрсету мәселесі Қазақстанда өте өзекті болып тұр.

Жоғарыда жазғанымыздай, ер адамның бедеу болу себептері репродуктивті жүйенің туа біткен аурулары (крипторхидизм, монархизм, тұқым қуалайтын синдромдар, жыныстық қалыптасу жүйесінің бұзылуы және т.б.), бала кезде пайда болған түрлі аурулар (жарақат, ота, орхит, эпидидимит, варикоцеле, гипогонадизм және т.б.) болуы мүмкін. Оған қоса жүре пайда болған аурулар да бар, мысалы, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар. ДДҰ мәліметтері бойынша, ЖЖБИ — адамдар медициналық көмекке жүгінетін негізгі бес санатқа жатады. Соңғы бес жылда олардың жиілігі 1,5 есе өсті, ал халықтың репродуктивті денсаулығының нашарлауына осы аурулардың себеп болу көрсеткіші 50%-тен асады.

Қалыптасқан жағдайды өзгерту үшін төмендегі іс-шаралар қажет:

Отбасы рөлін күшейту, отбасылық құндылықтарды сақтау, отбасын жоспарлау мәдениетін нығайту;

Жауапты ана мен әке болу тәлімі;

Балалардың тууы мен тәрбиесі үшін қолайлы материалдық жағдай жасау.

Қалыптасқан отбасылық дағдарысты мемлекет қайраткерлері мен дәстүрлі діни конфессиялардың беделді өкілдерінің бірлескен іс-қимылынан еңсеру мүмкін емес. Отбасы институтын нығайту мемлекеттің басты басымдықтарының бірі болуы керек, тек бірлескен күш-жігердің арқасында ғана отбасылық тамырды тереңдетіп, нығайтуға болады.

Жүктілікті жоспарлаудағы ер адамның рөлі

Әйел адам секілді, ер-азамат та мынадай жағдайларға байланысты шешім қабылдауда жауапты:

Контрацепцияның тиімді әдістерін қолдана отырып, қалаусыз жүктіліктің алдын алу;

Бала саны мен тууды жоспарлау; асқынулардың алдын алу, өз денсаулығына, серігінің репродуктивті денсаулығына құрметпен қарау.

Ерлі-зайыптылардың екеуі де жүктілік пен отбасын бірге жоспарлауы керек, жоспарлы жүктіліктің алдын алу үшін контрацепцияның тиімді әдістерін де бірге таңдауы және оларды пайдалану үшін ортақ жауапкершілікті сезінуі, сонымен қатар жанама әсерлердің қаупін біліп, бір-бірінің денсаулығына назар аударуы өте маңызды.

Жүктілікті жоспарлау кезеңінде бала көтеру және бала туу әйелдің ғана емес, ерлі-зайыптылардың ортақ міндеті екенін түсіну керек. Сондықтан жүктілікті жоспарлауға әкенің белсенді қатысуы өзі үшін де, әйелі үшін де, әлі өмірге келмеген нәресте үшін де маңызды.

Сүйікті әйелінің жүктілігі мен босануына жауапкершілікпен қарайтын жас әке көбейіп келе жатқанын айта кеткен жөн. Қазір баланың өмірге келуіне қатысты ата-ананы дайындайтын бағдарлама көп және баланың өмірге келу процесіне әкенің белсенді қатысуы ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасын нығайтып қана қоймайды, сонымен бірге, бұл процеске белсенді араласу балаға деген әкелік сезімнің пайда болуына да орасан зор ықпал етеді деген сөз жиі айтылады.

Контрацепцияның тиімді әдістерін таңдау және қолдану процесінде қалаусыз жүктіліктің алдын алуда ер адамның рөлі маңызды. Соңғы 25 жылда жасалған контрацепцияның ең тиімді әдістері дәстүрлі түрде әйелдерге ғана бағытталған. Бірақ жүктіліктің ауыртпалығын көтеріп, бала туып, оны тамақтандыратын әйел екеніне қарамастан, ұрпақты болу функциясын басқаруға әйел ғана мүдделі болмау керек. Әйел адам қандай да бір себептермен контрацептивтерді қолдана алмаса немесе қолдануға дайын болмаса ер адамдарға арналған контрацепция көмектесуі керек.

Контрацептивті құралдарды пайдаланудың тиімділігі:

- 1.** Жүктіліктің алдын-алуда жыныстық серіктестер жыныстық өмірде еркін болады, бұл жоспарсыз жүктілікке алып келуі мүмкін деп алаңдамайды;
- 2.** Контрацепция ерлі-зайыптыларға қалаған уақытта ғана балалы болуға мүмкіндік береді;
- 3.** Таңдау еркіндігі отбасының материалдық және әлеуметтік әлауқаты үшін қажет;
- 4.** Ерлі-зайыптылар балаларына контрацепция әдістерін қолдануда үлгі бола алады, яғни бала болашақта отбасын дұрыс жоспарлай алады және жоспарланбаған жүктілік пен ЖЖБИ-мен байланысты проблемаларға тап болмайды;
- 5.** Мүшеқапты қолдану АИТВ және басқа да ЖЖБИ-мен түрімен ауыру ықтималдығын едәуір төмендетеді, басқа контрацептивтер ЖЖБИ мен АИТВ жұқтырудан қорғамайды.

ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАҒАНДА ЕР-АЗАМАТ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

Отбасын жоспарлау процесіне ер адамның қатысуы:

Әйелі мен өзінің денсаулығын сақтау мақсатында отбасын жоспарлау әдісі туралы шешім қабылдауға деген жауапкершілік;

Қауіпсіз жыныстық іс-әрекетті қамтамасыз ету;

Жүктілік пен жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) профилактикасын жақсарту үшін контрацепцияның паралель әдісін қолдануға дайын болу.

Контрацепция әдістерін таңдағанда, ер адам негізгі артықшылықтары мен кемшіліктерін білуі керек.

Ер адамдарға арналған контрацепцияның жалпы артықшылықтары:



Көптеген әдістердің организмге мүлдем зиян тигізбеуі;

Кез-келген жағдайда қолдану мүмкіндігі;

Жанама әсері жоқ.

Ер адамдарға арналған контрацепцияның жалпы кемшіліктері:

ер адамның контрацепцияның белгілі бір әдісінен бас тартуы (жеке, психологиялық немесе әлеуметтік себептермен);

белгілі бір әдісті қолданғысы келмеуі;

ер адамның отбасын жоспарлау мәселелері туралы хабардар болмауы;

кейбір әдістердің тиімділік деңгейінің жеткіліксіздігі.

Ерлерге арналған контрацепция әдістері:

барьерлі;

Жыныстық қатынасты үзу (бұл әдістің тиімділігі аз екенін ұмытпаңыз!);

хирургиялық: хирургиялық ерікті стерилизация (вазэктомия).

Соңғы жылдары жүктілікті жоспарлау тек әйелдің ісі болып санала бастады. Ер адамдар баланың бойға сәтті бітуі және дүниеге келмеген баланың денсаулығы ерлі-зайыптылардың екеуіне де тікелей байланысты екенін түсінеді. Алайда, ер адамның қалай дайындалуы керек екенін бәрі бірдей біле бермейді.

Бірден айтайық: болашақ ата-ананың жаңа адамды өмірге әкелудегі үлесі бірдей. Баланың ДНҚ-сы әке ДНҚ-ның 50%-і және ана ДНҚ-ның 50%-і, сондықтан ер адам мен әйел бірдей дайындалуы керек. Эволюциялық тұрғыда ер адам генетикалық мобильділіктің тасымалдаушысы болып саналады. Әйел, керісінше, «консервативті», ол алдыңғы ұрпақтарда жинақталған генетикалық кодты сақтайды және балаларға өткізеді. Әйелден балаға Х хромосома ғана беріледі. Ал баланың жынысы ер адамның хромосоманы беруіне байланысты: яғни ер адам Х хромосома берсе қыз немесе Y хромосома берсе ұл дүниеге келеді. Дәл ер адамның жыныс жасушалары өмірге келмеген баланың жынысын айқындайды.

Ең дұрысы, дені сау баланы дүниеге әкелу үшін жаман әдеттерден аулақ болған жөн (өйткені сәбидің организмінде ұрық жасушасы туғанынан бастап болады), ер адам баланы әйелінің бойына бітіруі үшін дайындық

оп-оңай. Сперматозоидтар 3 айда жетіліп, толығымен жаңарады, сондықтан кем дегенде осы кезеңде ер адам өмірін түзетуі керек.

Ол үшін:

Анализ тапсырып, текресуден өтіңіз.

Жаман әдеттерден бас тартыңыз.

Андролог-дәрігер мен репродуктологтың консультациясына тыңдаңыз, олар болашақ әкеге қажет дәрумендер жазып береді.

Дұрыс тамақтаныңыз.

Психологиялық дайындықтан өтіңіз.

Баланы ананың бойына бітіру процесі кезінде эмоционалды барьерлер, күмән мен стресс кейде физиологиялық факторлардан да зор кедергі келтіреді. Әке болуға деген ұмтылыс өзін-өзі тану құралы немесе өзіңе немесе басқаларға бірдеңе дәлелдеудің тәсілі болмауы керек. Ең алдымен, болашақ ата-ана өзіне сұрақ қоюы керек: олар өзі үшін ғана емес, сонымен бірге бала үшін де жауап беруге дайын ба? Өмір салтын өзгерте ала ма? Қолайлы жағдайларды, әдеттерін, өз уақытын қия ала ма? Сарапшылардың айтуынша, ана болу көптеген әйел үшін қандай қиын болса, әке болу ер адамдар үшін сондай қиын психологиялық қадам. Бұл туралы шешім қабылдау үшін сізге ақпарат қажет, оны басқа әкелермен қарым-қатынас орнату арқылы тез табасың, сондықтан дайындық кезеңінде жас ата-аналармен байланыс орнату өте маңызды. Балаңызға күтім жасау туралы қиын сұрақтар қоюдан және бәрін нақтылап алудан қорықпаңыз, өміріңіздегі өзгерістерге дайын екеніңізге көз жеткізу үшін әртүрлі өмірлік жағдайларды қолданып көріңіз. Әке болуға деген саналы көзқарас мақсатыңызға тезірек жеткізеді және көптеген қиындықты айналып өтуге көмектеседі.

**АНА БОЛУ КӨПТЕГЕН ӘЙЕЛ
ҮШІН ҚАНДАЙ ҚИЫН БОЛСА,
ӘКЕ БОЛУ ЕР АДАМ ҮШІН СОНДАЙ
ҚИЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАДАМ.**

Жүктілікке дейінгі, жүктілік кезіндегі және босанғаннан кейінгі кезеңдердегі ер-азаматтың рөлі



Баланың әкесі және отбасының басқа бір мүшесі — ер адам әйел босанғанға дейінгі және кейінгі кезеңде көмектесе, бұл ана мен баланың денсаулығы мен саламаттығы үшін өте маңызды. Зерттеулер көрсеткендей, ата-ана жүктілік процесіне бірдей көңіл бөлсе, аналар стреске аз ұрынады. Партнерлары әйел консультацияларындағы дәрігер қабылдауына бірге жазылған аналар бірінші триместрде және одан тыс уақытта жоспарлы тексеруден мүлдем қалмаған немесе бармаған кезі аз. Босану кезінде қасында партнері болған әйел толғақты жеңіл өткізген, атап айтқанда, жылдам әрі ауырсынбай босанған. Бір зерттеу нәтижесі мынаны көрсетті, бала дүниеге келе сала оны күтімге алған ата-ананың сәбиімен эмоционалды байланысы тығыз болған. Сонымен қатар, Пруэттің пікірінше, әкесі ерте жастан баланы қамқорлығына бөлесе, болашақта ондай әке баласына сексуалды зорлық көрсету мүмкіндігі едәуір азаяды екен.

Жүктілікті бақылаудың медициналық артықшылықтарына қарамастан (мысалы, асқынуларды ертерек анықтау), қызметтің осы түріне қол жеткізуде кедергілер әлі де бар. Атап айтқанда, жүкті әйелдерді медициналық мекемелерге бағыттаудың төмен деңгейі денсаулық сақтау жүйесінің қымбаттығына, сенімсіздікке, көліктің жетіспеуіне және қызмет көрсету сапасының төмендігіне байланысты. Тіпті сапалы дәрі-дәрмектің көмегімен жүкті әйелдерді қолдайтын және білікті медициналық көмек құқығын пайдалануға көмектесетін жақтастарының болмауы мүмкін. Ер адамды осындай жақтас ретінде белсенді түрде тарту әйелдерге сапалы қызмет көрсетуге және денсаулық сақтау саласында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Баланы үмітпен күту әке үшін де, ана үшін де бірегей құбылыс. Олардың әрқайсы әлеммен және бір-бірімен қарым-қатынастың жаңа қырын ашады. Әке сезімі, ана сияқты, құнды және назар аударуға тұрарлық. Біреудің сезімін елемей отбасында сенімсіздік пен реніш тудыруы мүмкін.

Баланы өмірге әкелу кезеңі әйелдің психологиялық жағдайының өзгеруімен сипатталады. Жүктіліктің алғашқы айларындағы әйелдің эмоционалды өмірі — бұл көңіл-күйдің жиі құбылуы, кейде көз жасы және ауыр физикалық сезімдердің ауысуы: токсикоз, жүрек айнуы, іш қату, ұйқының бұзылуы, аяқтың ісінуі, өсіп келе жатқан іштің өкпені қысуы. Ер адам әйелінің ауруы мен өткір сезімталдықтарына түрліше қарайды. Әсіресе әсерленгіш әкелер жұбайының жағдайына қатты алаңдайтыны соншалықты, олардың да жүрегі айнып, тәбеті тартпайды, тіпті әйелімен бірге салмақ та қосып алады. Басқалары әйеліне ықпал етуге тырысады, оның барлық ұсыныстарды, қатаң диетаны ұстануын талап етеді және оны кез-келген уайым мен қозғалыстан қорғайды. Мұндай мінез-құлық жұбайын толығымен өзіне бағындыру әрекетінен туындауы және әйелінің демалысын ғана қатты қадағалауы мүмкін (мысалы, досының үйіне баруға немесе дүкенге баруға тыйым салынады, бірақ уақтылы дайындалған түскі ас қажет). Тағы біреулері болашақ ананың «қыңырлығына» мүлде мән бермейді — барлық әйел осы жағдайды бастан өткереді; әйелдің кез-келген адекватты тілегі орынсыз болып есептеледі. Көптеген ер адам әйелінің қалыптан тыс жағдайына не істерін білмейді, бұл жалғыздық сезімін тудырып, үйден безіп кеткісі келу сезімін өршітуі мүмкін. Кейбіреулер әйелінің түрліше жағдайына ашуланады, себебі ол қалыпты жайлы өмірді бұзып отырған жоқ па.

Жүктіліктің келесі кезеңінде, төртінші айда, жүкті ана өзін жақсы сезінеді. Өзін-өзі жақсы сезіну және эмоционалды жағдайы анаға ең маңызды функцияны орындауға көмектеседі: баланы жақсы көретінін өзі де түсінеді және сәбиіне деген сүйіспеншілігін құрсақтағы балаға да сезінуге мүмкіндік береді. Бұл сіздің эмоцияларыңызды балаға саналы түрде бағыттау керек деген сөз емес. Құрсақтағы бала қозғалғанда жағымды сезімдерді сезіну жеткілікті және қысқа мерзімді жағымсыз әсерлерден тез айығып, позитивті күйге оралып отыру керек. Психологтар жүктілік кезіндегі күйеуі мен әйелі арасындағы ең үйлесімді қарым-қатынас уақыты ретінде екінші триместрді (жүктіліктің шамамен 4-тен 7 айына дейін) атайды. Бұл ерлі-зайыптылар жаңа жағдайға бейімделетін, бір-біріне қайта көз тастап, енді екеу емес, үшеу болатынын анық сезінетін уақыты.

Жүктіліктің соңғы айларында кейбір әйелдің күш-қуаты артып кетеді: олар өнімді жұмыс істейді, бір емес, екі адамның күшін иеленгендей болады. Мұндай жағдайда көптеген әйел басқаларды шектен тыс қамқорлығына бөлейді, олардың денсаулығына қатты алаңдай бастайды, өзінді сақта деген талап көпшілікке бірдей ұнай бермеуі мүмкін. Күш-қуатын бағалап және шынымен қажет болған кезде (мысалы, ауыр заттарды жылжитқанда) көмек көрсеткен күйеуіне әйелі үнемі риза.

Бірақ басқаша да болуы мүмкін. Жүктілік міндетті түрде әйелге шексіз бақыт сыйлайды. Осындай «болмашы бақыт» туралы ойланыңыз, осы кезеңде (әсіресе айы-күні жетіп қалғанда) әйел адам тіпті тамақ ішуге қиналуы мүмкін, өйткені тамақтанғаннан кейін бірнеше сағат бойы тыныс алу қиындайды. Жүктілік кезіндегі кез келген әйел өзінің сыртқы келбетіне, дәрігерлерге үнемі баруға, анализ тапсыруға, түйсігіне сенуге, өз денсаулығы мен өмірге келмеген баланың денсаулығы үшін жауапты болуға көңілі тола бермейді. Бұл өтпелі кезеңді неғұрлым тыныш өткізіп, қарым-қатынасты нығайтудың дұрыс тәжірибесін қалыптастыру үшін шиеленісті жағдайларды мүмкіндігінше ертерек шешу жолдарын бірлесіп іздеген дұрыс.



ЖҮКТІЛІК КЕЗІНДЕГІ ШҰҒЫЛ КӨМЕК

Жүкті әйел шарананың өміріне және өзіне қауіп төндіретін жағдайға кезіксе, оған ер адамның қолдау көрсетуі өте маңызды. Медициналық көмекке жедел жүгіну керек екенін көрсететін белгілер:

Тәулігіне бес реттен артық құсу;

Жыныс мүшелерінен қанды ірің ағуы;

Басының қатты ауыруы;

Артериальды қан қысымының көтерілуі;

Қауіпті ісінулер.

Жүктілік кезіндегі жыныстық қарым-қатынас

Жүктілік кезінде жыныстық өмірге тыйым салынбайды, бірақ көп жағдайда әйелдің әл-ауқатына және қалауына байланысты. Түсік тастау қаупі, мерзімінен бұрын босану қаупі туған жағдайда және басқа да жағдайларда жыныстық белсенділіктен бас тарту керек. Бұл жағдайда жүктіліктің алғашқы үш айында байланыстан бас тартқан дұрыс. Бұл мәселені дәрігермен талқылау өте маңызды!

Серігімен босанудағы ер адамның рөлі

Әкелердің бірнеше буыны ұрпағының қалай дүниеге келгенін көрмеді, бірақ бүгінде әкелердің бала туу процесіне қатысуы қалыпты жағдайға айналды. Кейбір ерлі-зайыпты мына мәселеге алаңдайды: әкесі есінен танып қала ма, әйелі оның көз алдында сексуалдық тартымдылығын жоғалтпай ма? Жоқ және жоқ, егер бірлескен бала туу туралы шешімді ерлі-зайыптылардың екеуі бірге қабылдаса және екеуі бірдей дайындық курсынан өтсе ешқандай кедергі болмайды. Баланың дүниеге келуі бойынша бірлескен жұмыс отбасы тарихындағы ұмытылмас сәтке айналады және бұл жағдай олардың одағын біріктіреді — мұны көптеген ерлі-зайыпты растайды. Әйел күйеуіне сенсе, күйеуі оған және баласына көмектескісі келсе және оған жеткілікті күші барын сезінсе, бірге босану туралы шешім оңтайлы болады. Бұл жағдайда күйеуінің алақаны, жігерлендіруі, қолдау көрсетуі, қорғауы әйелге көп көмектеседі. Ер адам босану процесіне қатысу-қатыспауды өзі шешеді. Біреуі саналы түрде, келесісі қазір сәнге айналғандықтан әйелінің босануына серік болып барады. Тағы біреуін әйелі ұзақ үгіттеп көндіреді, ал енді басқасы бала туу әйелдің ғана шаруасы деп бұл істен ада-күде бас тартады. Пікірлер әр түрлі және оның әрқайсысының да өз шындығы бар. Қалай болғанда да әйеліңіздің босану процесіне серіктес боламын деп шешсеңіз, оған барынша көмек көрсету үшін өз рөліңізді нақты түсіну маңызды.

Босану кезінде күйеуі не істеуі керек?

Бастысы — әйелдің қажеттіліктерін қанағаттандыру, оның жағдайын жеңілдету, босану кезінде әйеліңіздің айтқанын тыңдаңыз. Алдын-ала талқылау қажет және әйелмен бірге не істеу керегін келіскен жөн.

1 Алдағы босануды әйеліңізбен талқылаңыз.

2 Баланың өмірге келу барысы мен кезеңдері туралы мүмкіндігінше көп оқып, үйренуге тырысыңыз. Сонда абдырамайсыз. Әйеліңізге қалай көмектесуге болатыны туралы акушермен кеңесіңіз.

3 Толғақ басталғанда, әйеліңіздің денесін, аяқтың, жамбастың, іштің, арқаның, иықтың, қолдың, беттің бұлшық етін босаңсытуға тырысыңыз. Ширыққан жүз — дененің өзге бөліктеріндегі ширығудың белгісі.

4 Жұбайыңызды арлы-берлі жүруге сендіріңіз. Серуендеу босану процесін 30% жылдамдатады. Бұл, әсіресе, толғақтың басында маңызды. Мүмкін емес деп ойласа да, әйеліңізді қозғалтуға тырысыңыз.

5 Әйелге ыңғайлы позицияны табуға және оны мезгіл-мезгіл өзгертуге көмектесіңіз. Орнынан көтерілуге, отыруға, тұруға, еңбектеуге, тізерлеуге көмектесіңіз. Ол толығымен шаршаған кезде ғана төсекке жатқызыңыз.

6 Әйеліңіздің иығын, қолын, аяғын ысқылаңыз. Оның белі ауырса, арқасын басу арқылы ауырсынуды жеңілдетуге тырысыңыз. Қажетті нүктені тапқанша уқалай беріңіз.

7 Ауруханада жағдай болса, әйеліңізге ванна немесе душ қабылдауға көмектесіңіз. Су — босану кезіндегі табиғи ауырсынуды басатын құрал. Су жылы болуы керек, бірақ ыстық болмасын.

8 Әйеліңіздің бетіне жылы немесе суық судан компресс қоюға болады.

9 Әйелдің организмі кеуіп кетпегеніне көз жеткізіңіз, өйткені бұл жағдайда ол өз функцияларын толықтай орындай алмайды. Перзентханада су ішуге рұқсат бермесе, кішкене мұзды сорғызып көріңіз.

10 Әйелдің қарны ашуы екіталай, бірақ тамақ сұраса, бір қасық бал, кепкен жеміс, кішкене крекер беріңіз. Аурухана рұқсат бермесе, ауруханаға барар алдында әйеліңіздің тамақ жеп алғанына көз жеткізіңіз.

11 Әйеліңізді телефон қоңырауы мазаламайтынына көз жеткізіңіз.

12 Әйеліңізді ауруханаға өзіңіз апаратын болсаңыз, барлық жол ережелерін сақтай отырып, абайлап жүріңіз. Уақыт жеткілікті, асықпаңыз.

13 Әйелге моральдық қолдау көрсетіп, оның күшіне сеніңіз, оның организмі қалай және не істеу керегін біледі.

14 Әйеліңізге ыңғайлы екеніне көз жеткізіңіз. Мүмкін болса, шамдарды өшіріңіз, жағымды әуен қойыңыз. Медицина қызметкерлері дәрекілік көрсетіп, қысым жасамауын қадағалаңыз.

15 Әйеліңізге жағымды нәрсе туралы айтыңыз.

16 Әйеліңізге міне-міне дүние есігін ашқалы тұрған нәрсесте туралы айтыңыз.

17 Дәрігерлер тексеріп, анализ тапсырған кезде де әйеліңіздің қасында болыңыз. Оған жақын адамы керек.

18 Жұбайыңызға дұрыс тыныс алуды түсіндіріңіз. Алдымен оның тыныс алу ырғағын қайталаңыз, содан кейін біртіндеп тыныс алу жиілігін өзгерттіңіз, әйеліңіз сіздің тыныс алуыңызды бейсаналы түрде қайталайды.

19 Әйеліңіздің өтінішіне мұқият болыңыз. Оны әлдене мазалайды, тітіркендіреді, кедергі келтіреді. Мұны реттеуге тырысыңыз.

20 Әйеліңізді мақтаңыз. Қарапайым сөзбен айтқанда, ол қаншалықты керемет екенін, бәрін қаншалықты жақсы жасағанын, тіпті сөзіңіз жасанды шықса да, қайталап айтып беріңіз.

21 Әйеліңіздің босану кезіндегі уақытты рахаттанып өткізіңіз. Бұл сіздің өміріңіздегі ең маңызды сәттің бірі, бәрін есте сақтауға тырысыңыз.

22 Өзіңізбен бірге камераны ұмытпаңыз және балаңыздың өмірінің алғашқы минуттарын кем дегенде бірнеше рет суретке түсіріңіз.

СЕРІГІҢМЕН БІРГЕ БОСАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Ұзақ мерзімді бірлескен дайындық серігіңмен рухани жақындасуда маңызды рөл атқарады, мұндай шешуші сәтте жұбайы қасында болған әйел өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінеді.

Баланың өмірге келу процесіне қатысқан ер адам бала мен жұбайына мейіріммен және құрметпен қарайды.

Әкесі босанған әйеліне көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге баланың дүниеге келу процесі мен алғашқы іңгалаған сәтін түсіріп алу үшін оператор бола алады.

Серігі массаж жасап, әйеліне ыңғайлы отыруына көмектеседі және әйелінің босануы кезінде медицина қызметкерлерінің әрекетін бақылайды.

Серігі перзентханаға: жеке куәлік, ауыстыру үшін таза киім мен аяқ киім, сондай-ақ бір жыл аралығында тапсырған флюорография нәтижесін ала баруы керек.

Баланы омыраумен емізу

Нәресте өмірге келгеннен бастап алты айға дейін бірыңғай омыраумен емізу және қалауына қарай қанағаттандырып отыру дұрыс дағды. Бала бұл кезде ана сүтінен басқа ас-суға мұқтаж емес. Омырау сүті құнарлы заттар мен сұйықтыққа, дәрумендерге бай әрі қорытуға сәбидің мүмкіндігі жететін толыққанды тамақ. Бұдан бөлек омырау сүтінің құрамында баланы инфекциядан қорғайтын аналық антидене бар. Сондай-ақ босанғаннан кейін баласын бірден омырау сүтімен емізудің ана денсаулығына пайдасы зор. Бұл ұрықжолдасты туып, жатырының кішіреюіне көмектеседі. Алты ай бойы бірыңғай омыраумен емізу жүкті болып қалудан сақтайды, дегенмен бұған толық кепіл жоқ.

Омыраумен емізу әйелді сүт безінің рагымен аурудан қорғайды. Ана омырауы жиі босаған сайын, сүті молая түседі. Әйел ағзасы баланың сұранысына бейімделеді. Түнгі тамақтандыру сүттің көбеюіне жақсы көмектеседі. Дұрысы бала қалауына қарай қашан, қанша емгісі келсе сонша, күндіз де түнде де (күнінен 8-10 реттен кем емес) емуі керек. Баланы шамадан артық тамақтандырып жіберуден қорқудың қажеті жоқ, себебі ол тойғанын біледі. Егер қандай да бір себеппен әйел баланы емізе алмаса бұған бола уайымдаудың қажеті жоқ. Есесіне баланы бөтелкемен тамақтандырып жұбайыңызға көмектесуге мүмкіндік болады.



Босанғаннан кейінгі кезең

Әйелдердің жаңа рөлге бейімделуі үшін мәдениетімізде салт-жоралғылар жетерлік, ал ер адамға өзгеріс оңайға соқпайды.

Әйелді перзентханадан гүлмен қарсы алады, баланы қырқынан шығарған кезде әйелге сыйлық беріп, тілек жаудырады. Ал әке атанған азаматты ешкім ескермейді. Алайда ер адамның әке рөліне енуі де маңызды оқиға. Олар үшін ешнәрсенің ырымы да жасалмайды. Егер әке әйеліне серік болып баласының дүниеге келу процесіне куә болуға шешім қабылдаса, экзистенциалды толғанысты өткерген оған ешкім мән бермейді. Ешқандай салтқа емес ішкі ресурстарына сүйеніп, өз жолын табуға тура келеді.

Екеуі де түн ұйқысын төрт бөліп, стресс пен үрей құшағында жүреді. Олар бір-бірінен, достары, туған-туысы, қоғам тарапынан түрлі қысымға ұшырайды. Өмір бұрынғыдай болмайтынын түйсінеді.

Олар өзінің өмір сүру дағдысын, күн тәртібін ауыстыруға мәжбүр. Әсіресе ер адам үшін ата-аналық міндетін түсіну қиынға түседі, себебі әйелдерге берілген арнайы гормондар ер адамда бөлінбейді. Сондықтан ерлерге жаңа өмірге бейімделу үшін көп уақыт әрі міндетті түрде жаңа туған нәрестемен байланыс орнатуы керек (байланыс мидың бауыр басуға жауап беретін бөлігіне әсер етеді). Ер адам өзінің осындай күрделі жағдайына қарамастан әйелдің басынан өткізген физикалық қиындығы мен гормональді өзгерістері оның эмоционалды жағдайына әсер ететінін де ұмытпауы қажет. Босанғаннан кейін әйелдің өзін басқаша ұстауын психологтар “өзгерген” мінез-құлық деп түсіндіреді.

ОСЫ СИМПТОМДАРҒА НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Босанған соң 6 апта бойы әйелдерде қауіпті симптомдар пайда болуы мүмкін. Егер жұбайыңызда төмендегідей симптомдар сыр берсе дереу медициналық көмекке жүгінуге көндіріңіз:



Ісік, қызару, сүт бездерінің қатуы немесе омырау ұшының ауыруы.

Жыныс мүшеден сұйықтықтың көптеп ағуы және алты аптадан соң да тоқтамауы.

Жыныс мүшеден аққан сұйықтықтың жағымсыз иісті болуы.

Әйелдің дене температурасы 38,0°C дейін және одан да жоғары қызуы, қалтырау, жүрек соғысы (пульс минутына 100 рет және одан да көп қағу), бас айналу.

Кесар отасынан кейін ауыру, қызару, бөрту, тігістің сөгіліп не жарадан ірің бөліну.

Кіші дәретті шығару немесе ұстау қиындығы

Іштің төменгі жағының немесе аралықтың қатты ауыруы.

НӘРЕСТЕГЕ ҚАУІПТІ СИМПТОМДАР

Төменде көрсетілген белгілердің бір немесе бірнешеуі баладан байқалса **УАҚЫТ СОЗБАҢЫЗ**, жедел жәрдем шақырыңыз немесе балаңызды дәрігерге апарыңыз:



Бала дұрыс тамақтана алмады немесе ембей қойды.

Тырыспа.

Тыныс алудың жиілеуі (бала минутына 60 реттен көп дем жұтып, шығарады).

Көкірек қуысының тартылуы.

Спонтанды қимылдардың болмауы.

Лихорадка (температура $\geq 37,5^{\circ}\text{C}$).

Дене температурасының төмендеуі (температура $<35,5^{\circ}\text{C}$).

Туған сәттен 24 сағат ішінде сарғаю немесе кез келген жаста алақаны мен табанының сары түске боялуы.

Әйелге қалпына келуіне көмектесіп, оған төзімділік танытатын маңызды шақ — осы. Адам «төзгісіз» жағдайда ашуын біреуден алады. Оған осы жағдайымыз үшін жауапкершілік артады. Негізінен бұлай болуы біреуден емес, адамды қорқыныш пен уайым билегенде осындай халге душар болады екен. Бастапқыда әке өзін ана мен бала өміріндегі басы артық адам екенін сезінеді. Әкенің бұлай ойлауы қате, әрі бұл жұбайымен арасының алшақтауына әкеледі. Баланың бірге дүниеге әкелген ата-аналардың тең құқығы баланы әйелдің емізетіндігінен бұзылуы мүмкін. Көптеген әкелер өз міндеттеріне баланы ұйықтату мен түнгі тамақтандыру кірмегеніне риза. Дегенмен ер азамат мойнына бұдан өзге маңызды міндеттер жүктеледі: бала күтімімен айналысу үшін әйеліне жайлы жағдай жасау, мықты әрі жауапты болу, босанғаннан кейін жұбайына қалыпқа келуге көмектесу. Әке отбасындағы қадірін сезінгенде рухы оянады, өзін керексіз сезінбейді. Сондай-ақ ата-ана мен ерлі-зайыптылық арасындағы баланысты ұстау маңызды.

БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ ДЕПРЕССИЯ.

Өкінішке қарай, өз-өзіне қол жұмсау ісі аяғы ауыр әйелдер мен босанған әйелдер өлім-жітімінің бір себебі. Босанғаннан кейін депрессияға ұшыраған әйелдер жиі суицидке барады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше дамыған елдерде аналардың 20%-ы баласын дүниеге әкелген соң клиникалық депрессияға душар болады. Босанғаннан кейінгі депрессияның себебі әлі анықталмаған. Физикалық және эмоционалдық алғышарттардың қосындысынан болуы ықтимал. Олар:

Гормональды өзгерістер. Босанғаннан кейін әйел ағзасында эстроген мен прогестерон күрт төмендейді. Бұл көңіл-күйдің бұзылуына алып келуі мүмкін. Қалқанша безі бөлетін гормондар да төмендейді.

Сондықтан әйел өзін шаршаңқы, жабыраңқы, әлсіз сезінеді. Үнемі ұйқы қанбайды. Босанғаннан кейін ағзаны қалпына келтіру керек. Бірақ әйел баласының күтімін жасайтындықтан оңды демалып, өз-өзіне келе алмайды. Ұйқының қанбауы физикалық дискомфорт пен үнемі өзін шаршаңқы сезінуге себеп болуы мүмкін. Бұл босанғаннан кейінгі депрессия симптомдарын тудырады.

Эмоциональды уайым. Бала дүниеге келгеннен кейін әйелдің өмірі түбегейлі өзгереді. Құдды тәні өзіне тиесілі болмай қалғандай, денесін басқаруға дәрмені жетпей қалады. Мұның бәрі жиналып босанғаннан кейінгі депрессияға әкеледі.



Босанғаннан кейінгі депрессияға ұшырататын факторлар:

Бұған дейінгі депрессиялық жағдай (жүктілік кезіндегі не өміріндегі)

Алдыңғы балаларын босанғаннан кейінгі депрессия.

Босанғаннан кейінгі немесе басқа кез келген депрессия түріне ұшырасқан туыстарының әсері.

Соңғы жылдары басынан өткізген қатты стресс (жүктілікке қатысы жоқ жағдайлар)

Дамуында ерекшелігі бар баланы дүниеге әкелу.

Омыраумен емізудегі мәселелер.

Жұбайымен ара-қатынасының бұзылуы.

Қолдаудың аз болуы.

Қаржылай қиындықтар.

Босанғаннан кейінгі депрессияның симптомдары:

Үнемі көңіл күйдің болмауы, мұңаю, ашулану, көңіл күйдің түсуі.

Жұмысқа қабілеттілік бәсеңдеп, энергия жетіспейді.

Қоршаған орта мен сүйікті іске қызығушылықтың жоғалуы.

Ұйқы мәселесі. Ұйқышылдық не керісінше ұйқысыздыққа ұшырау.

Тәбеттің қашуы немесе қомағайлық

Әйелдің адамдармен араласқысы келмеуі.

Оған ойға шому, назар қою қиынға түседі.

Оған бала күтімімен айналысу қиынға түсіп, қолынан келмеуі мүмкін.

Бұл симптомдар бірінен соң бірі пайда болып, саны өсе беретіндіктен босанғаннан кейінгі депрессия бірден байқалмайды.

Бұдан бөлек қоғамдық қағидалар депрессияны дер кезінде анықтауға кедергі болады.

Қалыптасқан ереже бойынша әйел өзінің жаңа белесіне разы болуы тиіс, бала күтуде өзін бақытты сезініп, қуанышқа бөленуі керек.

Ал депрессиядағы әйелдің жан дүниесі бұл қағидаға томпақ.

Аяғында жағдайы мәз емес әйел «жаман ана», «қолынан түк келмейтін» болғаны үшін өзін кінәлі санайды. Оның үстіне жақындарынан қолдау орнына, қуанудың орнына қайғырғаны үшін айыптау көріп жатады.

Бұл депрессияны күшейтіп, оның симптомдарын арттыруы мүмкін.

Қалай босанғанына және алда не күтіп тұрғанына қарамастан кез келген ана депрессияға түсуі мүмкін.

Босанғаннан кейін депрессияға тап болғанына әйел кінәлі емес.

Егер әйелден депрессия белгілері байқалса тезірек дәрігер көмегіне жүгінген абзал.

Психологиялық атмосфера. Әке мен ана рөлі

Нәресте дүниеге келгеннен кейін бар тірлікті анасына тапсырып қоюға болмайды. Бала күтімімен айналысу оған туа біткен өнер әрі «аналық сезім», ал еркектің міндеті отбасының материалдық қажеттіліктерін өтеу ғана деу қате түсінік.

Психологиялық зерттеу нәтижелері әйелдің босанғаннан кейін бірден ана бола алмайтындығын және «не істеу керек» екенін білмейтінін көрсетеді.

Оның үстіне балаға тек ана жауапты деген пікір еркектің әрекетсіздігін күшейтіп, босанғаннан кейінгі депрессияға апарады.

Ер адам — «асыраушы» болғандықтан ақша табумен әуре болады. Сондықтан күнінің көп бөлігін жұмыста, әлеуметпен бірге өткізеді. Үйге келіп демалғысы келетін оның баламен ойнауға не үй шаруасына құлқы болмайды. Соңында ана байғұс бала-үй-бала шеңберінен шыға алмай, баланың қылықтарымен бөліскеннен басқа күйеуіне айтары болмайды.

Ерлі-зайыптылардың алшақтығы іштей ұлғая береді.

Олар бір үйде әр түрлі қызығушылықпен өмір сүретіндіктен жанұяда дисбаланс орнайды.

Ең дұрысы нәресте өмірге келген сәтте ер адам әке атануының құрметіне демалыс алған дұрыс. Сәбиге барынша уақыт бөліп, әйеліне үй тірлігіне көмектесе алатындай етіп жұмыс кестесін қайта құрғаны жөн.

Көп әйел бала күтімімен айналысып жүрген кезде күйеуі бала тәрбиесіне араласпаса, анасының орнын ауыстырып, оған демалып, көңіл сергітуіне, сүйікті ісімен айналысуына жағдай жасамаса өздерінің қоғамды жатырқап қалатындарын айтқан.

Ең дұрысы нәресте өмірге келген сәтте ер адам әке ата-нуының құрметіне демалыс алған дұрыс. Сәбиге барынша уақыт бөліп, әйеліне үй тірлігіне көмектесе алатындай етіп жұмыс кестесін қайта құрғаны жөн. Бұл әйелге жағымды әсер беріп, отбасындағы климатының жайлы болуына жағдай жасайды.

Жоғарыда қамтылған мәселелердің ішінде маңыздысы әйелдің бала күтімімен отыру ұзақтығы. Әрине бұл мәселені әр отбасы мүмкіндіктеріне қарай шешуге тиіс. Дегенмен ата-ананың әрқайсысы жұмыс уақыты мен бала тәрбиесіне уақытын теңдей бөлген абзал.

Әйелдің жұмысқа шығуының оң тұстары бар:

Қоғамнан тыс қалуының алдын алады.

Босанғаннан кейінгі депрессияның алдын алады.

Отбасына материалдық көмек.

Әкесі баласына көбірек уақыт бөліп, тәрбиесімен айналысады. Отбасында ортақ мәміле жасалып, рөлдер балансы қалыптасады.

Кейбір ер азаматтар бала белгілі бір жасқа толғанша оған әкенің қажет еместігін, тек анасына мұқтаж екенін айтады. Тәй-тәй басып, тілі шыға бастағанда ғана қарым-қатынас жасауға дайын. Алайда зерттеулер баламен дүниеге келмей тұрып танысудың дұрыстығын дәлелдейді.

Ата-анасы сәбиімен алғашқы күнінен бастап тән байланысын орнатуы керек. Алақанның жылуы, ер адамның төменгі дауыс тембрінен бала өзін қауіпсіз сезінеді. Баланың айтылған сөздерді түсіне алмауы онымен әңгімелесудің мәнін жоймайды. Қоршаған ортамен қарым-қатынаста ата-ананың бала үшін алғашқы мінез-құлық үлгісі болатынын естен шығармау керек.

Бұл кезеңде айтқан сөздеріміздің мағынасына мимикамыз, дауыс тембріміз сәйкес келуі тиіс.

Сонда балада қоршаған әлеммен дұрыс қарым-қатынас механизмі қалыптасып, адамдардың эмоциясын түсініп, теріс көзқарасын байқап, адамдарға ойын жеткізе алады.

Бұған баланы кішкентай кезінен ойын арқылы үйретуге болады. Ата-анасының біреуі мимика, ишара арқылы кез келген эмоция көрсетіп баланың соны қайталауына мүмкіндік береді. Сосын екеуі орын ауыстырып баланың эмоциясын қайталайды (бірақ ызаландырмайды).

Жас ата-аналарды балаға теледидарды серік етуден аулақ болуға шақырамыз. Теледидар баланың назарын аулайтындықтан демалып алуға мүмкіндік береді әрі үй тірлігін алаңсыз атқаруға болады. Алайда бұның жағымсыз жақтары да бар. Баланы ойын алаңдарына апарудың орнына сауда орталықтарында қыдырту да осыған ұқсас жәйт.

Баланың ойлау қабілетінің дамуы, өздігімен жүріп-тұра алуы, өз ойы қалыптасу үшін кішкентай кезінен таңдау жасап үйретіңіз. Қайде жүрсе де баланың талап-тілегін бақылауыңызға алыңыз. Мейлі киім, ойыншық, тамақ таңдауына келгенде оның қауіпсіз болса, қалауына ерік беріңіз.



Үйге нәресте келісімен отбасылық тәртіп өзгереді. Не болып жатқандығын түсінуге және оны ретке келтіруге көмектесетін тезистерді ұсынамыз.

Мағынасыздық күйі

Әке атанған соң жаңа туған сәбиіне махаббаты бірден оянбауы мүмкін. Көп әкелер мұнысы дұрыс еместігін сезініп, мағынасыздық күйін кешеді. Алаңдаудың қажеті жоқ. Қарым-қатынастың қалыптасуы жақындықты қажет ететін ұзақ процесс.

Бұл жағдайда аналар әкелерге қарағанда артықшылықтарға ие. Бөбегімен жүктіліктен бастап бірге болғандықтан аналарда белгілі дәрежеде ата-аналық сезім қалыптасқан. Әкелер төзімділік танытып, баласымен жиі бірге болып, өбектеп, ойнап, әңгімелескені дұрыс.

Әкенің ерекше сезімталдығы

Аналар сияқты көптеген әкелер де бала өмірге келгеннен кейін алғашқы күндер мен айларда әлсіреп қалады. Әке тым сезімтал болып, бұрын соңды өмірінде бұлай терең толғанысқа түспегендіктен тіпті жылап жіберуге дайын тұрады. Бұл қалыпты жағдай. Ол сіздің робот емес, тірі жан екеніңіздің айғағы.

Босанғаннан кейінгі жабырқау

Босанғаннан біршама уақыт өткен соң әрбір екінші ананың көңілі құлази бастайды. Жылап, ерекше сезімталдыққа бой алдырады. Бұл әке үшін қосымша стресс болғанымен депрессияға қарағанда тез тарқайды. Әйел адам үшін жұбайының жақындығын, қолдауын сезіну маңызды.

Жас ата-ана жолында кездесетін қиындықтарды бірге еңсеру әлдеқайда оңай.

Жаңа өмір

Ана мен бала ара қатынасын қолдауда әкенің орны ерек. Ана сүті жақындықты автоматты түрде қалыптастыратын құрал екені анық. Ал әке баласымен байланыс жолын өзі табуы керек. Мұндай жолдың бірі массаж немесе ванна қабылдау. Баланың жылауы оның қарнының ашқанын білдіре бермейді. Кейде бала ата-анасының жанында болғаны мен ерекше назары қажет. Мұндай жағдайдан анасы сияқты әкесі де сәтті өте алады.


«Түнгі ауысым»

Жаңа туған нәрестенің тек күндіз ғана емес түнде де қарны ашады. Алғашқы күндер мен айларда ана сәбиін «түнгі ауысымда» емізеді. Түнгі ұйқыны төрт бөлу физикалық тұрғыдан ғана емес жанға бататын міндет. Сондықтан ата-ана түнде сәбиді кезекпен бағу қажет. Бала таң атпай тұрып алғанда әкесі қарап немесе демалыс күндері анасына тынығуға мұрша беріп баламен серуендеуі керек. Бала қосымша тамақ іше бастағанда бір түн әкесі, келесі түн анасы ауысымға түссе (омырау сүтін сауып, түнде балаға бөтелкемен де беруге болады) немесе әкесі түнгі ауысымдағы қызметті толықтай өз мойнына алуына болады. **Жұмысқа баратын адам артығырақ шаршайды деген сөз жоқ, сондықтан түнгі ұзақ ұйқыны қажет етпейді.**

Баламен жеке байланыс құрыңыз

Мұны жасаудың бір жолы — анасын қыдыруға жіберу. Достарымен кездескен әйелдің көңілі көтеріліп, ал баласымен жеке қалған әке арасы беки түсіп, бір-бірін жақсы түсіне бастайды. Ана баласын омыраумен емізетін жағдайда тамақтану арасындағы 3–4 сағатты өзіне арнауына болады. Кейде баланы өзімен бірге түрлі шараларға апаруға да болады. Орта ауыстыру балаға жақсы әсерін тигізеді. «Балаға қазір мен қараймын, ал сен демал»-деп жұбайыңызға ойыңызды нақты айтқаныңыз дұрыс.

ОТБАСЫЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБИЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ



ДДСҰ жасаған зорлық-зомбылықтың жаһандық таралуы туралы мәліметте әрбір үшінші әйел (35%) өмірінде психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшырағаны айтылады. Балалар бұл зорлық-зомбылықтың куәгері болуы да, сондай-ақ зорлық-зомбылықты таратушыға айналуы да мүмкін. Белсенді әке болу мәдениетін дамыту ана мен балаға қатысты зорлық-зомбылық көрсету іс-әрекетінің профилактикасы үшін аса маңызды жайт.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) кеңесіне сәйкес «ана денсаулығын жақсарту жұмыстары мен қатар әйелдердің серігі тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырау деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар жүргізілуі керек». Зорлық-зомбылықтың алдын алудың бір жолы — отбасына қамқор болуда белсенділік танытудың атықшылықтарын көрсету мақсатында ер адамдарды жаппай оқыту арқылы гендерлік мәселелерді түсіндіру.

Ер адамдар гендерлік теңсіздіктің жұбайына зорлық-зомбылық жасауға қалай себепші болатынын және дұрыс тәрбиелеудің анасы мен әкесіне бауыр басқан балалардың физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына қалай әсер ететінін түсінуі қажет. Денсаулық сақтау секторында мұндай жұмыстар ерлер мен жүкті әйелдер баратын медициналық мекемелерде жүргізіледі. Бұл дұрыс тәрбие мен белсенді әке болуды дамыту және зорлық-зомбылықтың алдын алудың бастамасы. «Ерлер және гендерлік теңдік» (IMAGES) зерттеуінің нәтижесі ерлердің көбі (40-тан 80%-ға дейін) болашақ балаларының анасымен кем дегенде бір рет медициналық мекеме табалдырығын аттайды. Сондықтан жүктіліктің барлық кезеңінде ата-анамен жұмыс, босану мен баланы өмірінің алғашқы жылдарында (туғаннан 4 жасқа дейін) медициналық тексеруден өткізу — ер адамның балалардың тәрбиесіне ат салысуының кеңейіп, зорлық-зомбылықтың алдын алуда таптырмайтын сәт.

Зорлық-зомбылық кесірінің ұрпақ сабақтасытығымен байланысын ескерген жөн. Кейбір зерттеулер кезінде өзі зомбылыққа ұшыраған немесе сондай оқиғаның куәсі болған адамдар әйелдерге зұлымдық жасауға бейім.

Бұл дегеніміз зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәгері болған барлық еркектер жауыз болады деген сөз емес. Дегенмен мұндайды бастан өткергендер өмірінде зорлыққа ұшырамағандарға қарағанда көбірек жауыздық жасаушылардан болған.

Сондай-ақ кезінде анасы зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер өз өмірінде жұбайларынан зорлық-зомбылық көргенін айтады.

Зорлық-зомбылық алдағы өмірінде әкелік функциясын атқаруға кедергі келтіруі мүмкін. Мәселен Чилидегі ер адамдар бала кезінде әйелдерге мейірімділік танытылмағанын көріп өскендіктен, өз балалары дүниеге келгенде басқаларға қарағанда әйелдерінің жанынан аз табылған.

Зорлық-зомбылық табиғаты төмендегідей жіктеледі:

- физикалық;
- сексуалдық;
- психологиялық;
- Зиян келтіру немесе қамқорлық танытпау.

Отбасындағы зорлық-зомбылық жақындарына физикалық соққы беру ғана емес. **Психологиялық қысым, намысына тию, жұбайының күн көруіне қолдан кедергі келтіру, жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу де зорлық-зомбылық болып есептеледі.**

Отбасындағы зорлық-зомбылықты қалай тоқтатуға болады:

Жақсы өнеге көрсетіңіз. Қорқыту, қол жұмсау, психологиялық қысым, қорлау ештеңені шешпейді. Бала сізден үлгі алады. Ол өз ашуын күш қолданбай жеңудің тәсілін сізден үйренеді. Шекара құрыңыз. Шектеу зорлық-зомбылыққа бармай-ақ эмоцияларды басқаруды үйретеді.

Мектепке жиі соғып, ұстаздармен сөйлесіңіз. Егер балаңызда өз өзіне көңілі толмаушылық пен өзін төмен санауы байқалса дереу мектепке барыңыз. Оқытушылар балаларды оқу ордасында өздерін еркін ұстауға, білім алуға баулуы тиіс. Баланың өзін жолы болмайтын біреу сезінуіне оның мүлкін бұзу, төбелес, қаталдық тіпті өзін өзі кемсіту себеп болуы мүмкін.

Сондай-ақ үйдегі жайсыздықтың кесірінен баланың мектепте мінез көрсететінін ұмытпаған жөн.

Балаларға теледидарды құр қосып қана бермей, онда көрсетіп жатқан зорлық-зомбылық туралы айтыңыз. Фильмдерде көрсетілетін зорлық-зомбылық көрерменді еліктіріп ұстап отыру үшін жасалған амал екенін түсіндіріңіз. Әрі бұл ондай қылықты өмірде қайталауға болатынын білдірмейді.

Балаларға сүйіспеншілігіңізді жиі білдіріңіз. Кез келген жастағы бала ата-анасының өзін өпкенін, құшақтағанын, мақтағанын, иығынан қаққанын қалайды.

Олар «Мен сенімен мақтанамын!» – дегенді естігісі келеді.

Балалармен сөйлесіңіз. Оларды өзіңізбен қорқыныш, ыза, реніш жайлы сөйлесуге ынталандырыңыз. Ата-ана балаларының қорқынышын байқап, сезімдері мен қызығушылықтарын ажырата білуі және жақсы кеңес беру қажет. Балаңыз қоршаған ортамен қалай қарым-қатынас жасайтынын бақылаңыз. Егер балаңыз зорлық-зомбылыққа ұшырасса оған өзін кінәлаудан немесе болған жайтты ақтаудан аулақ болыңыз. Ситуацияны түсінуге өзіңізге уақыт беріңіз, содан кейін қолдауыңыз арқылы зорлықтан қалай аман сақтап қалатыныңызды және балаңыздың жан тыныштығын қалай қайтаратыныңызды шешіңіз. Егер сіз немесе сіздің отбасыңыздың бір мүшесі жеккөру, жалғыздықты сезініп, көңіліне үмітсіздік ұяласа немесе өзіңізде есірткі мен алкогольге тәуелділік пайда болса көмек сұраңыз. Барлық зорлық-зомбылық әрекеттерінің жартысы алкоголь мен есірткі тұтынатын адамдардың қолымен жасалады.

**БАРЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ
ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ЖАРТЫСЫ
АЛКОГОЛЬ МЕН ЕСІРТКІ
ТҰТЫНАТЫН АДАМДАРДЫҢ
ҚОЛЫМЕН ЖАСАЛАДЫ.**

БАЛАМЕН СЕҢІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ НЕЛІКТЕН МАҢЫЗДЫ?



Әке болу отбасының амандығы және ер адам үшін де маңызды.

Англия, Уэльс және Шотландияда (n = 17 000) өткізілген зерттеу балаларының тәрбиесіне ерте араласқан және олардың өмірінің әр саласын көзінен таса қалдырмаған әкелер ұл-қыздарымен жақын қарым-қатынас құрғанын көрсеткен. Мұндай дерек 30 жыл бойы гендерлік теңдік саясаты салтанат құрған, ер азаматтарды бала тәрбиесіне атсалысуға бағыттаған Швеция мен Норвегияда да расталған.

Ерте жастағы бала күтіміне араласқысы келетін, оның өміріне қызығушылық танытатын, сол арқылы баламен берік қатынас орнататын әкелердің оқиғасынан өзара байланыс байқалып тұр. Скандинавия елдерінде өткізілген зерттеулер бала тәрбиесінде белсенді әкелердің жұбайлары қатты ауыртпалықты сезінбейді әрі ерлердің психикалық жағдайы тұрақты және көбіне мұндай ерлі -зайыптылар бір-біріне риза. Жеті елде өткізілген цифрлы зерттеулер нәтижелері IMAGES, әкелік парызын белсенді орындайтын ерлер өміріне разы және өз денсаулығына көңіл бөледі. Сондай-ақ жұбайы бала күтіміне көбірек көмектесетін әйелдер өмірі және қарым-қатынас жағынан (сексуалдығы тұрғыдан да) ризашылыққа бөленген.

Расымен де бала тәрбиесімен айналысқан ер адамдардың денсаулығы мықты. Олар аз ауырады, ұзақ өмір сүреді, алкоголь мен есірткіні аз тұтынады, көп стресс алмайды, бақытсыз жағдайға душар бола бермейді, қоғамдық ортада белсенді әрі өміріне шүкіршілік еткен.

16 зерттеу нәтижесінің анализі (22 300 жағдай 24 рет жарияланған) белсенді әке болудың балалардың дамуына ықпал еткенін көрсеткен. Әкесінің қамқорлығында болған балалардың мінез-құлқында қиындықтар тумаған, заңды жиі бұзбайды, болашақта қаржылай мәселеге аз ұшырасады, оларға жоғарғы когнитивті даму тән, оқуда озат және

есейген шағында стресске аз түседі. Әкесіз өскен баланың экономикалық және әлеуметтік мінезіне тікелей де жанама да әсерін беретіні белгілі.

Әке отбасылық табысқа да ықпал етеді. Толыққанды отбасыларда әкесі анасынан аз тапса да несібе мол болады. Отбасын материалдық жағынан асырайтын, балаларды бағып-қағатын әкенің жұбайына көп пайдасы тиеді. Олар бала күтімі мен үй шаруасынан ауыртпашылық көрмейді, физикалық және психикалық денсаулығы мықты келеді.

Расымен де бала тәрбиесімен айналысқан ер адамдардың денсаулығы мықты. Олар аз ауырады, ұзақ өмір сүреді, алкоголь мен есірткіні аз тұтынады, көп стресс алмайды, бақытсыз жағдайға душар бола бермейді, қоғамдық ортада белсенді әрі өміріне шүкіршілік еткен.

Әке ұл-қыздарының өмірінде белсенділік танытса балалар оң нәтижеге жетеді. Олардың денсаулығы физикалық және психологиялық жағынан мықты, үлгерімі жақсы, когнитивті және әлеуметтік дағдылары дамыған, өз өзін жоғары бағалайды, мінез-құлқында қиындықтар жоқ, стресске қарсы тұра алады. Сонымен қатар әке тәрбиесін көрген жасөспірімдердің психикалық денсаулығы орныққан, психоактивті заттарды шамадан тыс пайдаланбайды және қауіпсіз сексуалды жүріс-тұрысты ұстанады.

КҮШ ҚОЛДАНБАУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ?

Әкелер де аналар сияқты балалардың құқығын қорғауы тиіс. Ер адамдардың отбасына сүйіспеншілігі артып, балалардың зорлықсыз тәриелеп үйренуіне жағдай жасау, насихаттау. Біріккен Ұлттар Ұйымы бала құқығы туралы Конвенциясында барлық бала зорлық-зомбылықсыз өсіп-өнуге құқылы екендігі, дене жарақаттар мен адамгершілігіне нұқсан келтіретін басқа да жазалау түрлері мен формалары оларға қоланылмауы керектігі айтылған. (БҰҰ бала құқығы туралы Конвенциясы, Жалпы пікір № 8, 2006)

Сондай-ақ олардың отбасылық және қоғамдық өмірге толыққанды араласуға құқығы бар. Алайда баланы дене, психологиялық немесе эмоционалды тұрғыдан жазалау әлемнің түкпір-түкпірінде тоқтамай тұр.

Баланы зорлық-зомбылық (дене, эмоционалды) әрекетімен жазалау оның физикалық қол сұқпаушылық құғын бұзу және адамгершілігіне нұқсан келтіру болып саналады. Бұдан бөлек олар баланың білім алу құқығын, дамуын, өмір сүруін шектейді. Мұндай тәртіпте жазалаудың соңы балалардың ойында зорлық-зомбылықтың мәселені шешудің жолы ретінде сақталып қалуы ғажап емес. Дене және эмоционалды жазалауға заңмен тиым салынбайынша балаларды зорлық-зомбылық құрбануы болуы жалғаса береді, ол өз кезегінде балалардың құқығынын қорғауға көлеңкесін түсіріп тұрмақ.

Зерттеулер зорлықпен жазалау тиімсіз екенін дәлелдеді. Баланы тәртіпке үйрету, білімге ұмтылдыру үшін олардың салауатты дамуына және ата-анасымен ара қатынасын бекітуге көмектесетін дұрыс тәсілдерді пайдалану керек. Денсаулық сақтау қызметкерлерінің балаларды тәрбиелеуде дұрыс кеңес пен ақпарат ұсынып, ата-аналарды дене және эмоционалды жазалаудан аулақ болуға шақыратын мүмкіндіктері бар. Әлемнің көптеген елдерінде балаларды физикалық және психологиялық тұрғыдан жазалауға тиым салатын заңдар қабылданғанымен түп тамырымен жойылған жоқ. Миллиондаған бала зорлық-зомбылық зардабынан, қатал қарым-қатынас, кедейлік, жанжал, ауру ата-анасының себебінен, АИТВ/ЖИТС таралуынан, мүгедектік пен гуманитарлық апат кесірінен қамқорлықтан қағылған. Бұл балалар түрлі жағдайда көшеде, қуыс-қуыста, туыстарында, жетімдер үйінде немесе

орын алған жағдайға байланысты не ата-анасының зорлық көрсетуге бейімдігі әрі девиантты мінез-құлқынан тіпті өз үйінде өзін қауіпсіз сезіне алмай өмір сүруде.

Келтірілген мәліметтер бойынша әлемде 8 млн-нан астам бала арнайы мекемелерде (балалар үйі) өте жайсыз жағдайда өмір сүріп жатыр. Бұл олардың физикалық, әлеуметтік және ақыл-есінің дамуына кесірін тигізбей қоймайды.

Мұндай халі мүшкіл балалардың бесеуден төртеуінің әкесі не шешесі немесе екеуі де тірі. Мүмкіндігі болып тұрса балаларына қамқор болуға тиіс еді. Жетімдер үйінде өткен өмір баланың дамуына зиянын тигізбей қоймайтынын көптеген зерттеулер растайды.

ӘЛЕУМЕТТІК («СИМВОЛИКАЛЫҚ») ӘКЕ БОЛУ

«Жұрттың» баласын тәрбиелейтіндіктен символикалық әке болу қиындау мәселені көзге елестеді. «Символикалық әке болу» терминін И.С. Кон қолданысқа енгізген. «Әке» мен «Ұстаз» сөздерінің мағынасы жақын. Діни қызметкерлерді «әке» деп атауы сондықтан. Тәлімгер, рухани ұстаз, көсем немесе шебер болу өзің жиған өмірлік тәжірибені келесі буынға тапсыру және алдыңнан білімге құштар жастардың кезігуі. Көптеген мәдениет пен қоғамда бұл қарым-қатынас институттандырылған. Алайда ол бүгінгі заманауи білім институттарында дұрыс қалыптаспауда. Әлем білім берудің феминизациялануынан қам жеп отыр. Ер мұғалімдерді мектепке қайтаруда төмендегідей мәселелер кедергі болып отыр:

- 1** ұстаздық еңбектің арзан бағалануы және ұстаздық ету ерлерге қарағанда әйелдерге лайық мамандық деген таптаурын ойлар;
- 2** идеологиялық күмән («Бұл адам не үшін еркектің міндетіне кірмейтін тірлікпен айналысып жүр? Балаларымызға жаман нәрсе үйретіп жүрмей ме?»);
- 3** ата-ана қызғанышы («Менің балам үшін басқа еркек неге менен артық болуы тиіс?»);
- 4** сексофобия мен гомофобия, яғни ер адамның балаға деген қызығушылық көзқарасы бірден педофил немесе гомосексуалдық күмәнді оятуы;

Негізінде ер адам мен бала арасында өрбитін эмоционалды қарым-қатынастың ауқымы кең. Көптеген ер адамның баламен байланыс құруы және жұмыс жасауы болмаған отбасының орнын психологиялық түрде толтырады. Әйгілі ұстаз-ерлердің арасында өз отбасын құра алмай кеткендер бар. Алайда балаға деген махаббат «күрделі» терминмен

(шынайы сенім немесе ғылыми сенімді ұялату) емес қарапайым сөздермен айтқанда түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыруы мүмкін.

Бір ер адам балалардан саналы не бейсаналы түрде эмоционалды жылу іздейді. Екіншісі үлкендерге билік жүргізгенше жасөспірімдерге жетекші болып, үлгі көрсету арқылы өзінің басқару амбициясын қанағаттандырады.

Үшінші біреуі тәрбиелеу мен оқыту процесінен рахат алады.

Төртіншісі ересектерге қарағанда жасөспірімдер ортасын жайлы көріп өзі де мәңгі жас боп қалғысы келеді.

Бесіншілерде әкелік сезім қалыптан тыс тараған. Өз балалары аздық етеді немес олармен отырудың сәті тумады.

Қалай болғанда да ер адамның біразы өздерінікінен гөрі біреудің баласын озық тәрбиелейді (оларға септігін тигізеді). Бұл әлде күнделікті әке тірлігінен жетекшілік еткен қызықтырақ болғаннан ба әлде «өз Отаныңда пайғамбар болмайсың» дегеннің кері ме?!

Ер адам қыздардан көрі ұлдарға жақсы тәлімгерлік етеді. Ер баланың бойынан өзімен ұқсастықты және ізбасарлықты көреді. Ұлдар да өз кезегінде ұстазына еліктеп, жанына жақын тартады. Олардың қарым-қатынас барысы ортақ қызығушылықтармен жарасып, классикалық маскулиндік ұғымға ұқсайды. Керісінше нағыз әкелік тәжірибе (өз балаларымен) ұлдарына қарағанда қыздарымен сәтті өтіп жатады. Әкесі мен қызы арасындағы байланыс әлдеқайда нәзік сезімдермен өрілген. Қызы әкесіне сүйікті әйелін еске салады, ол өзінің орындалмаған арманын орындау үшін қызына жоғары әлеуметтік талаптар қоймайды және оны өзіне қарсылас көрмейді.

Әке мен бала қарым-қатынасында барлық ер адамдардың арасындағыдай көп нәрсе айтылмай қалады. Екеудің ортасындағы билік жүргізу мен өзара жоғары талапшылдық қатынас эмоционалдық жақындықты жұтып қояды.

Әлеуметтік әке болуды да «Символикалық» әке болу деуге саяды. Ол толық емес отбасындағы немесе балалар үйінің тәрбиеленушілерімен жұмысты білдіреді. Бұл тәрбиедегі маңызды бағыт. Еркекке тән мінез-құлық моделін көрмеген әкесіз өскен баладан ер адамның назарының жетіспеуінің көрінісі байқалады. Бұл тек ер балаларға қатысты емес, қыз бала да әкенің мейіріміне шөлдейді. Бірақ ұл бала кейін өзі үшін мұндай модель қалыптастыра алмайтындықтан, ер адамға тән қарым-қатынас дағдыларын үйренбейтіндіктен, өз өзін тануда мәселелерге тап болатындықтан әкенің орны ойсырап тұрады.



**ӘЛЕУМЕТТІК ӘКЕ БОЛУДЫ ДА
«СИМВОЛИКАЛЫҚ» ӘКЕ БОЛУ
ДЕУГЕ САЯДЫ. ОЛ ТОЛЫҚ ЕМЕС
ОТБАСЫНДАҒЫ НЕМЕСЕ БАЛАЛАР
ҮЙІНІҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІМЕН
ЖҰМЫСТЫ БІЛДІРЕДІ.**

«Әлеуметтік әке болу» — ресейлік «Әке болу» қорының жетекшілік технологиясы негізге алып жасаған жобасы. Жетекшілік ету технологиясы. Әлеуметтік әке аталатын аяғына нық тұрған ер адамдар жеткіншектермен тұрақты түрде байланыс жасап, танымдық және спорттық шараларға қатысып бірге уақыт өткізеді.

Қарым-қатынас кезінде олар жасөспірімге өз бойындағы жауапкершілік, өзіне сенімділік, өзіне міндет жүктеуге және орындауға дайындық сияқты ер азаматқа тән мінез-құлықты дарытады. Жасөспірімдермен жанды қарым-қатынас кезінде еркектің гендерлік рөлі санаға сіңіп, өзін тануын жеңілдететін түседі әрі құрдастарымен, үлкендермен қарым-қатынас жасау дағдылары дамиды. Толық емес отбасындағы жасөспірімдер мен балалар үйінің тәрбиеленушілерімен Әлеуметтік сала қызметкерлері арасында кездесетін толық емес отбасының жеткіншектері мен балалар үйінің тәрбиеленушілері көбіне әйелдер.

Ер адамның тәрбиесін алмай өскен бала алдағы өміріне қажетті маңызды қасиеттерді өзінде дамыта алмайды. Мұндай жасөспірімдерде өзін өзі тану кезеңінде бойында еркектің гендерлік рөлінің қалыптаспайды. Бұл балалар ер адам өзін өмірде қалай ұстау керегін білмей өседі. Бұл бір реттік шараның жемісі бола алмайды, үлкен жұмысты қажет етеді. Анығында ер адам өмірде мақсатына жетуі тиіс. Оның мамандығы, қызығушылығы, өз ісі, баласымен бөлісе алатын өмірлік тәжірибесі болуы шарт. Ер адам мен ұлдың жарасымы болуы үшін олардың екеуара қызығушылығы, мінез-құлқы сәйкес болып, бір біріне бүйрегі бұруы керек. Туған әкелерді де ата-аналық жауапкершілікке үйрету керек. Баланың биологиялық әкесі тірі болғанымен, тәрбиесіне араласпаса әлеуметтік әке бала тәрбиесіндегі кейбір олқылықтардың орнын толтыра алады. Әкенің басты рөлі — биологиялық әке болуында емес. Әлеуметтік әке туғанындай болмағанымен балаға жалғыздықтан артық тіреу бола алады.





Отбасы, ата-ана және әке болу туралы ҚР заңдар тізімі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. (23.03.2019 жылы енгізілген өзгертулер мен толықтырулар негізінде)

27-бап

1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.
2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.
3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, неке және отбасы, ана болу, әке болу және балалық шақ мемлекет қорғауында, оған қоса республиканың негізгі конституциялық құндылықтарының бірі. Олар, әрине, негізгі заңда тұжырымдалған биік мақсаттар мен негізгі қағидалардан туындайды. Жинақтала келе олар ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді, егемендіктің түп негізі, мемлекеттік биліктің басты қайнар бұлағы — халықтың сақталуы мен дамуына жағдай жасайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2011 ЖЫЛҒЫ 26 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ № 518-ІV КОДЕКСІ.

2-бап. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасының негіздері

1. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.
2. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы:
 - 1) еркек пен әйелдің некелік (ерлі-зайыптылық) одағының еріктілігі;
 - 2) отбасындағы ерлі-зайыптылар құқықтарының теңдігі;
 - 3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік;
 - 4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісім арқылы шешу;
 - 5) балалардың отбасында тәрбиелену басымдығы, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық;
 - 6) отбасының кәмелетке толмаған, қарт және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін басымдықпен қорғау;
 - 7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, осы құқықтарды сот арқылы қорғау мүмкіндіктері;
 - 8) отбасының барлық мүшелерінің салауатты өмір салтын қолдау қағидаттарына негізделеді.

3-БӨЛІМ. ОТБАСЫ

8-тарау. БАЛАНЫҢ ТУУ ТЕГІН АНЫҚТАУ

46-бап. Ата-аналардың және баланың құқықтары мен міндеттерінің туындауы үшін негіздер

1. Бала туғаннан кейін бірден тіркеледі және туылған кезінен бастап атын алуға және азаматтық алуға құқығы, сондай-ақ мүмкіндігіне қарай, өз ата-аналарын білуге құқығы және олардың қамқорлығына құқығы болады.
2. Ата-аналардың және баланың құқықтары мен міндеттері баланың Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен куәландырылған тегіне негізделеді.
3. Бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың құқықтары мен міндеттері асырап алу туралы заңды күшіне енген сот шешіміне негізделеді.

47-бап. Баланың туу тегін анықтау

1. Баланың анасы жағынан туу тегін (анасын) ананың баланы медициналық ұйымда туғанын растайтын құжаттардың негізінде тіркеуші орган анықтайды.

Бала медициналық ұйымнан тыс жерде туған жағдайда, оның туу тегін туу фактісін растайтын медициналық құжаттардың негізінде тіркеуші орган анықтайды, ал олар болмаған жағдайда, баланың туу тегінің фактісі сот тәртібімен анықталады.

2. Бір-бірімен некеде тұратын (ерлі-зайыпты) адамдардан туған баланың туу тегі ата-анасының некені (ерлі-зайыптылықты) қию туралы куәлігімен расталады.

Бала суррогат анадан туған жағдайда баланың туу тегі суррогат ана болу жөнінде жасалған шарт негізінде куәландырылады.

3. Егер өзгеше дәлелденбесе, бала неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, ол жарамсыз деп танылған кезден бастап немесе бала анасының жұбайы қайтыс болған кезден бастап екі жүз сексен күн ішінде туған жағдайда, анасының бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып танылуы мүмкін.

4. Егер баланың анасы өзінің жұбайы не бұрынғы жұбайы баланың әкесі емес деп мәлімдесе, баланың әкесі баланың өз анасының және әкесінің не жұбайының, бұрынғы жұбайының бұл туралы жазбаша өтініші болған кезде, осы баптың 5-тармағында немесе осы Кодекстің 48-бабында көзделген қағидалар бойынша анықталады. Мұндай өтініш болмаған жағдайда бұл мәселе сот тәртібімен шешіледі.

Босанған әйелдің жұбайының немесе бұрынғы жұбайының басқа адамның әке болуын анықтауға келісімі ішкі істер органы берген, жедел-іздістіру іс-шаралары жүргізілгені туралы немесе соттың оны хабар-ошарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз деп танығаны туралы заңды күшіне енген шешімі туралы растайтын құжат болған кезде міндетті емес.

5. Баланың анасымен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) адамның әке болуы баланың әкесі мен анасының тіркеуші органға бірлесіп өтініш беруі арқылы анықталады. Анасы қайтыс болған, ол әрекетке қабілетсіз деп танылған, анасының болған жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда немесе ол ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен баланың әкесінің өтініші бойынша, мұндай келісім болмаған кезде - сот шешімі бойынша анықталады.

Егер анасының жұбайы болып табылмайтын еркектің әке екендігі анықталған болса, баланың анасы одан:

қалыпты босанған кезде — босануға дейін күнтізбелік жетпіс күн және босанғаннан кейін күнтізбелік елу алты күн ішінде;

қиын босанған немесе екі және одан көп бала туған кезде — босануға дейін күнтізбелік жетпіс күн және босанғаннан кейін күнтізбелік жетпіс күн ішінде;

баланың анасы ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақта тұратын жағдайда, қалыпты босанған кезде — босануға дейін күнтізбелік тоқсан бір күн және босанғаннан кейін күнтізбелік жетпіс тоғыз күн ішінде (қиын босанған немесе екі және одан көп бала туған жағдайда — күнтізбелік тоқсан үш күн ішінде) оны күтіп-бағу бойынша шығыстарға тиісті ақша қаражатын сот тәртібімен талап етуге құқылы.

Ақша қаражатының мөлшері және төлемдердің кезеңділігі тараптардың материалдық және отбасылық жағдайы мен назар аударарлық басқа да мүдделерін негізге ала отырып, ақша қаражаты төленетін кезге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткішке еселенген арақатынаспен айқындалады.

Өзге жағдайларда әкесі туралы мәліметтерді алып тастау бала туған кезде некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) анасының өтініші бойынша осы Кодекстің 183-бабына сәйкес жүргізіледі.

7. Он сегіз жасқа (кәмелетке) толған адамға қатысты әке болуды анықтауға — тек қана оның келісімімен, ал егер ол әрекетке қабілетсіз деп танылса, оның қорғаншысының немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен жол беріледі.

48-бап. Әке болуды сот тәртібімен анықтау

Бір-бірімен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) ата-аналардан бала туған жағдайда және ата-аналарының бірлескен өтініші немесе баланың әкесінің өтініші болмаған кезде баланың нақты адамнан туу тегі (әкесі) ата-аналарының біреуінің, бала қорғаншысының немесе қамқоршысының өтініші бойынша немесе баланы асырап отырған адамның өтініші бойынша, сондай-ақ бала кәмелетке толған соң оның өз өтініші бойынша сот тәртібімен анықталады. Бұл ретте сот баланың нақты адамнан туу тегін дәйекті түрде растайтын айғақтарды назарға алады.

49-бап. Соттың әке болуды тану фактісін анықтауы

Өзін баланың әкесімін деп мойындаған, бірақ баланың анасымен некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты емес) адам қайтыс болған жағдайда оның әке екенін тану фактісі Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес сот тәртібімен анықталуы мүмкін.

Әке болуды анықтау туралы, сондай-ақ әке болу фактісін және әке болуды тану фактісін анықтау туралы шешім шығарған сот осы шешім заңды күшіне енген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде оны тіркеуші органға электрондық түрде жіберуге міндетті.

50-бап. Баланың ата-аналары (ата-анасы) туралы туу туралы актілер жазбалары кітабына жазу

Баланың ата-аналары (ата-анасы) туралы туу туралы актілер жазбалары кітабына жазу осы Кодексте көзделген тәртіппен жүргізіледі.

51-бап. Әке (ана) болуды даулау

1. Туу туралы актілер жазбалары кітабына ата-аналардың жазуы баланың әкесі немесе анасы ретінде жазылған адамның, іс жүзінде баланың әкесі немесе анасы болып табылатын адамның, бала кәмелетке толған соң оның өзінің, баланың қорғаншысының немесе қамқоршысының, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған ата-ана қорғаншысының талап етуі бойынша тек қана сот тәртібімен даулануы мүмкін.

2. Баланың әкесінің өтініші бойынша немесе әке болудың күшін жою туралы сот шешіміне сәйкес әке мен ананың бірлескен өтініші негізінде баланың әкесі болып жазылған адамның талабы, егер жазу кезінде бұл адамға өзінің іс жүзінде баланың әкесі емес екендігі белгілі болса, қанағаттандырылмауға тиіс.

Егер баланың тууы туралы акті жазбасында баланың анасының жұбайы немесе бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып көрсетілсе, сот туу туралы актілер жазбасынан баланың әкесі туралы мәліметтерді алып тастау туралы мәселені шешкенге дейін тіркеуші орган әке болуды анықтау туралы өзгерістер енгізуден жазбаша түрде бас тартуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдануға жазбаша түрде келісім берген адамдардың әке (ана) болуды даулау кезінде осы мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

Басқа әйелге эмбрионды ауыстырып салуға келісім берген адамдардың, сондай-ақ суррогат ананың ана және әке болуды даулау кезінде осы мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

52-бап. Бір-бірімен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) адамдардан туған баланың құқықтары мен міндеттері

Осы Кодекстің 47-49-баптарында көзделген тәртіппен әке болуы анықталған жағдайда, баланың бір-бірімен некеде тұратын (ерлі-зайыпты) адамдардан туған бала сияқты, ата-аналары мен олардың туыстарына қатысты сондай құқықтары мен міндеттері болады.

9-тарау. СУРРОГАТ АНА БОЛУ ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ РЕПРОДУКТИВТІК ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

54-бап. Суррогат ана болу шарты

1. Суррогат ана болу шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптары сақтала отырып, жазбаша нысанда жасалады және міндетті түрде нотариатта куәландыруға жатады.
2. Суррогат ана болу шартының жасалуы қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде туған балаға ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) ата-аналық құқықтары және міндеттерінің болуын әдейі көздейді.
3. Суррогат ана болу шартымен бір мезгілде ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) тиісті қызметтер көрсететін, қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйыммен шарт жасасады.

59-бап. Суррогат ана болу шартының немесе қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданудың құқықтық салдары

1. Ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) суррогат ана болу шарты негізінде қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде туған баланың ата-аналары болып танылады.

Мұндай әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде не суррогат ана болу шартына сәйкес екі және одан да көп бала туған жағдайда ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) әрбір туған бала үшін тең жауаптылықта болады.

2. Суррогат ана болу шартын жасасқан жұбай (тапсырыс беруші) бала туғаннан кейін туу туралы медициналық куәлікте оның анасы болып жазылады.

3. Ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) баладан бас тартуы оның туылғаны тіркеуші органда тіркелгеннен кейін белгіленген тәртіппен ресімделеді.

Қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолдануға өз келісімін берген не суррогат анамен шарт жасасқан ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) баладан бас тартқан жағдайда, суррогат анадан материалдық шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы емес.

Суррогат анамен шарт жасасқан ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) баладан бас тартқан жағдайда, ана болу құқығы өз қалауы бойынша суррогат анадан қалатын болады, ал ол бас тартқан жағдайда, бала мемлекет қамқорлығына беріледі.

Ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) баладан бас тартқан кезде және баланы суррогат ана қабылдап алған кезде бұл адамдар суррогат анаға шартта белгіленген мөлшерде және тәртіппен өтемақы төлеуге міндетті.

4. Ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған жағдайда, суррогат ана болу шарты бойынша туған бала үшін жауапкершілік ерлі-зайыптылардың екеуіне де жүктеледі.

5. Ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) біреуі қайтыс болған жағдайда суррогат ана болу шарты бойынша туған бала үшін жауапкершілік олардың көзі тірісіне жүктеледі.

6. Ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) екеуі де қайтыс болған және олардың жақын туыстары туған баланы асырап алудан бас тартқан жағдайда, бұл бала суррогат ананың тілегі бойынша - оған, ал ол бас тартқан жағдайда, мемлекет қамқорлығына берілуі мүмкін.

Қорғаншылық нысанында баланың суррогат анаға не мемлекеттік ұйымдарға берілуі оның суррогат ана болу шарты бойынша ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) мұрагері ретіндегі құқықтарын тоқтатпайды.

7. Суррогат ана болу шарты жасалғаннан кейін шартта көрсетілген мерзім ішінде қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялардың пайдаланылмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

8. Суррогат ана болу шарты жасалғаннан кейін суррогат ана табиғи түрде жүкті болған жағдайда шарт бұзылады, ол суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер жұмсаған барлық шығыстарды төлейді.

10-тарау. БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

60-бап. Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы

Өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-аналарын білуге құқығы, олардың қамқорлығында болуға құқығы, олармен бірге тұруға құқығы бар.

Баланың өз ата-анасының тәрбиесіне, өз мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, жан-жақты өсіп-жетілуіне, өзінің адами қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

Ата-аналары болмаған кезде, олар ата-ана құқықтарынан айрылған не олар шектелген кезде және ата-ана қамқоршылығынан айрылған басқа да жағдайларда осы Кодекстің 13, 15 және 18-тарауларында белгіленген тәртіппен қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланың отбасында тәрбиелену құқығын қамтамасыз етеді.

61-бап. Баланың ата-аналарымен және басқа да туыстарымен араласу құқығы

1. Баланың ата-анасының екеуімен де, аталарымен, әжелерімен, аға-інілерімен, апа-сіңлілерімен (қарындастарымен) және басқа да туыстарымен араласуға құқығы бар. Ата-аналары некесінің (ерлі-зайыптылығының) бұзылуы, оның жарамсыз деп танылуы немесе ата-аналарының бөлек тұруы баланың құқығына әсер етпеуге тиіс.

Ата-аналары бөлек тұрған жағдайда баланың олардың әрқайсысымен араласуға құқығы бар. Сондай-ақ, ата-аналары әртүрлі мемлекеттерде тұрған жағдайда, баланың олармен араласуға құқығы бар.

2. Өмірлік қиын жағдайға ұшыраған баланың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің ата-аналарымен және басқа да туыстарымен араласуға құқығы бар.

63-бап. Баланың атын, әкесінің атын және тегін алуға құқығы

1. Баланың атын, әкесінің атын және тегін алуға құқығы бар.

2. Баланың атын өзара келісім бойынша ата-аналары немесе баланың басқа да заңды өкілдері береді. Әкесінің аты ата-аналарының немесе баланың басқа да заңды өкілдерінің тілегі бойынша оның әкесі болып көрсетілген адамның аты бойынша беріледі.

Бөлек не дефис арқылы жазылған жағдайда қосарланған ат беруге рұқсат етіледі, бірақ ол екі аттан аспауға тиіс.

Әкесінің қосарланған аты болған жағдайда, әкесінің қосарланған аты бойынша, олардың біреуі бойынша не әкесінің екі аты бірге жазылып балаға әкесінің атын беруге жол беріледі.

Әкесі атын өзгерткен кезде - оның кәмелетке толмаған баласының, ал кәмелетке толған бала бұл туралы өтініш берген кезде, оның әкесінің аты өзгереді.

3. Баланың тегі ата-аналарының тегімен айқындалады. Ата-аналарының тегі әртүрлі болған кезде ата-аналарының келісімі бойынша балаға әкесінің немесе анасының тегі беріледі.

Ата-аналарының қалауы бойынша баланың тегі ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып, әкесі сияқты, анасы тарапынан да әкесінің немесе атасының аты берілуі мүмкін.

4. Ата-аналар арасында баланың атына және (немесе) тегіне қатысты туындаған келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

5. Егер әкесі анықталмаса, баланың аты анасының көрсетуі бойынша беріледі, әкесінің аты баланың әкесі ретінде жазылған адамның аты бойынша, тегі — анасының тегі бойынша немесе ұлттық дәстүрлер ескеріліп, баланың атасының аты бойынша беріледі.

6. Егер баланың ата-аналарының екеуі де белгісіз болса, баланың тегін, атын, әкесінің атын қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, медициналық немесе баланың тұрған жері бойынша оның құқығын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын басқа да ұйымдар береді.

64-бап. Баланың атын және (немесе) тегін өзгерту

1. Ата-аналарының екеуі де тегін өзгерткен кезде кәмелетке толмаған балалардың тегі өзгереді.

Бала он алты жасқа толғанға дейін ата-аналарының бірлескен өтініші бойынша тіркеуші орган баланың мүдделерін негізге ала отырып, баланың атын, сондай-ақ оған берілген текті ата-анасының екіншісінің тегіне өзгертуге рұқсат береді.

2. Неке (ерлі-зайыптылық) тоқтатылған немесе неке (ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылған жағдайда бала өзіне туған кезде берілген тегін сақтайды.

3. Егер ата-аналары некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын тіркеуші органда ресімдеместен бөлек тұрса не балаға қатысты әке болу анықталса және бала өзімен бірге тұратын ата-анасы оған өзінің тегін бергісі келсе, тіркеуші орган бұл мәселені баланың мүдделеріне қарай және нотариатта ресімделген басқа ата-ананың пікірін ескере отырып шешеді. Ата-ананың тұратын жерін анықтау мүмкін болмаған, ол ата-ана құқықтарынан айрылған не олар шектелген, әрекетке қабілетсіз деп танылған кезде, сондай-ақ ата-ана баланы күтіп-бағудан және тәрбиелеуден дәлелсіз себептермен жалтарған жағдайларда, ата-ананың пікірін ескеру міндетті емес.

4. Егер ата-аналары некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын тіркеуші органда ресімдей отырып, бөлек тұрса және бала өзімен бірге тұратын ата-анасы оған өзінің тегін бергісі келсе, тіркеуші орган бұл мәселені ата-аналарының екіншісінің пікірін ескерместен, баланың мүдделеріне орай шешеді.

5. Егер бала бір-бірімен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) адамдардан туса және әкесі заңды тәртіппен анықталмаса, тіркеуші орган баланың мүдделерін негізге ала отырып, оның тегін анасының осындай өтініш жасаған кезде болған тегіне өзгертуге рұқсат етеді.

6. Он жасқа толған баланың аты және (немесе) тегі заңды өкілдердің қатысуымен алынған оның келісімімен ғана өзгертіледі.

65-бап. Баланың ұлты

1. Баланың ұлты оның ата-аналарының ұлтымен айқындалады.

2. Егер ата-аналарының ұлты әртүрлі болса, ұлты балаға жеке куәлік немесе паспорт берілген кезде оның қалауы бойынша әкесінің немесе шешесінің қай ұлтқа жататынына сәйкес айқындалады.

3. Одан әрі баланың ұлты оның өтініші бойынша тек қана ата-аналарының екіншісінің ұлтына өзгертілуі мүмкін.

66-бап. Баланың мүлдік құқықтары

1. Баланың өзі ата-аналарынан және отбасының басқа да мүшелерінен осы Кодекстің 5-бөлімінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде күтіп-бағу қаражатын алуға құқығы бар.

2. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарының басшыларын қоспағанда, балаға алимент, жәрдемақы ретінде тиесілі сомалар баланың ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің билік етуіне түседі және олар осы сомаларды баланы күтіп-бағуға, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсайды.

2–1. Балаларды күтіп-бағуға арналған алименттерді нысаналы пайдалану және оларға өндіріп алуды қолдану мүмкіндігін болғызбау үшін алименттерді алушының немесе оның өкілінің талабы бойынша Қазақстан Республикасының

банк заңнамасында белгіленген тәртіппен алименттерді есепке жатқызу үшін банктік шот ашылады.

3. Баланың өзі алған табыстарға, өзі сыйға немесе мұрагерлік тәртіппен алған мүлікке, сондай-ақ оның өз қаражатына алынған басқа да кез келген мүлікке меншік құқығы бар.

Өз еңбегінен табыс алатын бала, егер ол ата-аналарымен бірге тұрса, отбасын күтіп-бағу жөніндегі шығыстарға қатысуға құқылы.

Баланың өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікке билік ету құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен айқындалады.

Ата-аналар баланың мүлкін басқару жөніндегі құқықтылықты жүзеге асыру кезінде оларға осы Кодекстің 128-бабында белгіленген қағидалар қолданылады.

4. Бірге тұратын бала мен ата-аналар бір-бірінің мүлкін өзара келісім бойынша иеленіп, пайдалана алады.

5. Ата-аналар мен баланың ортақ меншік құқығы туындаған жағдайда олардың ортақ мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен айқындалады.

67-бап. Баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы

1. Баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына құқығы бар. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды ата-аналары немесе баланың басқа да заңды өкілдері, ал Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, прокурор және сот, сондай-ақ ішкі істер органдары және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Кәмелетке толғанға дейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әрекетке толық қабілетті деп танылған кәмелетке толмаған баланың өз құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Баланың ата-аналар және басқа да заңды өкілдер тарапынан жасалатын қиянаттан қорғалуға құқығы бар.

Баланың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кезде, оның ішінде ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу, оған білім беру жөніндегі міндеттерін орындамаған кезде немесе тиісінше орындамаған кезде не ата-ана (қорғаншылық, қамқоршылық) құқықтарын теріс пайдаланған кезде бала - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға, ал он төрт жасқа толғанда сотқа өз құқықтарын қорғау үшін өз бетінше жүгінуге құқылы.

3. Баланың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнгендігі туралы, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы өздеріне белгілі болған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары және өзге де азаматтар бұл туралы баланың нақты тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға хабарлауға міндетті. Мұндай мәліметтер алынған кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.

11-тарау. АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

68-бап. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігі

1. Ата-аналардың өз балаларына қатысты тең құқықтары және тең міндеттері (ата-ана құқықтары) болады.

2. Осы тарауда көзделген ата-ана құқықтары балалары он сегіз жасқа (кәмелетке) толғанда, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалары некеге отырған (ерлі-зайыпты болған) кезде тоқтатылады.

69-бап. Кәмелетке толмаған ата-аналардың құқықтары

1. Кәмелетке толмаған ата-аналардың баламен бірге тұруға және оның тәрбиесіне қатысуға құқығы бар.
2. Некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған), кәмелетке толмаған ата-аналар өздерінде бала туған жағдайда және өздерінің ана және (немесе) әке болуы анықталған кезде олар он алты жасқа толған соң ата-ана құқықтарын өз бетінше жүзеге асыруға құқылы. Кәмелетке толмаған ата-аналар он алты жасқа толғанға дейін қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган балаға қорғаншы тағайындайды, ол баланың кәмелетке толмаған ата-аналарымен бірге оны тәрбиелеуді жүзеге асырады. Баланың қорғаншысы мен кәмелетке толмаған ата-аналары арасында туындаған келіспеушіліктерді кәмелетке толмаған баланың және ата-аналарының мүдделері мен құқықтарын ескере отырып, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган шешеді.
3. Кәмелетке толмаған ата-аналардың жалпы негіздерде өздерінің әке және ана болуын тануға және оған дау айтуға құқығы бар, сондай-ақ өздері он төрт жасқа толғаннан кейін сот тәртібімен өз балаларына қатысты әке болуды анықтауды талап етуге құқығы бар.

70-бап. Ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оған білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері

1. Ата-аналар өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті.
2. Ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті.

Ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар.

Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады.

3. Ата-аналар баласының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ата-аналардың бала жалпы орта білім алғанға дейін оның пікірін ескере отырып, білім беру ұйымын және баланың оқу нысанын таңдауға құқығы бар.

4. Баланың тәрбиесі мен білім алуына қатысты барлық мәселелерді баланың мүдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, өзара келісу арқылы ата-аналар шешеді. Ата-аналардың арасында келіспеушіліктер болған кезде, бұл келіспеушіліктерді шешу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

71-бап. Ата-аналардың баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтары мен міндеттері

1. Ата-аналар өз баласының заңды өкілдері болып табылады және арнайы өкілеттіктерсіз кез келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда оның құқықтары мен мүдделерін қорғайды.
2. Егер қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ата-аналар мен баланың мүдделері арасында қайшылықтар барын анықтаса, ата-аналар өз баласының мүдделерін білдіруге құқылы емес. Ата-аналар мен баланың арасында келіспеушіліктер болған жағдайда, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін өкіл тағайындауға міндетті.

Егер ата-аналар балаға қатысты ата-ана құқықтарынан айрылған не олар шектелген жағдайда, баланың мүдделерін білдіруге құқылы емес.

71-1-бап. Көпбалалы отбасыларға арналған жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер

Көпбалалы отбасыларға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер беріледі.

72-бап. Ата-ана құқықтарын баланың мүддесінде жүзеге асыру

Ата-ана құқықтары баланың мүдделеріне қайшы жүзеге асырылмауға тиіс. Баланың мүдделерін қамтамасыз ету оның ата-аналары жасайтын негізгі қамқорлықтың нысанасы болып табылады.

Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар баланың дене бітімі мен психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдері адамның қадір-қасиетін кемсітетін немқұрайлылықты, қатыгездікті, дөрекілікті, баланы қорлауды немесе қанауды болғызбауға тиіс.

73-бап. Баласынан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқықтарын жүзеге асыруы

1. Баласынан бөлек тұратын ата-ананың баласымен араласуға, оның тәрбиесі мен баланың білім алуы мәселелерін және бала үшін басқа да маңызды мәселелерді шешуге қатысуға құқығы бар.

Егер мұндай араласу баланың тән саулығы мен психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына зиян келтірмесе, баласы өзімен бірге тұратын ата-ана баланың екінші ата-анасымен араласуына кедергі жасамауға тиіс.

2. Ата-аналары бөлек тұратын кезде баланың тұрғылықты жері мен заңды мекенжайы ата-аналарының келісімімен белгіленеді.

Келісім болмаған кезде ата-аналардың арасындағы дау баланың мүдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, ата-аналардың талап етуі бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді. Бұл ретте сот баланың ата-аналардың әрқайсысына, аға-інілеріне және апа-сіңлілеріне (қарындастарына) үйірлігін, баланың жасын, ата-аналардың адамгершілік және өзге де жеке қасиеттерін, ата-аналардың әрқайсысы мен баланың арасындағы қарым-қатынастарды, баланың дамуы және тәрбиесі үшін жағдайлар жасау мүмкіндігін (ата-аналар қызметінің түрін, жұмысының режимін, ата-аналардың материалдық және отбасылық жағдайын және басқа да осындай жағдайларды) ескереді.

3. Ата-аналар баладан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы жазбаша нысанда келісім жасасуға құқылы.

Егер ата-аналар келісімге келе алмаса — дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда — дау осы органның және баланың ата-аналарының қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді.

4. Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы сот шешімі орындалмаған жағдайда, кінәлі ата-ана Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

Сот шешімі қасақана орындалмаған кезде баласынан бөлек тұратын ата-ананың талап етуі бойынша сот баланың мүдделерін негізге алып және баланың пікірін ескере отырып, баланы оған беру туралы шешім шығара алады.

5. Баласынан бөлек тұратын ата-ананың білім беру ұйымдарынан, медициналық және басқа да ұйымдардан өз баласы туралы ақпарат алуға құқығы бар.

Ата-ана тарапынан баланың өмірі мен денсаулығына қатер болған жағдайда ғана ақпарат беруден бас тартылуы мүмкін. Ақпарат беруден бас тартуға сот тәртібімен дау айтылуы мүмкін.

74-бап. Ата-аналардың баланы басқа адамдардан талап ету құқығы

1. Ата-аналар баланы заңның немесе сот шешімінің негізінсіз өз қолында ұстап отырған кез келген адамнан оны қайтаруды талап етуге құқылы. Дау туындаған жағдайда ата-аналар өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Бұл талаптарды қарау кезінде сот, егер баланы ата-аналарына беру баланың мүдделеріне сай келмейді деген қорытындыға келсе, баланың пікірін ескере

отырып, ата-аналардың талап-арызын қанағаттандырудан бас тартуға құқылы.

2. Егер сот ата-аналары да, бала қолында отырған адамның да оның тиісті түрде тәрбиесін және дамуын қамтамасыз етуге жағдайы келмейтінін анықтаса, сот баланы қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқорлығына береді.

12-тарау. АТА-АНА ҚҰҚЫҚТАРЫНАН АЙЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕКТЕУ

75-бап. Ата-ана құқықтарынан айыру

1. Егер ата-аналар:

1) ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса;

2) өз баласын перзентханадан (оның бөлімшесінен), жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарынан және өзге де ұйымдардан алудан дәлелсіз себептермен бас тартса;

3) өздерінің ата-ана құқықтарын теріс пайдаланса;

4) балаға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде оған күш қолданса немесе психикасына зорлық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаса;

5) құмар ойындарға, бәс тігуге, спирттік ішімдіктерге немесе есірткі, психотроптық заттарға және (немесе) сол тектестерге салынса, олар ата-ана құқықтарынан айырылады.

2. Ата-аналар өз баласының, жұбайының не отбасының басқа да мүшелерінің өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде ата-ана құқықтарынан айырылады.

76-бап. Ата-ана құқықтарынан айыру тәртібі

1. Ата-ана құқықтарынан айыру сот тәртібімен жүргізіледі.

Ата-ана құқықтарынан айыру туралы істер ата-аналардың біреуінің немесе баланың басқа да заңды өкілдерінің, кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктелген органдардың немесе ұйымдардың өтініштері, сондай-ақ прокурордың талабы бойынша қаралады.

2. Ата-ана құқықтарынан айыру туралы істер прокурордың және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қатысуымен қаралады.

3. Ата-ана құқықтарынан айыру туралы істі қарау кезінде сот ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардан алимент өндіріп алу туралы мәселені шешеді.

4. Егер сот ата-ана құқықтарынан айыру туралы істі қарау кезінде ата-аналардың іс-әрекетінен қылмыстық жазаланатын әрекет белгілерін байқаса, ол мұны жеке қаулымен прокурордың назарына жеткізуге міндетті.

5. Ата-ана құқықтарынан айыру туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сот бұл шешімнің үзінді көшірмесін баланың тууын мемлекеттік тіркеу орыны бойынша тіркеуші органға және баланың тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жіберуге міндетті.

77-бап. Ата-ана құқықтарынан айырудың салдары

1. Ата-ана құқықтарынан айыру баламен туыстық фактісіне негізделген барлық құқықтардан, оның ішінде одан күтіп-бағу қаражатын алу, сондай-ақ балалары бар азаматтар үшін белгіленген жеңілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақыны алу құқықтарынан айрылуға әкеп соғады.

2. Ата-ана құқықтарынан айыру ата-аналарды өз баласын күтіп-бағу міндетінен босатпайды, бұл міндет оны асырап алуға байланысты тоқтатылады.

3. Бала мен ата-ана құқықтарынан айырылған ата-ананың одан әрі бірге тұруы туралы мәселе сот тәртібімен шешіледі.

4. Ата-анасы ата-ана құқықтарынан айырылған бала тұрғын жайға меншік құқығын немесе тұрғын жайды пайдалану құқығын, сондай-ақ ата-аналарымен және басқа да туыстарымен туыстық фактісіне негізделген мүліктік құқықтарын, оның ішінде мұра алу құқығын сақтайды.

5. Баланы басқа ата-анаға беру мүмкін болмаған кезде немесе ата-аналарының екеуі де ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда, бала қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқоршылығына беріледі.

6. Егер бұл балаға теріс әсер етпесе, ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың өтініші бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баламен жолығуға рұқсат етеді.

7. Ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда бала асырап алуға соттың ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап алты ай өткен соң жол беріледі.

Ата-аналарының біреуі ата-ана құқықтарынан айырылған баланы асырап алуға екінші ата-анасының келісімімен жол беріледі.

78-бап. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру

1. Егер ата-аналар мінез-құлқын, тұрмыс салтын және бала тәрбиесіне көзқарасын өзгерткен болса, сот олардың ата-ана құқықтарын қалпына келтіруі мүмкін.

2. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру ата-ана құқықтарынан айырылған ата-ананың өтініші бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы істер ата-ананың, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қатысуымен қаралады.

3. Егер ата-ана құқықтарын қалпына келтіру баланың мүдделеріне қайшы болса, сот баланың пікірін ескере отырып, ата-аналардың ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартуға құқылы.

Он жасқа толған балаға қатысты ата-ана құқықтары оның келісімімен ғана қалпына келтірілуі мүмкін.

Егер бала асырап алынса және асырап алудың күші жойылмаса, ата-ана құқықтарын қалпына келтіруге жол берілмейді.

79-бап. Ата-ана құқықтарын шектеу

1. Сот баланың мүддесін ескере отырып, баланы ата-аналардан оларды ата-ана құқықтарынан айырмай алу жолымен ата-ана құқықтарын шектеу туралы шешім шығаруы мүмкін.

Ата-аналары немесе олардың біреуі ата-ана құқықтарынан айырылған немесе шектелген баланы баланың тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган орналастырады.

2. Егер баланың ата-аналарымен қалуы:

1) ата-аналарға байланысты емес мән-жайлар (психикасының бұзылуы немесе өзге де созылмалы ауруы, ауыр мән-жайларға душар болуы) бойынша;

2) ата-аналардың мінез-құлқының салдарынан, бірақ бұл ретте ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру үшін жеткілікті негіздер анықталмай, ол үшін қауіпті болса, ата-ана құқықтарын шектеуге жол беріледі.

Егер ата-аналар өз мінез-құлқын өзгертпесе, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ата-ана құқықтарын шектеу туралы сот шешімі шыққаннан кейін алты ай өткен соң оларды ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап-арыз беруге міндетті.

3. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы талапты баланың жақын туыстары және баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ прокурор береді.

4. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы істер қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің міндетті түрде

қатысуымен қаралады.

5. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы істер қаралған кезде сот ата-аналардан балаға алимент өндіріп алу туралы мәселені шешуге құқылы.

80-бап. Ата-ана құқықтарын шектеудің салдары

1. Сот ата-ана құқықтарын шектеген ата-аналар баланы жеке өзі тәрбиелеу құқығынан айрылады, ал осы Кодекстің 79-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда, балалары бар азаматтар үшін белгіленген жеңілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақы алу құқығынан да айрылады.
2. Ата-ана құқықтарын шектеу ата-аналарды баланы күтіп-бағу жөніндегі міндеттерден босатпайды.
3. Өзіне қатысты ата-аналарының ата-ана құқықтары шектелген бала тұрғын жайға меншік құқығын немесе тұрғын жайды пайдалану құқығын сақтайды, сондай-ақ ата-аналарымен және басқа да туыстарымен туыстық фактісіне негізделген мүліктік құқықтарын, оның ішінде мұра алу құқығын сақтайды.
4. Ата-аналарының екеуінің де ата-ана құқықтары шектелген жағдайда бала қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқорлығына беріледі.
5. Егер бұл балаға теріс әсер етпесе, сот ата-ана құқықтарын шектеген ата-аналарға баламен қатынасуға рұқсат етеді. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның не қорғаншысының немесе қамқоршысының, баланың патронат тәрбиешілерінің немесе бала тұрып жатқан ұйым әкімшілігінің келісімімен ата-аналардың баламен қатынасуына жол беріледі.

81-бап. Ата-ана құқықтарын шектеу салдарының күшін жою

1. Егер ата-аналардың ата-ана құқықтары шектелген негіздер жойылса, сот ата-аналардың талабы бойынша баланы ата-аналарына қайтарып беру туралы және осы Кодекстің 80-бабында көзделген шектеулер салдарының күшін жою туралы шешім шығарады.
2. Егер баланы ата-аналарына қайтарып беру оның мүдделеріне қайшы келсе, сот баланың пікірін ескере отырып, талапты қанағаттандырудан бас тартуға құқылы.

82-бап. Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген жағдайда баланы айырып алу

1. Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланы ата-аналардан немесе оны қамқоршылыққа алған басқа да адамдардан дереу айырып алуға құқылы.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган сот шешімі қабылданғанға дейін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының актісі негізінде баланы дереу айырып алады.

2. Баланы айырып алу кезінде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган кешіктірмей прокурорға хабарлауға, баланы уақытша орналастыруды қамтамасыз етуге және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы баланы айырып алу туралы актіні шығарғаннан кейін жеті күн ішінде ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе оларды шектеу туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге міндетті.

83-бап. Баланы айырып алуға байланысты істер бойынша сот шешімдерін орындау

1. Баланы ата-аналарынан айырып алуға және оны басқа адамға (адамдарға) беруге байланысты сот шешімдері қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің және бала берілетін адамның (адамдардың) міндетті түрде қатысуымен, ал қажет болған жағдайларда ішкі істер органдары өкілінің қатысуымен мәжбүрлі түрде орындалатын болады.

2. Баланы оның мүдделеріне нұқсан келтірмей ата-аналарынан айырып алу және оны басқа адамға (адамдарға) беру туралы сот шешімін орындау мүмкін болмаған кезде, бала соттың ұйғарымы бойынша баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда уақытша орналастырылуы мүмкін.

5-БӨЛІМ. ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ АЛИМЕНТТІК ҚАТЫНАСТАРЫ

19-тарау. АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ АЛИМЕНТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

138-бап. Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағу жөніндегі міндеттері

1. Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын кәмелетке толған балаларын күтіп-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасасуға құқылы.

2. Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады.

3. Ата-аналардың алимент төлеу туралы келісімі болмаған кезде, кәмелетке толмаған балаларға күтіп-бағу қаражаты берілмеген кезде және сотқа талап-арыз берілмеген кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алимент өндіріп алу туралы талап-арыз беруге құқылы.

139-бап. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері

1. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға — ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің - төрттен бір бөлігін; екі балаға — үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады.

2. Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

140-бап. Кәмелетке толмаған балаларға алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кірістің түрлері

Ата-ананың алатын және алимент ұсталатын жалақысы және (немесе) өзге де кірісі түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

141-бап. Тұрақты ақша сомасында балаларға алимент өндіріп алу

1. Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларына алимент төлеу туралы келісімі болмаған кезде және ата-ананың табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлестік қатынаста алимент өндіріп алу мүмкін болмаған, қиындық тудырған немесе тараптардың бірінің мүдделерін елеулі түрде бұзатын жағдайларда, сот тұрақты ақша сомасында немесе бір мезгілде үлеспен және тұрақты ақша сомасында ай сайын өндіріп алынатын алимент мөлшерін айқындауға құқылы.

Мұндай жағдайларға тұрақты емес, өзгермелі табысы және (немесе) өзге де кірісі бар не, егер ата-ана табысын және (немесе) өзге де кірісін толығымен немесе ішінара заттай алатын ата-аналардан алимент өндіріп алу жатады.

2. Күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі балаларға күтіп-бағу қаражатын өндіріп алу алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот тәртібімен тұрақты ақша сомасында жүргізіледі.

3. Тұрақты ақша сомасының мөлшерін сот тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен басқа да назар аударарлық мән-жайларды ескере отырып, баланың бұрынғы қамтамасыз етілу деңгейін мүмкіндігінше сақтайтын көлемдегі айлық есептік көрсеткіш мөлшерін негізге алып айқындайды.

4. Егер ата-аналардың әрқайсысының қолында балалар қалатын болса, алименттің мөлшері оның біреуінен аз қамтылған екіншісінің пайдасына осы баптың 3-тармағына сәйкес ай сайын өндіріп алынатын және сот айқындайтын тұрақты ақша сомасында белгіленеді.

143-бап. Еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балалардың алимент алуға құқығы

1. Еңбекке жарамды ата-аналар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларын күтіп-бағуға міндетті.

2. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға алимент мөлшерін сот алимент төлеу кезіндегі қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында, тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен басқа да назар аударарлық мүдделерін негізге ала отырып, айқындайды.

144-бап. Ата-аналардың балаларды күтіп-бағуға арналған қосымша шығыстарға қатысуы

1. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде және ерекше жағдайлар (кәмелетке толмаған балалардың немесе көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балалардың ауыр науқастануы, мертігуі, оларға бөгде адамның бағып-күтуіне ақы төлеу қажеттігі және басқа да мән-жайлар) болған кезде сот осы мән-жайлардан туындаған қосымша шығыстарды көтеруге қатысуға ата-аналардың әрқайсысын тартуы мүмкін.

2. Егер ата-аналардың қосымша шығыстарды көтеруге қатыстырылу тәртібі және осы шығыстардың мөлшері екіжақты келісім бойынша айқындалмаса, онда сот ата-аналардың, басқа да балалардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен тараптардың назар аударарлық мүдделерін негізге ала отырып, ай сайын төленуге тиісті алиментті төлеу кезіндегі айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында белгілейді.

3. Сот ата-аналарды нақты шеккен қосымша шығыстарды өтеуге де, балаларды күтіп-бағуға болашақта жасалуға тиіс қосымша шығыстарды өтеуге де қатысуын міндеттеуге құқылы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы отбасы мен неке (Семья и брак у казахов). — Алматы, 1973.
- Акажанова А.Т. Становление и развитие возрастной и педагогической психологии в Казахстане: Автореф. дис. канд. психол. наук. — Алма-Ата, 1989. — 23 с.
- Байжанова Ж. Семья бақыты. Алматы: Қайнар. 1990. — 432 с.
- Жакипова А.И. Развитие семейно-брачных отношений в Казахстане. Алма-Ата, 1971. — 67 с.
- Кабакова М.П. Психология семьи и брака. Учебное пособие. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 211 с.
- Кабакова М.П. Психологические аспекты стабилизации супружеских отношений. Монография. — Алматы: Қазақ университеті, 2015. — 190 с.
- Жасқайрат М. Семейно-брачные отношения в адатном (обычном) праве казахов. Материалы междунар. науч.-практ. конф. Мир семьи и детства в Азиатско-Тихоокеанском регионе в условиях глобализации (3 июня 2014, Улан-Удэ).
- Кабакова М.П. Психологические особенности казахской семьи. — Алматы: Қазақ университеті, 2018. — 286 с.
- Муканова М.Ж. Понятие и правовая природа брака. Естественное право и национальное законодательство: Материалы респуб. научно-практ. конф. КарГУ. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2003. — С. 161–169.
- Муканова М.Ж. Социально-правовое значение семьи. Вестник КарГУ. Серия ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ, ПРАВО. — 2007. № 1 (45). С. 213–217.
- Муканова М.Ж. Развитие семейного права. Учебное пособие. Республики Казахстан. Караганда: Изд-во «Арқо», 2010 — 196 с.
- Кежеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Традиции и обряды казахского народа. — Алматы, 2012. — 312 с.
- Алчинбаев М.К., Арынгазина А.М., Мухамеджан И.Т. Научный центр урологии им. Б.У. Джарбусынова, г. Алматы. Мужское здоровье в Республике Казахстан
- Советы будущей маме: беременность и роды. ЮНФПА, 2020
- Советы маме новорожденного после выписки из роддома. ЮНФПА, 2020.
- Поколение и гендер, Министерство национальной экономики Республики Казахстан Комитет по статистике при поддержке ЮНФПА, 2020.
- Социологическое исследование репродуктивного здоровья подростков 15–19 лет, Министерство здравоохранения РК при поддержке ЮНФПА, 2018.
- Насилие в отношении женщин, Всемирная организация здравоохранения, 2017.
- Андреева Т.В. Психология семьи. — СПб. : Речь, 2007. — 384 с
- Протопопов С.С. Отцовство как феномен традиционной культуры якутов.
- Гатаева Б.Т. Традиционная культура повседневности карачаевцев.
- Кон И.С. Отцовство как компонент мужской идентичности. Материал к размышлению.
- Сажина Л.Ф. Феномен «отцовства» как компонент мужской идентичности и «социальное изобретение» (по материалам работ М. Мид и И. Кона).
- Чернова Ж. Модель «советского» отцовства: дискурсивные предписания // Российский гендерный порядок: Социологический подход /Под ред. Е. Здравомысловой, А. Темкиной. — СПб.: Изд-во Европ. ун-та в Санкт-Петербурге, 2007. С. 138–168.
- Кон И.С. Мужчина в меняющемся мире. М.: Время, 2009. — 496 с.
- Клецина И.С. От традиционного типа отцовства к вовлечённым отцам. Ответственное отцовство: Новые формы социальной работы. Методическое пособие. — СПб. 2010. — 98 с.
- Гурко Т.А. Брак и родительство в России. М.: Ин-т социологии РАН, 2008. — 325 с.
- Священник А. Сирин. Роль отца в православной семье.
- Мохаммед Эльшинави. Чем важна роль отца? Источник: Muslim Matters
- Бэндлер Р., Гриндер Дж., Сатир В. Семейная терапия. — М.: Институт Общегуманитарных исследований, 1999. — 160 с.
- Варга А.Я. Системная семейная терапия. Краткий лекционный курс. — СПб.: Речь, 2001.
- Вебер Г. Кризисы любви: Системная психотерапия Берта Хеллингера. — М.: Изд-во Института Психотерапии, 2001. — 304 с.
- Витакер К. Полуночные размышления семейного терапевта. — М., 1998., 208 с.
- Витакер К., Бамберри В. Танцы с семьей. Семейная терапия: символический подход, основанный на личном опыте. /Перев. с англ. А.З. Шапиро. — М.: Независимая фирма «Класс» (Библиотека психологии и психотерапии).
- Зинкер Дж. В поисках хорошей формы: Гештальт-терапия с супружескими парами и семьями. — М.: Класс, 2000. — 320 с.
- Маданес Клу. Стратегическая семейная терапия. — М.: Класс, 1999.
- Минухин С., Фишман Ч. Техники семейной терапии. — М.: Класс, 1998.
- Пезешкиан Н. Позитивная семейная психотерапия: семья как психотерапевт.

Пэпп П. Семейная терапия и ее парадоксы. — М.: Класс, 1998.

Ричардсон Р. Сила семейных уз. Руководство по психотерапии в помощь семье. — СПб.: Акцидент, Ленато, 1994.

Скиннер Р., Клииз Дж. Семья и как в ней уцелеть. — М.: Класс, 1995.

Ценности казахстанского общества в социологическом измерении. Алматы:

Издательство TOO DELUXE Printery, 2019. — 140 с.

Демчук Н.А. Формирование психологической готовности юношей к отцовству. Отцовство как социокультурный феномен. Портал studbooks.net.

Токарева Ю.А. Эффективное отцовство: возможности и ресурсы формирования. Портал psy.ru

Клецина И.С. От традиционного типа отцовства к вовлечённым отцам. Ответственное отцовство: Новые формы социальной работы. Методическое пособие. — СПб. 2010. — 98 с.

Кон И.С. Материнство и отцовство в историко-этнографической перспективе [Текст] /И.С. Кон // Советская этнография, 1987. — № 6. — С. 26–33.

Программа «П». Пособие по привлечению мужчин к активному отцовству, заботе о семье и охране здоровья матери и ребёнка. — Москва, 2017. — 212 с.

Кон И.С. Гегемонная маскулинность как фактор мужского (не) здоровья // Социология: Теория, методы, маркетинг: Науч.-теоретич. журн., 2008. —№ 4. — С. 5–16.

Караушев А.Ю. Проблема репродуктивного здоровья мужчин в контексте современной демографической ситуации. Портал cyberleninka.ru.

KAZ Population Situation Analysis_Final version

29.08.19 Репродуктивное здоровье мужчин

Дорошина И.Г. Психологические особенности отношений супругов, ожидающих появления ребёнка. Портал cyberleninka.ru.

Теперь нас трое: как сохранить семью после рождения ребёнка. Портал psychologies.ru.

«Ерлерге арналған нұсқаулық. Саналы әке және күйеу болу» белгілі дәрежеде айырықша кітап дер едім. Мұнда ғылымның түрлі саласында әлі назар аударылмаған әке феномені ұсынылған. Кітап әдістемелік құрал ретінде түйінделген. Сондықтан әке рөлін жан-жақты қарастырып, кітап арқылы алған білімін жеке өмірінде немесе практикалық қызметінде пайдаланғысы келетін оқырмандар үшін пайдалы болатыны сөзсіз. Әсіресе кітап авторларының менторлық қарым-қатынастан аулақ болғанын ерекше атап көрсетуге болады. Авторлар оқырманды әке болуды және бала тәрбиелеу тәжірибесін, отбасындағы қарым-қатынасты реттеуді, даму әдісін таңдаудағы ұстанымын қайта қарастыруға шақырады.

Қайрат Айдарбеков, психолог-кеңесші, коуч

Оқырман бақытты отбасылық өмірдің негізгі шарты саналатын ата-ана, әке болу рөлін ұғынуға жәрдемдесетін деректермен танысады. Неке, бала, отбасылық міндеттер, тәрбие беру стилі, достармен қарым-қатынас орнату және отбасын құру, дүниеге бала әкелуге дайындық, отбасылық құндылық туралы жеке пікірін оқырман кітаптағы тұжырымды ойлармен салыстыра алады.

Айжан Изакова, Еуразия гуманитарлық институтының профессоры



